# 2006 жылға арналған республикалық бюджеттік бағдарламалардың паспорттарын бекіту туралы (Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі)

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 12 желтоқсандағы N 1235 Қаулысы ( үзінді)

Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 24 сәуірдегі Бюджет кодексіне сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Мыналардың:

86, 87, 88, 89, 90, 91, 92, 93, 94, 95, 96, 97, 98, 99, 100 , 101 , 102 , 103 , 104 , 105 , 106 , 107 , 108 , 109 , 110 , 111 , 112 , 113 , 114 , 115 , 116 , 117 , 118 , 119 , 120 , 121 , 122 , 123 , 124 , 125 , 126 , 127 , 127-1 , 128 -қосымшаларға сәйкес Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің;

2. Осы қаулы 2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2005 жылғы 12 желтоқсандағы
N 1235 қаулысына
86-ҚОСЫМША

**212 - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі**

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2006 жылға арналған "Агроөнеркәсіптік кешен, орман және су шаруашылығы саласындағы уәкілетті органның қызметін қамтамасыз ету" деген 001 республикалық бюджеттік бағдарламаның

**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 5889291 мың теңге (бес миллиард сегіз жүз сексен тоғыз миллион екі жүз тоқсан бір мың теңге).

*Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2006.07.31.* N 470б *қаулысымен.*

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : "Қызметтік телефондар және мемлекеттік органдардың аппараттарын орналастыруға арналған алаңдардың нормалары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 3 қазандағы N 1217 қаулысы ; "Бюджет қаражатынан қаржыландырылатын ұйымдар бойынша электр энергиясын, жылуды, ыстық және суық суды және басқа да коммуналдық қызмет көрсетулерді тұтынудың нормативтері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің

1998 жылғы 2 қарашадағы N 1118 қаулысы ; "Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарына көлік қызметін көрсету үшін қызметтік жеңіл автомобильдерді пайдалануды ретке келтіру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 мамырдағы N 663 қаулысы ; "Мемлекеттік бюджеттің есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелер қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының шегіндегі қызметтік іссапарлары туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 22 қыркүйектегі N 1428 қаулысы ; 2005 жылғы 6 сәуірдегі N 310 "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы; "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің ақпараттық-маркетингтік жүйесін қалыптастыру мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 30 қазандағы N 1627 қаулысы ; "Қазақстан Республикасының балық шаруашылығын дамытудың 2004-2006 жылдарға арналған бағдарламасы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 29 желтоқсандағы N 1344 қаулысы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты .

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : шаруашылық, балық және су шаруашылығы , өсімдік және жануарлар дүниесін қорғау, өсуін молайту және пайдалану, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар және ауылдық аумақтарды дамыту мәселелері, егіншілік, тұқым шаруашылығы және астық рыногын реттеу, өсімдіктерді қорғау және карантин, ветеринария, сусындарды (алкогольды өнім мен этил спиртінен басқа), терілерді (илеу және әрлеу), мақта талшығы мен жүнді қайта өңдеуді қоса тамақ өнімдерін өндіру бөлігіндегі өндіруші өнеркәсіптер, ауыл шаруашылығы машиналарын жасау (іріден басқа), агроөнеркәсіптік кешенін техникалық жарақтандыру, мал шаруашылығы, мелиорация, жер суландыру және дренаж, ауыл шаруашылығы ғылыми салаларында мемлекеттің аграрлық және өңірлік саясатын, стратегиялық жоспарларын, мемлекеттік және өзге де бағдарламалар мен жобаларды жасау және іске асыру.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіппен нормативті құқықтық актілерді, нормативтік және әдістемелік құжаттарды, реттелетін сала мәселелері жөніндегі құжаттамалардың нысанын әзірлеу, бекіту және келісу; министрліктің қызметкерлерінің біліктілігін арттыруды ұйымдастыру; бәсекеге қабілетті ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді құрудың негізін жасау; Қазақстан Республикасында азық-түліктік қауіпсіздікті және жұмылдыру дайындығын қамтамасыз ету; реттелетін салада мемлекеттік бақылауды, қадағалауды және басқаруды қамтамасыз ету; агроөнеркәсіптік кешенін ақпаратты-кеңесті қамтамасыз ету .

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N п/п | Бағ- дар- | Кіші бағ- | Кіші бағдарла- | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | лама коды | дар-лама коды | малардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындау-шылар |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 001 | | Агроөнер-кәсіптік кешен, орман және су шаруашы-лығы саласын-дағы уәкілетті органның қызметін қамта-масыз ету | | | |
| 2 | | 001 | Орталық органның аппараты | 400 бірлік штат санының бекітілген лимитіне сәйкес Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің орталық аппаратын ұстау және қызметін қамтамасыз ету; іске асыру мерзімі: қаңтар-желтоқсан. Тауарларды, жұмыстар-ды және қызметтерді сатып алу бойынша конкурстар өткізу; іске асыру мерзімі: қаңтар-желтоқсан. Министрліктің басқару құрамына көліктік қызмет көрсету үшін автокөлікті жалдау, байланыс қызметтері, энергиямен қамтамасыз ету, жылу, басқа да тауарларды алу, әкімшілік ғимаратты ұстау және қызмет көрсету, автокөлік құралдары бойынша, орталық аппарат, балық, орман және аңшылық, су шаруашылы-ғы комитеттері үшін бланк өнімдерін дайындау бойынша келісім-шарттарға отыру және қызметтерді | Қаңтар-желтоқ-сан | Қазақстан Республи-касы Ауыл шаруашы- |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | төлеу; іске асыру мерзімі: қаңтар-желтоқсан. Ветеринария саласында нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу; Эпизоотикалық мониторингті, диагноз қоюды және ветеринариялық іс-шараларды ұйымдастыруды жүргізу; іске асыру мерзімі: қаңтар-желтоқсан. Карантинге жатқызылған өнімге импорттық карантиндік рұқсаттар беру; Өсімдіктерді қорғау және карантин саласында мониторингті жүргізу және бақылау; іске асыру мерзімі: қаңтар-желтоқсан. Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіппен олардың реттелетін сала мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтауын тексеру мақсатында бақылау объекттеріне бару; іске асыру мерзімі: қаңтар-желтоқсан. Ведомстволық бағынысты мекемелер мен ұйымдарды бақылауды жүзеге асыру; іске асыру мерзімі: қаңтар-желтоқсан. | | лығы министр-лігі |
| 3 | | 002 | Аумақтық орган-дардың аппа-раттары | 7685 бірлік штат санының бекітілген лимитіне қарай Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің аумақтың органдарын ұстау; іске асыру мерзімі: қаңтар-желтоқсан. Аумақтық органдарға жүктелген функцияларды орындау мақсатында үздіксіз жұмыс істеуді | қаңтар-желтоқ-сан | ҚазақстанРеспубли-касы Ауыл шаруашы-лығы министр-лігі |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | қамтамасыз ету үшін бекітілген нормативтік тиістілікке сәйкес саны 1250 бірлік көлікті ұстау, оның ішінде саны 695 бірлік арнайы автокөлік, саны 247 бірлік қызметтік автокөлік, саны 308 бірлік теңіз, өзен, кіші өлшемді су көліктері; іске асыру мерзімі: қаңтар-желтоқсан.<br>Саны 347 бірлік көшіру құралдарын, саны 317 бірлік факсты жөндеу және техникалық қызмет көрсету;<br>іске асыру мерзімі: қаңтар-желтоқсан.<br>Аудан көлемінде орналасқан заңды және жеке тұлғалардағы астықтың барлығы және қозғалысы жөніндегі бланк өнімдерін дайындау жөніндегі қызметті төлеу;<br>іске асыру мерзімі: қаңтар-желтоқсан.<br>Өсімдіктерді қорғау және карантин бойынша мемлекеттік фитосанитариялық бақылауды жүзеге асыру; іске асыру мерзімі: қаңтар-желтоқсан.<br>Мемлекеттік ветеринариялық бақылауды жүзеге асыру; іске асыру мерзімі: қаңтар-желтоқсан.<br>Мемлекеттік тіркеуді, тракторларды техникалық тексеруді, емтихандарды қабылдауды және тракторларды басқару құқығына куәлік беруді жүргізу және т.б. іске асыру мерзімі: қаңтар-желтоқсан.<br>Он тақырып бойынша мемлекеттік қызметкерлердің біліктілігін арттыру. | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | Аумақтық органдардың штат санын жергілікті атқарушы органдарға беру нәтижесінде пайда болған ағымдағы жылдың еңбекақы мен шығу жәрдемақысын төлеу жөнінде аумақтық бөлімшелердің қызметкерлері алдындағы кредиторлық берешекті өтеу ; іске асыру мерзімі: шілде-желтоқсан. | | |
| 4 | | 007 | Мемле-кеттік қызмет-шілердің білік-тілігін арттыру | Он тақырып бойынша мемлекеттік қызметкерлердің біліктілігін арттыру жөніндегі қызметті сатып алу:<br>1) өсімдіктерді қорғау және карантин;<br>2) ветеринария;<br>3) техникалық инспекция;<br>4) тұқымдық және астық инспекциялау;<br>5) асыл тұқымды іс;<br>6) балық шаруашылығы;<br>7) орман шаруашылығы;<br>8) су шаруашылығы;<br>9) ауыл шаруашылығына ақпаратты-маркетингтік қызмет көрсету;<br>10) Қазақстан Республикасының заңнамасын, мемлекеттік басқару негізін қолдану;<br>іске асыру мерзімі: ақпан-қараша.<br>Мемлекет және ағылшын тілдерін оқыту;<br>іске асыру мерзімі: ақпан-қараша. | қаңтар-желтоқ-сан | ҚазақстанРеспубли-касы Ауыл шаруашы-лығы министр-лігі |
| 5 | | 008 | Мемле-кеттік орган-дардың ғимарат-тарын, үй-жай-лары мен құрылыс-тарын күрделі жөндеу | Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылығы министрлігінің Қызылорда облыстық аумақтық басқармасының ғимараты мен құрылысын күрделі жөндеуін жүргізу;<br>іске асыру мерзімі: наурыз-желтоқсан. | қаңтар-желтоқ-сан | ҚазақстанРеспубли-касы Ауыл шаруашы-лығы министр-лігі |
| 6 | | 009 | Мемле-кеттік орган-дарды | Орталық аппарат үшін сатып алу:<br>басшыға арналған кресло, шаңсорғыштар, | қаңтар-желтоқ-сан | ҚазақстанРеспубли-касы Ауыл шаруашы- |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | матери- алдық- техни- калық жарақ- тандыру | ауа баптағыштар, түрлі-түсті басу барабаны, кеңселік жиһаз; іске асыру мерзімі: ақпан-маусым. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министр- лігінің аумақтық басқармаларына ары қарай бөлу үшін: көшіру аппаратын, "Жаңа кеңсе" жиынтығын, мәжіліс үстелін сатып алу; іске асыру мерзімі: ақпан-маусым. Орман және аңшылық шаруашылығы комитеті- нің аумақтық басқарма- ларына ары қарай бөлу үшін: түнгі көру құралдары, спутниктік навигатор, қару, мотоциклдер, сейфтер; іске асыру мерзімі: ақпан-қыркүйек. Балық шаруашылығы комитетінің аумақтық басқармаларына ары қарай бөлу үшін: қайық моторлары, қайық, түнгі көру құралы, телефон аппараты, жиһаз жиынтығы, радиостанция, қарда жүргіш, тіркеме, айрошана, таныстыру құралы, дыбыс күшейткіш байланыс орнату, Море класын- дағы катер, зертханалық құрал- жабдық, дүрбі, арнайы фонарьлар, факс сатып алу; іске асыру мерзімі: ақпан-желтоқсан. Су шаруашылығы комитетінің аумақтық басқармаларына ары қарай бөлу үшін: жұмыс станцияларын, түптеу аппаратын, сейфтер, ламинатор, факс, тоңазытқыштар сатып алу. Ауыл шаруашылығы министрлігі | | лығы | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | аумақтық басқармаларының өсімдіктер карантині жөніндегі шекара бекеттері үшін мыналарды: компьютерлер, принтерлер, ксерокстер, телефондар, факстар, тұрмыстық тоңазытқыштар, бинокулярлар, қондырғысы бар фотоаппараттар, биологиялық стереоскопиялық микроскоптар, арнайы автокөлік, офистік жиһаз ( жиынтық), оптикалық аспаптар сатып алу. Іске асыру мерзімі: шілде-желтоқсан. | | министр-лігі |
| 7 | | 017 | Ақпа-раттық жүйелер-дің жұмыс істеуін қамтама-сыз ету және мемле-кеттік орган-дарды ақпа-раттық-техни-калық қамта-масыз ету | Шығын материалдарын сатып алу. Интернетке ену қызметі. Есептеу техникаларына жүйелі-техникалық қызмет көрсету. Ақпарат жүйесін және локальдық міндеттерді қолдау. Лицензияланған бағдарламалық өнімдерді сатып алу және орнату. Локальды-есептеу желісіне жүйелі қызмет көрсету. | қаңтар-желтоқ-сан | ҚазақстанРеспубли-касы Ауыл шаруашы-лығы министр-лігі |

*Ескерту. 6-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.07.31.* N 470б *қаулысымен.*

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** : Тікелей нәтижелері:
- әр мемлекеттік қызметкерлерді 100%-ға жұмыс орнымен қамтамасыз ету, ақпараттық-техникалық және материалдық базамен жабдықтау;
- 4 нормативтік-құқықтық актілерін ветеринария саласында 8 нормативтік-құқықтық актілерін әзірлеу;
- 3 бірлік авто көлік құралдарын жалдау;
- ветеринария саласында 23 миллион бас жануарларға диагностикалық зерттеулер жүргізу;
- ведомстволық бағынысты мекемелер мен ұйымдарда ішкі бақылауды жүзеге асыру: ветеринария, өсімдіктерді қорғау және карантин салаларында тоқсанда бір рет, қаржылық бөлік бойынша 60 тексеріс;
- мемлекеттік қызметкерлерді кәсіби деңгейді көтеру курстарында оқыту - 399 адам, оның ішінде аумақтық органдар - 359 адам, 334 адам санында мемлекеттік тілге үйрету, оның ішінде аумақтық органдар - 264 адам, ағылшын тіліне 50 адам. Біліктілікті арттыру курстарын өтетін мемлекеттік қызметкерлердің саны 783 бірлік

- мемлекеттік қызметкерлердің кәсіби деңгейін 5% көтеру қажеттілігін қамтамасыз ету, мемлекеттік тілге үйрету - 4%, мемлекеттік қызметкерлерді ағылшын тіліне оқыту - 0,6%;
- орталық аппаратты, аумақтық органдардың аппараттарын, балық, орман және аң, су шаруашылықтары комитеттерін материалдық-техникалық жарақтандыру (түрлі-түсті басу барабаны - 3 бірлік, офистік жиһаз - 20 бірлік, мотоциклдар - 3 бірлік, қайықтар - 22 бірлік, жиһаздар жинағы - 1 бірлік, аэрошана - 1 бірлік, таныстыру құралы - 5 бірлік, море класындағы катер - 1 бірлік);
- орталық аппаратты ақпараттық-техникалық жарақтандыру (Интернет желісіне қосу қызметтері, 1:С бухгалтерия бағдарламасын енгізу).
Түпкілікті нәтижелері: бәсекеге қабілетті ауыл шаруашылығы өндірісін жасау, агроөнеркәсіптік кешен, балық, орман, су шаруашылығы саласында реттеу дәрежесін күшейту, еліміздің азық-түліктік қауіпсіздігін қамтамасыз ету, мемлекеттік қызметкерлердің кәсіби деңгейін көтеру қажеттілігін қамтамасыз ету, өсімдіктер карантині жүйесі бойынша халықаралық стандарттарға қол жеткізу.
Қаржы-экономикалық нәтижесі: орталық аппараттың бір мемлекеттік қызметкерін ұстау шығыны жылына 1083,2 мың теңге, аумақтық органның бір мемлекеттік қызметкерін ұстау шығыны 658,5 мың теңге, бір мемлекеттік қызметкердің біліктілігін арттыру шығыны орташа - 19,033 мың теңге, мемлекеттік тілге оқытуға - 28,688 мың теңге, ағылшын тіліне оқытуға - 38,1 мың теңге.
Уақтылығы: жоспарланған іс-шараларды белгіленген мерзімде орындау.
Сапасы:
Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігіне жүктелген мақсаттар мен міндеттерге жету үшін белгіленген мерзімді ескере отырып іс-шараларды толық көлемде 100% сапалы орындау; қазіргі экономикалық жағдайларға сәйкес кәсіби мемлекеттік қызметтің талаптарына сәйкес мемлекеттік қызметкердің кәсіби деңгейін көтеру; мемлекеттік тілге оқыту курсын өткеннен кейін мемлекеттік тіл бойынша іс қағаздарына көшкен 30% мемлекеттік қызметкерлер; ағылшын тілінде құжаттармен жұмыс істейтін 20% мемлекеттік қызметкерлер, біліктілікті көтеру курсын өткеннен кейін жоғары лауазымды орынға тағайындалған 30% мемлекеттік қызметкерлер.

*Ескерту. 7-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.07.31.* N 470б *қаулысымен.*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2005 жылғы 12 желтоқсандағы
N 1235 қаулысына
87-ҚОСЫМША

**212 - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі**

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2006 жылға арналған "Жердің мелиоративтік жай-күйін сақтау және жақсарту" деген 002 республикалық бюджеттік бағдарламаның
**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 178540 мың теңге (бір жүз жетпіс сегіз миллион бес жүз қырық мың теңге).

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : 2003 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасы Су кодексінің 95, 135-баптары.

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : суармалы жерлердің мелиоративтік жай-күйін жақсарту.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : суармалы жерлер мен ирригациялық және дренаждық жүйелерді жетілдіру жобасы объектілеріне және жерді қалпына келтіру мен су ресурстарын басқару жобасына мониторинг жүргізу; Қазақстан Республикасының суармалы жерлерінің мелиоративтік жай-күйін бағалау; су шаруашылығына бағытталған және жобалау-зерттеу гидромелиоративтік жұмыстарына әдістемелік және нормативтік құжаттарды әзірлеу.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N п/п | Бағ-дар-лама коды | Кіші бағ-дар-лама коды | Кіші бағдарла-малардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындау-шылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 002 | | Жердің мелиора-тивтік жай-күйін сақтау және жақсарту | | | |
| 2 | | 100 | Гидрогео-логия - мелио-ративтік экспе-дициялар | Штаттық саны 92 адам болатын "Жетісу гидрогеологиялық-мелиоративтік экспедициясы" мемле-кеттік мекемені мына-дай жұмыстарды жүргізу үшін ұстау: суармалы жерлерді агромелиора-тивтік зерттеу - 700 000 гектар, соның ішінде Алматы облысында 662 000 | Қаңтар-желтоқ-сан | Қазақстан Республи-касы Ауыл шаруашы-лығы министр-лігінің Су ресур-стары жөніндегі комитеті |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | гектар, Жамбыл облысында 38 000 гектар, суландыру жүйесін жетілдіру жобасы объектілерінде 21 332 гектар, соның ішінде: Жетісу экспедициясында - 13 495 гектар, Солтүстік бөлімінде - 7837 гектар. Ыза сулардың деңгейдік-тұздық режиміне тұрақты гидрогеологиялық стационарлық бақылаулар - 8 400 өлшеу; коллекторлық кәріздік су ағымына гидрогеологиялық бақылау 550 өлшеу; ұңғымаларды жөндеу 490 дана; 7000 гектарға топырақтық-тұздық түсірімдер; лабораториялық талдаулар - 5000 шартты бірлік ; суармалы жерлердің есебі мен картографиялық деректерін құрастыру; суармалы жерлерге кері әсер етуді жеңілдету жөніндегі ұсыныстар мен іс-шараларды әзірлеу. Мыналарды алу керек: арнайы автокөлік, аспаптар мен жабдықтар, компьютерлер, оргтехника. Штаттық саны - 85 адам болатын "Оңтүстік Қазақстан гидрогеологиялық-мелиоративтік экспедиция" мемлекеттік мекемені мынадай жұмыстарды жүргізу үшін ұстау: суармалы жерлерді агромелиоративтік зерттеу 618093 гектар, (соның ішінде Оңтүстік Қазақстан облысында - 532 500 гектар, Жамбыл облысында - 105 600 гектар, суармалы жерлерді агромелиора- | | |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | тивтік зерттеу объек-тілерінде 9 637 гектар және су ресурстарын басқару жобасы мен су ресурстарын басқару жобасы мен суландыру жүйесін жетілдіру жобасы жерлерін қалпына келтіруге - 39300 гектар; ыза сулардың деңгейдік-тұздық режиміне тұрақ-ты гидрогеологиялық стационарлық бақылау-лар - 30472 өлшеу; коллекторлық-кәріздік су ағынына гидрогеоло-гиялық бақылау - 2168 өлшеу; ұңғымаларды жөндеуге 155 дана; 20000 гектарға топырақтық-тұздық түсірімдер; лаборато-риялық анализдер- 7607 шартты бірлік; суармалы жерлердің есебі мен картография-лық деректерін құрастыру; суармалы жерлерге кері әсер етуді жеңілдету жөніндегі ұсыныстар мен іс-шараларды әзірлеу. Мыналарды алу керек: арнайы автокөлік, аспаптар мен құралдар, компью-терлер, тоқ көзі, принтерлер, оргтехни-ка. Штаттық саны - 50 адам болатын "Қызылорда гидрогеологиялық-мелиоративтік экспеди-ция" мемлекеттік меке-мені мынадай жұмыстар-ды жүргізу үшін ұстау: суармалы жерлерді агромелиоративтік зерттеу 300 000 гектар және суландыру жүйесін жетілдіру жобасы жер-лерін қалпына келті-руге - 1034 гектар; ыза сулардың деңгей-дік-тұздық режиміне тұрақты гидрогеология-лық стационарлық | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | бақылаулар - 10000 өлшеу; коллекторлық-кәріздік су ағынына гидрогеологиялық бақылау - 200 өлшеу; ұңғымаларды жөндеуге 300 дана; 20000 гектарға топырақтық-тұздық түсірімдер; лабораториялық анализдер - 3000 шартты бірлік; суармалы жерлердің есебі мен картография-лық деректерін құрастыру; суармалы жерлерге кері әсер етуді жеңілдету жөніндегі ұсыныстар мен іс-шараларды әзірлеу. Мыналарды алу керек: арнайы автокө-лік, аспаптар мен құралдар, компьютер-лер, тоқ көзі, принтерлер, оргтехника. | | |
| 3 | | 101 | "Қазагро-мелиосу шаруашы-лығы" респуб-ликалық әдісме-лік орталығы | Штаттық саны 23 адам болатын республикалық мемлекеттік органға мемлекеттік мекемесін мынандай жұмыстарды жүзеге асыру үшін ұстау: жобалық-зерттеу жұмыстарын республикалық біркелкі нормативтік- әдістемелік құжат-тармен қамтамасыз ету және әзірлеу; гидроме-лиоративтік және су шаруашылығына арналған жобаларды бірыңғай ақпараттық қамтамасыз етуді әзірлеу; гидро-мелиоративтік және су шаруашылығын белгілеу жобаларын сараптан өткізу және қорытынды-сын беру; аймақтық жобалау-зерттеу кәсіпорындарының координациялық қызмет-терін жүзеге асыру; су шаруашылығы және гидромелиоративтік жүйелерді қалпына келтіруге инвестиция тарту. Мыналарды алу керек: компьютерлер, оргтехника, "Юрист" | қаңтар-желтоқ-сан | ҚазақстанРеспубли-касы Ауыл шаруашы-лығы министр-лігің Су ресурс-тары |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | анықтама-құқықты жүйе, "Эра"- қоршаған ортаға зиянды әсерлер-ді бағалау бағдарлама-сы; Audit Expert Standard инвестициялық жобалардың экономика-лық негіздемесі жөнін-дегі бағдарлама. | | жөніндегі комитеті |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** : тікелей нәтиже: жалпы ауданы 1689396 гектар жерге жүргізілген іс-шаралар кешенінің нәтижесінде суармалы жерлердің мелиоративтік жай күйі туралы мәлімет алынды, инженерлік дайын суармалы жерлерге мелиоративтік іс-шаралардың орындалуы бойынша мемлекеттік бақылау жасалынды, жердің мелиоративтік жай-күйін жақсарту және сақтау жөніндегі іс-шаралар мен нұсқаулар әзірленді. Су объектілерін қорғау және пайдалану саласында жобалау іздестіру жұмыстарына 5 нормативтік-әдістемелік құжаттарды әзірлеу және 11-ін бекіту жоспарлануда. Су шаруашылығына бағытталған және гидромелиоративтік жобаларды біркелкі ақпараттандырудың қамтамасыз етілуі нәтижесінде сервер орталығы алынады, Су ресурстары жөніндегі комитеттің портал ( зерттеу жүйелері) жұмыстарын бағдарламалық қамтамасыз ету дайындалды.

Мемлекеттік мекемелер мыналармен жарақтандырылады:
Жетісу гидрогеологиялық-мелиоративтік экспедициясы: арнайы машина - 1 бірлік, аспаптар мен құралдар - 10 бірлік, компьютерлер - 4 бірлік, оргтехника - 1 бірлік;
Оңтүстік-Қазақстан гидрогеологиялық-мелиоративтік экспедициясы: арнайы автокөлік - 3 бірлік, аспаптар мен құралдар - 3 жиынтық, компьютерлер - 2 бірлік, тоқ көзі - 2 бірлік, принтер - 2 бірлік, оргтехника - 1 бірлік;
Қызылорда гидрогеологиялық-мелиоративтік экспедициясы: мотокөлік - 4 бірлік, түрлі-түсті сканер - 1 жиынтық, түрлі-түсті плоттер - 1 жиынтық, компьютерлер - 3 бірлік, тоқ көзі - 3 бірлік, принтер - 3 бірлік.
"Қазагромелиосушар" республикалық әдістемелік орталығы:
Компьютерлер - 3 бірлік, оргтехника - 3 бірлік, "Юрист" анықтама-құқықтық жүйе - 1 бірлік, "Эра" - қоршаған ортаға зиянды әсерлерді бағалау бағдарламасы - 1 бірлік, Audit Expert Standard инвестициялық жобалардың экономикалық негіздемесі жөніндегі бағдарламасы - 1 бірлік.
Түпкілікті нәтижелері: жердің, суармалы судың ұтымды және тиімді пайдаланылуы, тұзданудың, сортаңдаудың, суландыру эрозиясы мен топырақ құнарлығының төмендеуінің алдын алу; жобалау-іздестіру жұмыстарының тиімді және сапалы орындалуы, келісілген нормалар мен ережелердің қамтамасыз етілуі.
Қаржы-экономикалық нәтижесі: бір гектар суармалы жердің мелиоративтік жай-күйін бағалаудың орташа құны - 79,1 теңге/га жыл сайынғы арзандауымен. Бір нормативтік-әдістемелік құжаттың орташа құны - 0,5 млн. теңге. (

Материалдық-техникалық жарақтандыру шығындары есепке алынбаған). Уақтылығы: белгіленген мерзімде орындалған іс-шаралардың нәтижесін ұсыну. Сапасы: жерді пайдалану коэффициентінің жыл сайынғы ұлғаюымен инженерлік дайын жерлерді тиімді пайдалану.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2005 жылғы 12 желтоқсандағы
N 1235 қаулысына
88-ҚОСЫМША

**212 - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі**

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2006 жылға арналған
"Өсімдіктерді қорғау"
деген 003 республикалық бюджеттік бағдарламаның
**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 2850424 мың теңге (екі миллиард сегіз жүз елу миллион төрт жүз жиырма төрт мың теңге).

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 3 шілдедегі "Өсімдіктерді қорғау туралы" Заңының 20-бабы ; "Карантиндік объектілер және аса қауіпті зиянды организмдер тізбелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 10 желтоқсандағы N 1295 қаулысы ; "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің жекелеген мемлекеттік мекемелерін құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 15 қаңтардағы N 19 қаулысы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты .

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : республикада қолайлы фитосанитариялық ахуалды қамтамасыз ету.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : 1) республика аумағында фитосанитариялық ахуалға жүйелі түрде бақылау жүргізу;
2) биылғы жылы аса қауіпті зиянды организмдердің жаппай дамуы мен таралуының ошақтарын толық анықтау;
3) ауыл шаруашылығы дақылдары мен алқаптарындағы аса қауіпті зиянды организмдердің санын қауіпсіз (ЗЭШ - зияндылықтың экономикалық шегінен төмен) деңгейге дейін азайту;
4) ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді аса қауіпті зиянды организмдердің дамуы мен таралуының мейлінше анық болжамдарымен қамтамасыз ету.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N п/п | Бағ- дар- | Кіші бағ- | Кіші бағдарла- | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | лама коды | дар-лама коды | малардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындау-шылар |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 003 | | Өсімдік-терді қорғау | | | |
| 2 | | 100 | Аса қауіпті зиянды организм-дерге қарсы күрес жүргізу | Шамамен 3,0-3,2 млн. гектар алаңда химия-лық өңдеуді қамтама-сыз ететін, республи-када қолдану үшін тіркелген пестицидтер сатып алу, оның ішінде запас пестицидтерін сатып алу. Кедендік процедуралар жүргізу. Запасты қоса, пести-цидтерді арнайы авто-көлікпен белгіленген жерге жеткізу. Запасты қоса, сатып алынатын пестицидтер-ді тиісті жағдайда сақтау. Қазақстан Республика-сы Үкіметі бекіткен тізбеде анықталған зиянкестер мен ауруларға қарсы шамамен 2,8-3,0 млн. гектар алаңда биоло-гиялық тиімділігі 80-85 пайыз болатын химиялық өңдеулер жүргізу. | Қаңтар-желтоқ-сан | ҚазақстанРеспубликасының Ауыл шаруашылығы министрлігі |
| 3 | | 101 | Фитосани-тариялық диагнос-тика және болжамдау респуб-ликалық әдісте-мелік орталығы | 848 штат бірлігі бар мемлекеттік мекеме ұстау. Шамамен 78,0 млн. гектар алаңда ауыл шаруашылығы дақылда-рының аса қауіпті зиянды организмдері-нің қоныстануына (залалдануына); 4,2 млн. гектар алаңда зиянкестердің пайда болуына, дамуы-на және таралуына; 1,5 млн. гектар алаңда ауыл шаруашы-лығы өсімдіктері ауруларының | Қаңтар-желтоқ-сан | Қазақстан Республи-касының Ауыл шаруашы-лығы |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | пайда болуына, дамуына және таралуына; 1,8 млн. гектар алаңда арам-шөптердің пайда болуына, дамуына және таралуына жүйелі түр-де зерттеу жүргізу. 2006 жылдың себепте-ріне қарсы және 2007 жылы Қазақстан Республикасы аумағы-на аса қауіпті зиянды организмдердің дамуы мен таралуына болжам жасау. Көлік құралдарын, зертханалық жабдық-тар, оргтехника, кеңселік жиһаз, бух-галтерлік есеп жүргізуге арналған бағдарлама сатып алу. | | министр-лігі |

*Ескерту. 6-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.12.11. N* 470п *қаулысымен.*

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** : Тікелей нәтижелері: 78,0 млн. гектар алаңда аса қауіпті зиянды организмдердің жаппай дамуы мен таралу ошақтарын анықтау. 7,5 млн. гектар алаңда зиянкестердің, аурулардың және арамшөптердің пайда болуына, дамуына және таралуына жүйелі түрде зерттеу жүргізу. Республикалық фитосанитарлық диагностика және болжамдардың әдістемелік орталығын 61 бірлік көлік құралдарымен, 146 бірлік зертханалық жабдықтармен, 258 бірлік оргтехникамен, 61 бірлік кеңселік жиһаздармен, бухгалтерлік есеп жүргізуге арналған "ЛУКА" бағдарламасымен қамтамасыз ету.

2,8-3,0 млн. гектар алаңда аса қауіпті зиянды организмдерге қарсы химиялық өңдеу. Түпкілікті нәтижелері: Аса қауіпті зиянды организмдердің қоныстанғаны анықталған алаңдармен салыстырғандағы химиялық өңдеулермен қамту алаңдарының пайызы: аса қауіпті зиянкестер бойынша - 100%; бидайдың аурулары (тат және септориоз) бойынша - 40,3%.

2,8-3,0 млн. гектар алаңда ауыл шаруашылығы дақылдарының аса қауіпті зиянды организмдерінің санын қауіпсіз (ЗЭШ зияндылықтың экономикалық шегінен төмен) деңгейге дейін азайту; Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді аса қауіпті зиянды организмдердің дамуы мен таралуының мейлінше анық болжамдарымен қамтамасыз ету.

Қаржы-экономикалық нәтижесі:

Зиянды және аса қауіпті зиянды организмдердің пайда болуына, дамуына және таралуына жүйелі түрде бақылау және зерттеу жүргізудің 1 гектарына жалпы шығын -

5,15 теңге;
ауыл шаруашылығы дақылдарының және алқаптардың 1 гектарында аса қауіпті зиянды организмдерге қарсы іс-шаралар жүргізуге жалпы шығын - 1000 теңге.
Уақтылығы: аса қауіпті зиянды организмдерге қарсы оңтайлы мерзімде жүргізілген химиялық өңдеулердің пайызы - 100%.
Сапасы: аса қауіпті зиянды организмдерге қарсы жүргізілген химиялық өңдеулердің уақтылығы мен сапасына қанағаттанған ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің пайызы - 80 пайыздан жоғары.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2005 жылғы 12 желтоқсандағы
N 1235 қаулысына
89-ҚОСЫМША

**212 - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі**
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2006 жылға арналған
"Өсімдіктер карантині"
деген 004 республикалық бюджеттік бағдарламаның
**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 920718 мың теңге (тоғыз жүз жиырма миллион жеті жүз он сегіз мың теңге).

*Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2006.07.31.* N 706 *қаулысымен.*

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : "Өсімдіктер карантині туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 11 ақпандағы Заңының 18-бабы ; " Карантиндік объектілердің және аса қауіпті зиянды организмдердің тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 10 желтоқсандағы N 1295 қаулысы ; "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің жекелеген мемлекеттік мекемелерін құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 15 қаңтардағы N 19 қаулысы ; "Қазақстан Республикасының аумағын карантиндік объектілерден қорғау жөніндегі ережелерді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 1 тамыздағы N 773 қаулысы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : Қазақстан Республикасы аумағында карантиндік объектілердің таралуының алдын алу мен оған жол бермеу және қолайлы фитосанитариялық ахуалды қамтамасыз ету.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : карантиндік объектілердің ошақтарын анықтау, оқшаулау, жою, олардың бұдан әрі таралуының алдын алу және оны болдырмау, карантиндік объектілер мен бөтен текті түрлердің түрлік құрамын

айқындау, себілетін және отырғызылатын материалдағы жасырын залалдануды анықтау.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N п/п | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Кіші бағдарламалардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 004 | | Өсімдіктер карантині | | | |
| 2 | | 100 | Өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік мекемелер | Республикалық карантиндік зертхана: 35 штат бірлігі бар мемлекеттік мекеме ұстау; карантинге жатқызылған өнімге және үлгілерге зертханалық фитосанитариялық сараптама жүргізу, оның ішінде биологиялық объектілердің болуын анықтау және олардың түрлік құрамын айқындау; оргтехника, зертханалық құрал-жабдықтар сатып алу; карантиндік зертханаларды орналастыру үшін Астана және Алматы қалаларында 2 зертханалық ғимарат сатып алу; таяу шетелде мамандандырылған өсімдіктер карантині ҒЗИ базасында карантиндік зертхананың жүйелендіруші мамандарын оқыту. Республикалық жеміс-жидек дақылдарының жерсіндіру - карантиндік көшеттігі: 12 штат бірлігі бар мемлекеттік мекеме ұстау; Жеміс-жидек дақылдарындағы зиянкестерді, өсімдік ауруларын және арамшөптерді анықтауға сараптамалар мен талдау жүргізу, өсімдіктердің жетілу кезеңінде (қалемшелер, көшеттер, тұқымдар, түйнек, жуашық, | Қаңтар-желтоқсан | Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | тамыртүйнек, жеміс үлгісі) карантинге жатқызылған материалды зерттеу; жеміс-жидек және басқа да дақылдардың тірі өсімдіктерін өсіру, тексеріліп жатқан карантинге жатқызылған материалдарды күту жөніндегі агротехникалық іс-шаралар жүргізу; карантиндік тексеру аяқталғаннан кейін отырғызу, егу немесе тұқымдық сау материал шығару; оранжереяға жылу беру үшін жылыту бойлерін сатып алу. Республикалық дәнді дақылдардың жерсіндіру-карантиндік көшеттігі: 18 штат бірлігі бар мемлекеттік мекеме ұстау; дәнді, дәнді-бұршақты дақылдар мен жүгерінің келіп түскен импорттық сорт үлгілерінің карантиндік объектілермен жасырын залалдануына сараптамалар мен талдау жүргізу; дәнді, дәнді-бұршақты дақылдардың, жүгерінің және басқа дақылдардың келіп түскен импорттық сорт үлгілерін өсіру және сараптама жасау; карантиндік тексеру аяқталғаннан кейін сау тұқым материалын шығару; оргтехника, ауыл шаруашылығы техникасын, зертханалық құрал-жабдықтарын сатып алу. | | министрлігі |
| 3 | | 101 | Карантиндік зиянкестердің, өсімдік ауруларының және арамшөптердің таралу | Қазақстан Республикасы Үкіметі айқындаған тізбе бойынша карантиндік объектілердің таралау ошақтарын айқындау, оқшаулау және жою жөніндегі | Қантар-желтоқсан | Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашы- |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | ошақтарын анықтау, оқшаулау және жою | іс-шараларды жүзеге асыру, соның ішінде: - карантиндік объектілердің болуына зерттеулер жүргізу; - мынадай химиялық препараттар сатып алу: карантиндік зиянкес-терге қарсы күрес жүргізу үшін, оның ішінде запасты жаңар-ту және толықтыру үшін инсектицидтер; карантиндік арамшөп-терге қарсы күрес жүргізу үшін, оның ішінде запасты жаңар-ту және толықтыру үшін 175-200 мың гектар алаңға герби-цидтерді сатып алу; - кедендік процедура-лар жүргізу; - химиялық препарат-тарды, соның ішінде запасты сақтау; - химиялық препарат-тарды, оның ішінде запасты белгіленген жерге жеткізу; - 182,0-209,0 мың гектар алаңда каран-тиндік зиянкестер мен арамшөптерге қарсы химиялық күрес. | | лығы министр-лігі |

*Ескерту. 6-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.07.31.* N 470б *қаулысымен.*

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** : Тікелей нәтижелері: 1400,0-1500,0 мың га алаңда және 70 кәсіпорында карантиндік зиянкестердің, өсімдік аурулары мен арамшөптердің таралу ошақтарын оқшаулау және жою; 182,0-209,0 мың га алаңда анықталған карантиндік зиянкестердің, өсімдік аурулары мен арамшөптердің таралу ошақтарын оқшаулау және жою; карантиндік объектілердің болуына жүргізілген шамамен 25 мың зертханалық сараптама нәтижесінде деректер алу; карантиндік зертханалар ғимараттары мен құрылыстарын санитарлық және фитосанитарлық шаралар бойынша халықаралық талаптарға сәйкес келтіру үшін екі ғимарат сатып алу; Республикалық карантиндік зертхананы, 6 бірлік оргтехникамен, 30 бірлік құрал-жабдықтармен және 10 бірлік басқа да зертханалық жабдықтармен қамтамасыз ету; таяу шет елдерде карантинге жатқызылатын өнімдерді талдаудың және

сараптаудың қазіргі заманғы әдістеріне карантиндік зертхананың 14 жүйелендіруші маманын оқыту;
шамамен 230 сорт үлгілеріне және 4000 дана әртүрлі жеміс-жидек дақылдарының және басқа дақылдардың өсірілген тірі өсімдіктеріне жүргізілген зерттеулер кезінде деректер алу;
Республикалық жеміс-жидек дақылдарының жерсіндіру - карантиндік көшеттігін оранжереяға жылу беру үшін 1 бірлік жылыту бойлерімен қамтамасыз ету;
дәнді дақылдардың өсу кезеңінде карантинге жатқызылған материалдың шамамен 70 сорт үлгілеріне жүргізілген зерттеулер кезінде деректер алу;
Республикалық дәнді дақылдарының жерсіндіру - карантиндік көшеттігін 2 бірлік оргтехникамен, 3 бірлік ауыл шаруашылығы техникасымен, 1 бірлік зертханалық жабдықтармен қамтамасыз ету.
Түпкілікті нәтижелері: Қазақстан Республикасының аумағына карантиндік объектілердің таралуына жол бермеу; Дүниежүзілік сауда ұйымының талаптарына сәйкес фитосанитарлық шараларды орындау үшін мамандарды оқыту және 2 карантиндік зертхана сатып алу.
Қаржы-экономикалық нәтижесі:
ауыл шаруашылығы дақылдары мен 1 га егістік жердегі карантиндік зиянкестер мен арамшөптерге қарсы іс-шараларға жұмсалатын жалпы шығындар шамамен 3786,6 теңгені құрайды;
ауыл шаруашылығы дақылдары мен 1 га егістік жердегі карантиндік зиянкестер мен арамшөптердің ошақтарын анықтау жөніндегі іс-шаралар жүргізуге жұмсалатын жалпы шығындар шамамен 32,0 теңгені құрайды;
1 кәсіпорынды зерттеуге жұмсалатын жалпы шығындар шамамен 16192,0 теңгені құрайды;
карантиндік объектілердің болуына 1 зертханалық сараптама жүргізуге жұмсалатын жалпы шығын 631 теңгені құрайды;
дәнді дақылдардың өсу кезеңінде карантиндік материалдың 1 сорт үлгісіне тексеру жүргізуге жалпы шығын 141,9 теңгені құрайды;
1 сорт үлгісіне және 1 дана жеміс-жидектер және басқа дақылдардың өсірілген тірі өсімдіктеріне зерттеу жүргізуге жұмсалатын жалпы шығын 914 теңгені құрайды.
Уақтылығы: аса қауіпті зиянды организмдерге қарсы оңтайлы мерзімдерде жүргізілген химиялық өңдеу - 100%.
Сапасы: карантиндік зиянкестер мен арамшөптерге қарсы химиялық өңдеулердің уақытылы және сапалы жүргізілуімен қанағаттанған ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер - 90% астам.

*Ескерту. 7-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.07.31.* N 470б *қаулысымен.*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2005 жылғы 12 желтоқсандағы
N 1235 қаулысына
90-ҚОСЫМША

**212 - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі**

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2006 жылға арналған
"Тұқымдық және көшет материалының сорттық
және себу сапаларын анықтау"
деген 005 республикалық бюджеттік бағдарламаның

**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 163020 мың теңге (бір жүз алпыс үш миллион жиырма мың теңге).

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : "Тұқым шаруашылығы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабы ; Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2004 жылғы 23 тамыздағы N 454 бұйрығымен бекітілген Сорттық және тұқымдық бақылауды жүзеге асыру ережесі (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2004 жылғы 22 қыркүйекте N 3082 болып тіркелген).

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің түсімділігін арттыру, өсімдік шаруашылығы өнімінің сапасын жақсарту.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : бүкіл егіс алаңына егу сапасына тексерілген тұқымдарын себуді қамтамасыз ету, отандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер, бірегей және элиталық тұқымды, бірінші, екінші және үшінші репродукциялы тұқымды өндірушілер, мемлекеттік сорт сынайтын учаскелер мен станциялар, мемлекеттік тұқым ресурстары үшін ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің тұқымының сапасына уақтылы және білікті сараптама жүргізу, олардың сапасының қолданыстағы мемлекеттік стандарттарына сәйкестігін айқындау.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N п/п | Бағ-дар-лама коды | Кіші бағ-дар-лама коды | Кіші бағдарла-малардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындау-шылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 005 | | Тұқымды және көшет материа-лының | Тиісті мемлекеттік стандарттармен көзделген барлық сапа көрсеткіштері бойынша (өнгіштігі (немесе тіршілікке бейімділігі), ылғал-дылығы, 1000 дәннің | 2006 жылғы қаңтар-желтоқ-сан | Қазақстан Республи-касы Ауыл шаруашы-лығы |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | сорттық және себу сапаларын анықтау | салмағы, тазалығы, зиянкестермен жайлануы, аурулармен дерттенуі) отандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер, бірегей және элиталық тұқымды, бірінші, екінші және үшінші репродукциялы тұқымды өндірушілер, мемлекеттік сорт сынайтын учаскелер мен станциялар, мемлекеттік тұқым ресурстары үшін ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің тұқымының сорттық және егу сапасына 247,0 мың зерттеулер жүргізу. | | министрлігі |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** : Тікелей нәтижелер: 2,0-2,1 млн. тонна көлемінде тұқымдық материалдың сорттық және себу сапасы жағдайының шынайы нәтижелерін алу.
Түпкілікті нәтижелері: ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің тұқымының сапасын 100% тексеруді қамтамасыз ету, ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілері пайдаланатын кондиционды тұқымдарды себуді 100% жүзеге асыру.
Қаржы-экономикалық нәтижесі: тұқым сапасына сараптама жүргізу бойынша 1 зерттеудің құны 660 теңгені құрайды.
Уақтылығы: осы бағдарламада көзделген белгіленген мерзімде іс-шараларды орындау, ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің тұқымының сапасына дер кезінде сараптама жасау жазғы дақылдар - көктемгі себуге дейін, ал күздік дақылдар - күзгі себуге дейін.
Сапасы: егілетін тұқымдардың сапасы жақсарады, кондиционды тұқымдардың үлесі 100% құрайды.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2005 жылғы 12 желтоқсандағы
N 1235 қаулысына
91-ҚОСЫМША

**212 - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі**

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2006 жылға арналған
"Агроөнеркәсіптік кешенді дамытуды мемлекеттік қолдау"
деген 004 республикалық бюджеттік бағдарламаның

**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 1350171 мың теңге (бір миллиард үш жүз елу миллион бір жүз жетпіс бір мың теңге).

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" 2005 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 9 , 11-баптары ; "Агроөнеркәсіп кешеніне кредит берудің және оны субсидиялаудың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 18 наурыздағы N 259 қаулысы ; " Өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру туралы" 2004 жылғы 10 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңының 9 , 12-баптары ; "Арнайы шоттағы ақшаны пайдалану және уақытша бос қаражатты орналастыру ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 17 қыркүйектегі N 973 қаулысы ; " Өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыруды қолдауға арналған бюджет қаражатын басқару үшін агентті айқындау және бюджет қаражатынан агенттің қызметіне ақы төлеу мөлшері мен тәртібін белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 29 қыркүйектегі N 997 қаулысы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : ауыл шаруашылығы өнімін қайта өңдеуді дамытуды ынталандыру; ауыл шаруашылығы шикізатын қайта өңдеу жөніндегі отандық кәсіпорындар өнімінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру, ауыл шаруашылығы өндірісін қолдау және оның нәтижелігін жоғарлату; ауыл шаруашылығы өнімін қайта өңдеуді дамытуды ынталандыру, отандық өндірістің ауыл шаруашылығы шикізатын өңдейтін отандық кәсіпорындар өнімінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру; ауыл шаруашылығы өнімін қайта өңдейтін және тамақ өнеркәсібінің отандық кәсіпорындарын сапа менеджменті жүйесі халықаралық стандарттарына ИСО, ХАССП көшіру.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : лизинг алушылар төлейтін және кейіннен республикалық бюджетке қайтарылатын сыйақы бөлігінің сомасына лизинг алушыларға лизингке берілетін ауыл шаруашылығы техникасының құнын арзандату; Қазақстан Республикасының Қаржы Министрлігімен Кредиттік келісім бойынша тиісті сыйақы (мүдде) бөлігінің сомасына лизинг алушыларға лизингке берілетін құрал-жабдықтың құнын арзандату; міндетті сақтандыру төлемінің бір бөлігін сақтандырушыға қайтару арқылы өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыруды мемлекеттік қолдау; өндірістік мақсаттар үшін айналымдағы қорларды толықтыруға екінші деңгейдегі банктер беретін кредиттердің проценттік ставкалары бойынша ауыл шаруашылығы өнімін қайта өңдеу кәсіпорындары төлейтін төлемдердің сомасын жартылай арзандату, ИСО 9000 және ХАССП халықаралық стандарттар негізінде сапа менеджментінің жүйесіне олардың жеделдетіп өтуіне көмектесу.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N п/п | Бағ-дар-лама коды | Кіші бағ-дар-лама коды | Кіші бағдарла-малардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындау-шылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 006 | | Агроөнер-кәсіптік кешенді дамытуды мемлекет-тік қолдау | | | |
| 2 | | 103 | Ауыл шаруашы-лығы техника-сының қаржы лизингі бойынша сыйақы (мүдде) ставкасын өтеу | "Агроөнеркәсіп кеше-ніне кредит берудің және оны субсидиялау-дың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 18 наурыздағы N 259 қаулысымен бекітілген лизингтік негізде 2003 жылы ауыл шаруа-шылығы техникалары-мен қамтамасыз етуге кредит беру және сый-ақы (мүдде) ставкасын өтеу ережесіне сәй-кес, лизинг негізінде ауыл шаруашылығы техникасымен қамтама-сыз ету. | желтоқ-сан | Қазақстан Республи-касы Ауыл шаруашы-лығының министр-лігі |
| 3 | | 105 | Ауыл шаруашы-лығы өнімдерін өңдейтін кәсіп-орындарға арналған жабдық-тардың қаржы лизингі бойынша сыйақы (мүдде) ставкасын өтеу | "Агроөнеркәсіп кеше-ніне кредит берудің және оны субсидиялау-дың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 18 наурыздағы N 259 қаулысымен бекітілген ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу кәсіпорындарына жабдықтарды лизингтік негізде қамтамасыз етуге кредит беру және сыйақы (мүдде) ставкасын өтеу ережесіне сәйкес банктерге-қарыз алушыларға сыйақы (мүддесін) ставкасын өтеуі. | 2006 жылдың 4 тоқсан бойы | Уәкілетті ұйым Қазақстан Республи-касы Ауыл шаруашы-лығы министр-лігі Қазақстан Республи-касы Қаржы министр-лігі |
| 4 | | 106 | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | Өсімдік шаруашылығындағы сақтандыруды қолдау | Қазақстан Республикасының Үкіметімен белгіленетін тәртіппен өсімдік шаруашылығындағы қолайсыз табиғи құбылыстардан міндетті сақтандыруды мемлекеттік қолдау үшін қаражаттарды бөлу. Қазақстан Республикасының Үкіметімен белгіленетін тәртіппен өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыруды мемлекеттік қолдау үшін бюджет қаражаттарын басқару үшін агент қызметтерін төлеу. | қаңтар-желтоқсан | Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығының министрлігі |
| 5 | | 107 | Екінші деңгейдегі банктер ауыл шаруашылығы өнімін өңдейтін кәсіпорындарға олардың айналым қаражатын толықтыруға беретін кредиттер бойынша сыйақы (мүдде) ставкасын субсидиялау | Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен бекітілген екінші деңгейдегі банктер ауыл шаруашылығы өнімін қайта өңдейтін кәсіпорындарға олардың айналым қаражатын толықтыруға беретін кредиттер бойынша сыйақы ставкасын субсидиялау Ережесіне сәйкес екінші деңгейдегі банктер ауыл шаруашылығы өнімі қайта өңдейтін кәсіпорындарға олардың айналым қаражатын толықтыруға беретін кредиттері бойынша банктік сыйақы бөлігін арзандату. | Қаңтар-желтоқсан | Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі |
| 6 | | 111 | Ауылшаруашылық өнімдері өндірісі мен рыногын басқару жүйесін дамытуды субсидиялау | АӨК салалары кәсіпорындарының халықаралық стандарттар сапа менеджментін әзірлеу, енгізу және сертификациялау қызметі құнының (50% дейін) бөлігін өтеу. | қаңтар-желтоқсан | Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** : Тікелей нәтижелері:
1. Ауыл шаруашылығы техникасының лизингі бойынша шығындарды 197743,0 (жүз тоқсан жеті миллион жеті жүз қырық үш мың) теңгеге арзандату.
2. Сақтандырушылар (ауылшаруашылығы тауарын өндірушілермен) алдында сақтандыру жағдайлары бойынша өз міндеттерін атқарған сақтандыру компанияларына 50 пайыздық сақтандыру төлемінің кепілдігін қамтамасыз ету.
3. Технологиялық жабдықтардың лизингі бойынша шығындардың 12428,0 (он екі миллион төрт жүз жиырма сегіз мың) теңгеге арзандауы.
4. Ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу кәсіпорындарының айналым қаражатын толықтыруға беретін банктік кредиттер бойынша қызмет көрсету шығындарын төмендету.
5. Агроөнеркәсіптік кешендері салаларының кәсіпорындары ИСО 9000 және ХАССП халықаралық стандарттар негізіндегі сапа менеджмент жүйесін әзірлеу, енгізу және сертификациялау.
6. Еліміздің ДСҰ кіру кезіндегі отандық кәсіпорындарының іс-әрекеті мен тиімділігінің жаңа сапалы деңгейге шығуы, олардың өту жөніндегі кезеңін жеделдету, ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру және шикізатын қайта өңдеу сапасы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету.
Түпкілікті нәтижесі:
1. Лизинг негізінде алынатын ауыл шаруашылығы техникасын арзандату есебінен ауыл шаруашылығы өндірушілердің табыстылығын арттыру;
2. Өсімдік шаруашылығындағы сақтандыру қызметі нарығының дамуы және қалыптасуы, өсімдік шаруашылығындағы өнімді қайта өндіру кепілден жоғарлату;
3. Ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу жөніндегі отандық кәсіпорындардың бәсекелестік қабілеті мен тиімділігін қамтамасыз ету мәселелерін шешу, ішкі және сыртқы рыноктарда өткізу рыногы үшін бәсекелестік күреске қатысу, экспорттық потенциалын, өнімдер сапасын арттыру;
4. Ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу кәсіпорындары үшін шикізаттарды өндіру мен сатып алуын дамыту;
5. Отандық өндірілген ауыл шаруашылығы шикізаттарының қайта өңдеу үлесін көбейту, шығарылатын өнімдердің түрлерін кеңейту;
6. Ішкі рынокты ауыл шаруашылығы шикізаттарынан қайта өңделген жоғары сапалы өнімдермен қанықтыру, ішкі рыноктан импортты біртіндеп ығыстыру, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету, жаңа жұмыс орындарын көбейту және бюджетке кірісті көбейту (әлеуметтік, жеке тұлғалардан және басқа да салық).
Қаржы-экономикалық нәтижесі:
Ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының негізгі қаражаттарын Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің сыйақы ставкасын өтеу сомасына арттыру;
Ауыл шаруашылығы өнімін өндіруге шығындарды төмендету;

Ауылшаруашылығы ұйымдарының зиянсыз кепілдігін құру, ауыл шаруашылығына сақтандыру компанияларының қосымша қаржы ресурстарын бөлу мүмкіндігі; Айналым қаражатын толықтыруға беретін банктік кредиттер бойынша қызмет көрсету және технологиялық жабдықтардың лизингтік төлем сомаларын арзандатумен ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу кәсіпорындарының пайдасын жоғарылату, өндірісті жетілдіру және өнімді өндіру үшін кәсіпорындардың айналым қаражаттарын босату, халықаралық деңгейде стандартталған, сенімділігі мен қауіпсіздігі талаптарға сай, рынокта барынша талап етілетін және тұтынушылар сенімімен қолданатын.
Уақтылығы: шараларды белгіленген мерзімде орындау күтілуде.
Сапасы:
1. Сыйақы ставкасын өтеу есебінен аграрлық сектордың машина-тракторлық паркін жаңартуға қажетті қаржылық қызметтердің қолайлығын арттыру.
2. Ауылшаруашылығы дақылдарын сақтандырумен жүз пайызды қамту және осы негізде ауылшаруашылық тауар өндірушілерін екінші деңгейлі банктегі несиелік ресурстармен қамтамасыз ету.
3. Импорт алмастыратын және экспортқа бағытталған ауыл шаруашылығы шикізаттарын қайта өңдеу өнімдерінің өндіріс кезеңдерін жетілдіру және дамыту, өндірістік шығындары мен бағаларын төмендету есебінен оның бәсекелестік қабілетін арттыру. Агроөнеркәсіптік кешен салаларының өндірістік мәдениетін арттыру, еліміздің ДСҰ-ға кіру кезіндегі отандық кәсіпорындары өнімдерінің сапасы мен тиімділігін жақсарту.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2005 жылғы 12 желтоқсандағы
N 1235 қаулысына
92-ҚОСЫМША

**212 - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі**
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2006 жылға арналған "С.Сейфуллин атындағы Қазақ мемлекеттік агротехникалық университеті техника факультетінің оқу корпусын салу" деген 007 республикалық бюджеттік бағдарламаның
**ПАСПОРТЫ**

1. **Құны** : 94000 мың теңге (тоқсан төрт миллион теңге).
2. **Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : Қазақстан Республикасы Парламентінің "2006 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы (екінші оқылым) 2005 жылғы 9 қарашадағы N 23-III ҚРП қаулысы.
3. **Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : инженерлік сала мамандарын, магистранттар, аспиранттар және докторанттар дайындау сапасын жақсарту, студенттердің сапалы оқуы үшін қазіргі заманғы оқу-ғылыми және инновациялық инфрақұрылымдар (агроөнеркәсіп саласында оқу-ғылыми орталық құру) әлемдік тенденцияларға сәйкес ғылыми зерттеулер жүргізу.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : агроөнеркәсіп кешенінде жоғары білікті, бәсекеге қабілетті, мамандар даярлау үшін жағдай жасау.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N п/п | Бағ-дар-лама коды | Кіші бағ-дар-лама коды | Кіші бағдарла-малардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындау-шылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 007 | | С.Сей-фуллин атындағы Қазақ мемле-кеттік агротех-никалық универ-ситеті техника факуль-тетінің оқу корпусын салу | Техникалық факультет оқу ғимараты құрылысының жобалық сметалық құжаттамасын (бұдан әрі - ЖСҚ) әзірлеу және мемлекеттік сараптама өткізу. Бекітілген ЖСҚ-ға сәйкес техникалық факультет оқу ғимаратының құрылыс монтаж жұмыстарын, сонымен қатар дайындық жұмыстарын бастау. | Қаңтар-желтоқ-сан | Қазақстан Республи-касы Ауыл шаруашы-лығының министр-лігі |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** : Тікелей нәтиже: мемлекеттік сараптамадан өткен, бекітілген жобалық сметалық құжаттар, құрылыс-монтаж жұмыстарын 10% орындау.
Түпкілікті нәтиже: инженер мамандықтарын дайындау сапасын арттыру үшін ҚазМАТУ техникалық факультетінің оқу ғимаратын пайдалануға енгізу.
Уақтылығы: жұмыс кестесінің жоспарына сәйкес.
Сапасы: "Кәсіпорындар, ғимараттар мен құрылыстар салуға арналған жоба-смета құжаттамасын әзірлеу, келісу, бекіту тәртібі және оның құрамы туралы нұсқаулық" 2.2-1-2001 ҚНжЕ (Ресми басылым) сәйкес.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2005 жылғы 12 желтоқсандағы
N 1235 қаулысына
93-ҚОСЫМША

**212 - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі**
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі
2006 жылға арналған
"Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне ауыл шаруашылығын дамытуға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер"
деген 009 республикалық бюджеттік бағдарламаның
**ПАСПОРТЫ**

1. **Құны** : 13649476 мың теңге (он үш миллиард алты жүз қырық тоғыз миллион төрт жүз жетпіс алты мың теңге).

2. **Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 9 шілдедегі Су кодексінің 135-бабы ; 1998 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасы "Асыл тұқымды мал шаруашылығы туралы" Заңының 15-бабы ; 2001 жылғы 19 қаңтардағы Қазақстан Республикасы "Астық туралы " Заңының 10-бабы ; 8 ақпан 2003 жылғы Қазақстан Республикасы "Тұқым шаруашылығы туралы" Заңының 4-бабы ; 8 шілде 2005 жылғы "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аймақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабы , 11-бабы ; Қазақстан Республикасы Үкіметінің "2006-2010 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының АӨК тұрақты дамуының концепциясын жүзеге асыру жөніндегі шаралардың жоспары туралы" 2005 жылғы 30 маусымдағы N 654 қаулысы .

3. **Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

4. **Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : жергілікті атқару органдары арқылы өсімдік шаруашылығы және мал шаруашылығы өнімдерін өндіретін отандық тауар өндірушілердің өнімінің сапасын, бәсекелестігін, өнімділігін, тиімділігін көтеруін қолдау; республикалық суармалы жерлердің сумен қамтамасыз етуді арттыру және суармалы жерлердегі ауыл шаруашылығы өндірісінің тиімділігін қамтамасыз ету.

5. **Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : тұқым шаруашылығының дамуы, ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің өнімділігінің жоғарылауы, және бірегей тұқым мөлшері, бірінші ұрпақты будан және элиталық тұқыммен толық қажеттілікті қанағаттандыруға қажетті сандық және ассортиментті өндіру; сыртқы нарықта қазақстандық мақта талшығының бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету; отандық ауыл шаруашылық өнім өндірушілерді асыл тұқымды өнімге қол жеткізу жолымен ауыл шаруашылық малдарының гендік қорын дамыту және сақтап қалу және мал шаруашылығы мен құс шаруашылығының тұқымдық базасын қалпына келтіру;
өсімдік шаруашылығын өндіруде алдыңғы қатарлы инновациялық технологияларды қолдану және басымдық ауыл шаруашылығы дақылдарын өндіруді дамытумен қамтамасыз ету, сонымен қатар ауыспалы егіс және егістік алқаптарының оңтайлы

құрылымын сақтауын қамтамасыз ету;
көктемгі дала және егіс орағы жұмыстарын жүргізуді қамтамасыз ету;
ауыл шаруашылығы өнім өндірушілерін суармалы сумен қамтамасыз ету;
отандық құс етін өндіруді ұлғайту және оның ішкі нарықтағы бәсекеге жарамдылығын арттыру.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N п/п | Бағ-дар-лама коды | Кіші бағ-дар-лама коды | Кіші бағдарла-малар-дың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындау-шылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 009 | | Облыстық бюджет-терге, Астана және Алматы қалала-рының бюджет-теріне ауыл шаруа-шылығын дамытуға берілуін ағымдағы нысаналы транс-ферттер | | | |
| 2 | | 100 | Облыстық бюджет-терге, Астана және Алматы қалалары бюджет-теріне тұқым шаруа-шылығын дамы-тудың қолдауға ағымдағы нысаналы транс-ферттер | Қазақстан Республикасы Үкіметінің белгілеуімен тұқым шаруашылығын дамытуға облыстық бюджеттерге мақсатты ағымдағы трансферттер, тұқым шаруашылығын қаражаттандыру, мақта талшығының сапасын сараптауды қоса, соның ішінде: 6000-7150 тонна бірегей тұқым өндірудің және жеміс көшеттерің 59000-60000 данасының шығындарының (40%) дейін орнын толтыру; | Қаңтар-желтоқ-сан | Қазақстан Республи-касы Ауыл шаруашы-лығының |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | 2,5 гектар алқаптағы жүзім және жеміс-жидек дақылдарының көп жылды екпе ағаштарын салуға және 5 гектар алқапта салынған жидек дақылдарының аласа діңді телітушілер аналығының бітпеген өндірісіне қызмет көрсету шығындарын толығымен өтеу; отандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге сатылған 53000-55000 тонна элиталы тұқымның құнын (40%) дейін арзандату; 2000 жылғы 1 қаңтардан кейін аттестатталған асыл тұқымды мал шаруашылығы субъектілерінің 2000 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша қалыптасқан және 2005 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша өтелмеген 59590 мың теңге салық сомасын, республикалық және жергілікті бюджеттерге өтеу, ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінің мақта талшығын сараптауға 846,7- 1270,0 мың көлемдегі сынама шығынын өтеу. | | министр-лігі |
| 3 | | 101 | Облыстық бюджет-терге, Астана және Алматы қалалары бюджет-теріне асыл тұқымды мал шаруа-шылығын дамытуға ағымдағы нысаналы | Қазақстан Республикасы Үкіметімен белгілен-ген, облыстар бюджеттеріне асыл тұқымды мал шаруашы-лығын дамытуды субсидиялауға ағымдағы мақсатты трансферттер, оған қоса: - отандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге сатылатын асыл тұқымды өнімнің (материалдың): асыл тұқымды төлдердің - 8000-10000 тонна | Жыл бойы | Қазақстан Республи-касы Ауыл шаруашы-лығының министр-лігі |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | транс-ферттер | тірідей салмағын, асыл тұқымды жұмыртқаның - 5500-7000 мың данасын, бұқалар ұрықтарының - 1400-1700 мың дозасының құнын жартылай (50%-ға дейін) арзандату;<br>- мал тұқымын асылдан-дыру орталығына 20 бас асыл тұқымды бұқаларды сатып алу мен 130-140 бас малды күтіп ұстау және олардың ұрықтары мен эмбриондарын алу, сақтау, пайдалану жөніндегі шығындарды толық өтеу;<br>- мал тұқымын асылдандыру орталығына 50 бас асыл тұқымды қошқарларды сатып алу және 140-160 бас қошқарларды күтіп ұстау, олардың ұрықтарын алу, сақтау, пайдалану жөніндегі шығындарды толық өтеу;<br>- етті құс өсіру жөніндегі асыл тұқымды шаруашылығына 10900 бас асыл тұқымды балапандарды және 40000-45000 бас асыл тұқымды құсты күтіп ұстау жөніндегі шығындарды толық өтеу;<br>- қостанай тұқымын өсіретін асыл тұқымды зауытта 300 асыл тұқымды жылқыны өсіру, күтіп ұстау, жаттықтыру, аталық айғырлардың ұрығын алу, сақтау жөніндегі шығындарды толық өтеу;<br>- асылдандыру ісін дамыту үшін сатып алынатын арнайы технологиялық, лабораториялық құрал-жабдықтар, арнайы ауыл шаруашылығы және | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | ұйымдастыру техникасының құнын толық өтеу; - 2000 жылғы 1 қаңтардан кейін аттестатталған асыл тұқымды мал шаруашылығы субъектілерінің 2000 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша қалыптасқан және 2005 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша өтелмеген республикалық және жергілікті бюджеттерге салықтарын өтеу. | | |
| 4 | | 102 | Облыстық бюджет-терге, Астана және Алматы қалалары бюджет-теріне егін шығымы және сапасын артты-руды қолдауға ағымдағы нысаналы транс-ферттер | Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен отандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер сатып алған 80,0-100,0 мың тонна минералдық тыңайтқыштардың, 180,0-198,2 мың литр тұқым дәрілерінің және 360,0-383,6 мың литр гербицидтердің құнын 40%-ға арзандату. | Жыл бойында | Қазақстан Республи-касы Ауыл шаруашы-лығының министр-лігі |
| 5 | | 104 | Көктемгі егіс және егін жинау жұмыс-тарын жүргізу үшін қажетті тауар-мате-риалдық құнды-лықтарды субси-диялауға облыстық | Қазақстан Республикасы Үкіметі бекітетін көктемгі егіс және күзгі дала жұмыстарын жүргізу үшін ауыл шаруашылығы тауар өндірушілері алатын тауарлы-материалдық құндылықтар бағасын субсидиялау тәртібіне сәйкес көктемгі егіс және күзгі дала жұмыстарын жүргізу үшін отанды ауыл шаруашылығы тауар өндірушілеріне қажетті дизель отынын сатып | Жыл бойы | Қазақстан Республи-касы Ауыл шаруашы-лығының |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | бюджет-терге, Астана және Алматы қалала-рының бюджет-теріне ағымдағы нысаналы транс-ферттер | алудағы шығындарды жартылай өтеу | | министр-лігі |
| 6 | | 105 | Облыстық бюджет-терге, Астана және Алматы қалала-рының бюджет-теріне ауылша-руашылық тауар өндіру-шілеріне су жет-кізіп беру бойынша қызмет құнын субси-диялауға ағымдағы нысаналы транс-ферттер | Қазақстан Республикасы Үкіметінің бекітуімен белгіленген тәртіпте ауыл шаруашылығы тауар өндірушілеріне су жеткізу құнын арзандату. | сәуір-жел-тоқсан | Қазақстан Республи-касы Ауыл шаруашы-лығы министр-лігінің Су ресур-стары жөніндегі комитеті |
| 7 | | 107 | Облыстық бюджет-терге, Астана және Алматы қала-ларының бюджет-теріне малша-руашы-лығы | Қазақстан Республикасы Үкіметі белгілеген тәртіппен мал шаруашылығының, дәлірек айтқанда бройлерлік құс шаруашылығының өнімділігі мен өнімінің сапасын арттыруды субсидиялау, оның ішінде: бройлерлік құс шаруашылығы | жыл бойы | Қазақстан Республи-касы Ауыл шаруашы-лығы |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | өнім-дерінің өнімді-лігін және сапасын арттыруды субси-диялауға беріле-тін ағымдағы нысаналы транс-ферттер | кәсіпорындары сатып алатын және өздері өндіретін құрама жемнің құнын (45%-ға дейін) арзандату. | | министр-лігі |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** : тұқым шаруашылығының дамуын қолдау:
Тікелей нәтижелері:
бірегей тұқымды 6000-7150 тонна өндіруді және жеміс көшеттерін 59000-60000 данасының шығынын өтеу, отандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге сатылған 53000-55000 тонна элиталық тұқымын арзандату;
2,5 гектар алқаптағы жүзім және жеміс жидек дақылдарының көп жылдық екпе ағаштарын салуға жіберілетін және 5 гектар алқапта салынған жидек дақылдарының аласа діңді телітушілер аналығының бітпеген өндірісіне қолдау көрсету;
республикалық және жергілікті бюджеттен 2005 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша өтелмеген және 2000 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша қалыптасқан налогтағы берешегін 2000 жылғы 1 қаңтардан кейін аттестатталған элиталық тұқым шаруашылықтарын өтеу;
республикадағы өндірілген көлемі 846,7-1270,0 мың сынамасын халықаралық стандарт бойынша әрбір мақта талшығы бумасының сапасына сараптау жүргізуді қамтамасыз ету.
Соңғы нәтижелері: егісте жоғарғы репродукциялы тұқымды пайдаланудың үлестік салмағын арттыру.
Қаржы-экономикалық нәтижесі: арзандатылған тұқымның құны: дәнді-дақылдар 19800 теңгеден кем, картоп - 46000 теңгені және мақта 50000 теңгені құрайды.
Уақытылығы: осы бағдарламада көзделген іс-шаралар жоспарын белгіленген мерзімдерде орындау.
Сапасы: себілетін тұқымның сапасы жақсарады, сапалы тұқымның үлесі 100% құрайды.
Асыл тұқымды мал шаруашылығын қолдау:
Тікелей нәтиже:
күтіліп отырған сатылатын арзандатылған асыл тұқымды төлдің саны 178500 - 180500

бас; асыл тұқымды жұмыртқа - 5500 - 7000 мың дана; жоғары өнімді бұқалардың ұрығы - 1400 - 1700 мың доза;
мал және құс шаруашылығының асыл тұқымдық базасын қалпына келтіру мақсатында 70 бас отандық және шет елдік селекциядан алынған аталықтар, сондай-ақ шет елдік селекциялық 100 дана эмбриондар мен 10900 бас асыл тұқымды құстар сатып алынады;

асылдандыру ісі үшін 117 дана арнайы технологиялық жабдықтар және техника сатып алынады;
асыл тұқымды мал шаруашылығының әр субъектілеріне сатқан асыл тұқымды өнім (материал) үшін орташа есеппен 3500 мың теңге қаржылай көмек көрсетіледі.
2000 жылғы 1 қаңтардан кейін аттестатталған асыл тұқымды мал шаруашылығы субъектілерінің 2000 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша қалыптасқан және 2005 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша өтелмеген 126927,6 мың теңге салық соммасын республикалық және жергілікті бюджеттерге салықтарын өтеу.
Соңғы нәтиже:
отандық тауар өндірушілерге сатылған асыл тұқымды төлдердің есебінен жыл сайын 35-40 асыл тұқымды шаруашылықтар қалыптасады;
сиырлар мен қашарларды қолдан ұрықтандыру бекеттерін қалпына келтіру және жаңадан салу (500-ге жуық) есебінен олардың саны көбейеді, бұл қолдан ұрықтандырылған аналықтардың санын 595,0 мың басқа жеткізуге мүмкіншілік тудырады;
қолдан ұрықтандыру үшін жоғары класты аталық бұқалардың ұрығын пайдалану малдың өнімділігін 10-12%-ға арттыруға мүмкіншілік береді және ретінше мал шаруашылығы өнімінің өндірісі 6-8%-ке ұлғаяды;
аудандастырылған бағалы тұқымның гендік қорын дамыту және сақтап қалу: болжам бойынша асыл тұқымды мал басының өсуі 10-15% (қойлар 20% жоғары);
құрылып жатқан асыл тұқымды мал шаруашылығы субъектілерінде 1100-дей жұмыс орындары ашылады;
келешекте екі отандық салт мініс жылқы тұқымдары шығарылады.
Қаржы-экономикалық нәтижесі: асыл тұқымды мал шаруашылықтарының қаржылай-экономикалық жағдайлары жоғарылайды, сатқан ірі қара мал, жылқы, түйенің әр басынан 25-30 мың теңге, қойдан - 3,5-5 мың теңге, шошқадан - 5-6 мың теңге табыс түседі.
Уақтылығы: берілген бағдарламада көзделген іс-шаралар көрсетілген мерзімде орындалады.
Сапасы: ауыл шаруашылығы малдарының өнімдік және тұқымдық сапалары жоғарылайды, асыл тұқымды малдың жалпы мал санынан үлесі 10%-ға (жылқы - 3,5%) болады, бірінші және элита классты асыл тұқымды малдың үлесі 50% (жылқы мен түйе - 75%) болады.

өндірілетін ауыл шаруашылығы дақылдарының өнімділігі мен сапасын арттыру: Тікелей нәтижелері:
80,0-100,0 мың тонна минералды тыңайтқыштардың, 180,0-198,2 мың литр тұқым дәрілерінің және 360,0-383,6 мың литр гербицидтердің құнын арзандату. Түпкілікті нәтижелері: өсімдік шаруашылығы өнімдерін өндіру агротехникалық оралымның және алдыңғы қатарлы инновациялық технологиялар дамуының толық деңгейімен қамтамасыз ету. Қаржы-экономикалық нәтижесі: 1 тонна арзандатылған минералды тыңайтқыштардың орташа құны 15000 теңгені, 1 литр арзандатылған тұқым дәрілерінің орташа құны - 1129,2 теңгені, 1 литр арзандатылған гербицидтердің орташа құны - 2603,8 теңгені құрайды.
Уақтылығы: осы бағдарламада көзделген іс-шараларды мерзімінде орындау.
Сапасы: минералды тыңайтқыштарды, тұқым дәрілерін және гербицидтерді қолдану нәтижесінде өсімдік шаруашылығы өнімдерінің өнімділігі мен сапасын 10% арттыру.
Көктемгі егіс және жинау жұмыстарын жүргізуге қажетті тауарлы-материалдық құндылықтар бағасын субсидиялау:
Тура нәтиже: көктемгі дала және жинау жұмыстарын жүргізуге ауыл шаруашылығы тауар өндірушілеріне сатып алатын 700 мың тонна дизель отынын бағасын субсидиялау.
Соңғы нәтиже: еліміздің азық-түлік қауіпсіздігін тұрақтандырады; экспорттық потенциалды көлемін ұлғайтуды қамтамасыз ету.
Қаржы-экономикалық нәтижесі: ауыл шаруашылығы дақылдарының өзіндік құнын төмендету.
Уақтылығы: бағдарламада қарастырылған іс-шараларды бекітілген мерзімде орындау.
Сапасы: ішкі нарықты қамтамасыз ету үшін қажетті, ауыл шаруашылығы өнімдері өндірісін, көлемін арттыру.
ауыл шаруашылығы товар өндірушілерге берілетін судың құнын субсидиялау: Тікелей нәтижелері: ауыл шаруашылығы тауар өндірушілеріне 8719,2 миллион куб суармалы су жеткізу құнын арзандату.
Түпкілікті нәтижелері: суармалы жерлердің тиімділігін және ауыл шаруашылығы өнімдерінің өнімділігін арттыру.
Қаржы-экономикалық нәтижесі: суармалы судың бір текше метрінің нақты құны ауылшаруашылығы товар өндірушілеріне берілетін судың бағасын субсидиялау туралы Ережеге сәйкес анықталады.
Уақтылығы: бағдарламада қарастырылған іс-шараларды бекітілген мерзімде орындау.
Сапасы: суарылатын жердің суармалы сумен қамтамасыз етілуі 90% кем болмауы.
мал шаруашылығы өнімінің сапасы мен өнімділігін арттыруды қолдау: Тікелей нәтиже: 21,3 мың тонна құрама жемнің құнын төмендету.
Соңғы нәтиже: құс етін өндірудің жалпы көлемін көтеру және құс етінің импорттік үлесін 25%-ға төмендетеді; ішкі нарықты жоғары сапалы отандық өндірістегі бройлер

етімен қамтамасыз етіледі (отандық өндірісті құс етінің үлесі 29,4%-дан 41,9% -ға өседі ) және құс етінің импорттік үлесі төмендейді (70%-дан 58,1%-ға); отандық құс фабрикаларының құс етін өндіруі ұлғаяды; отандық құс фабрикаларында өндірілетін өнімнің өзіндік құны төмендейді және оның бағасы мен сапасы жөнінен бәсекеге жарамдылығы артады; ауылшаруашылық құстың өнімділігі азықтандыру және күтіп бағу жағдайының жақсаруына байланысты 15-20%-ға өседі; отандық құрама жем өнеркәсібі кәсіпорындарының және құс шаруашылығы кәсіпорындарының арнаулы құрама жем шығаруы 1,8 есе жоғарылайды;
құрама жем өндіру үшін жемдік дәнді дақылдардың өндірісі ынталандырылады (астық дақылдары егісінің көлемі 10-15%-ға жоғарылайды).
Қаржы-экономикалық нәтижесі: құс еті бағасының 45% арзандауы.
Уақытылығы: бағдарламадағы іс шараларды белгіленген уақытта орындау.
Сапасы: ішкі нарықта отандық өндірістегі құс етінің бәсекелестік қабілеттілігі 13,6% өседі, құсты азықтандыру және күтіп бағу жағдайының жақсаруына байланысты, оның бағасының төмендеуі 13,6%.

*Ескерту. 7-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.07.31.* N 470б *қаулысымен.*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2005 жылғы 12 желтоқсандағы
N 1235 қаулысына
94-ҚОСЫМША

**212 - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі**
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2006 жылға арналған
"Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне ауыз сумен жабдықтаудың баламасыз көздері болып табылатын аса маңызды топтық сумен жабдықтау жүйелерінен ауыз су беру жөніндегі қызметтердің құнын субсидиялауға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер" деген 010 республикалық бюджеттік бағдарламаның
**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 1048816 мың теңге (бір миллиард қырық сегіз миллион сегіз жүз он алты мың теңге).

*Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2006.07.31.* N 470б *қаулысымен .*

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : 2003 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасы Су кодексінің 135-бабы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : халықтың кепілді мөлшердегі және сапалы ауыз суға қол жеткізуін қамтамасыз ету.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : республикалық меншіктегі сумен жабдықтаудың баламасыз көздері болып табылатын, тұратын ерекше маңызды топтық жүйелерден су беру жөніндегі көрсетілетін қызметтердің құнын арзандату.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N п/п | Бағ-дар-лама коды | Кіші бағ-дар-лама коды | Кіші бағдарла-малардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындау-шылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 010 | | Облыстық бюджет-терге, Астана және Алматы қала-ларының бюджет-теріне ауыз сумен жабдық-таудың баламасыз көздері болып табылатын аса маңызды топтық сумен жабдықтау жүйеле-рінен ауыз су беру жөніндегі қызмет-тердің құнын субси-диялауға берілетін ағымдағы нысаналы транс-ферттер | Қазақстан Республикасы Үкіметі белгілеген тәртіпте Көкшетау өндірістік, Орда, Каменск, Булаев, Есіл, Сергеев, Соколов, Преснов, Арыс, Шәуілдір, Сарыағаш, Жиделі, Октябрь, Арал-Сарыбұлақ, Қазба-Ақшымырау-Қызан, Атырау-Мақат топтық су құбырларынан ауыз су беру жөніндегі көрсетілген қызметтердің құнын субсидиялаудың дифференцияланған мөлшерлері бойынша арзандату. | Қаңтар-желтоқ-сан | Қазақстан Республи-касы Ауыл шаруашы-лығының министр-лігінің Су ресур-стары жөніндегі комитеті |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** : Тікелей нәтиже: субсидиялаудың дифференциацияланған мөлшерлері бойынша саны жағынан 264 және 10837,8 мың текше метр көлемдегі елді мекенді қамти отырып, ауыз суды үздіксіз беру.

Түпкілікті нәтиже: Ақмола, Атырау, Батыс Қазақстан, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Солтүстік Қазақстан және Оңтүстік Қазақстан облыстарының қала және ауыл тұрғындарын қажетті көлемдегі қолайлы бағадағы сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету.

Қаржы-экономикалық нәтижесі: бір текше метр ауыз судың нақты бағасы арзандайды, 2006 жылдың орташа арзандатылған тарифі бір текше метрге шаққанда 33,727 теңгені құрайды.

Уақтылығы: суды беру кестесіне сәйкес ауыз су беру қызметтерінің құнын субсидиялау.

Сапасы: Қазақстан Республикасының 8 облысының тұрғындары үшін ауыз су беру жөніндегі көрсетілетін қызметтердің құнын арзандату, республикалық топтық сумен жабдықтау жүйелерінен ауыз сумен қамтамасыз етілу пайызы 15,61 пайызды құрайды.

*Ескерту. 7-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.07.31.* N 706 *қаулысымен.*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2005 жылғы 12 желтоқсандағы
N 1235 қаулысына
95-ҚОСЫМША

**212 - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі**

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2006 жылға арналған
"Сырдария өзенінің арнасын реттеу және Арал теңізінің солтүстік бөлігін сақтау (2-кезең)" деген 012 республикалық бюджеттік бағдарламаның

**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 31245 мың теңге (отыз бір миллион екі жүз қырық бес мың теңге).

*Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2006.07.31.* N 706 *қаулысымен.*

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : "Арал маңы мәселелерін кешенді шешу жөніндегі 2004-2006 жылдарға арналған Бағдарламаны бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 7 мамырдағы N 520 қаулысы.

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : "Сырдария өзенінің арнасын реттеу және

Арал теңізінің солтүстік бөлігін сақтау" жобасының 2-фазасының техникалық-экономикалық негіздемесін алу.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : жобаға әлеуметтік бағалау жүргізу, техникалық-экономикалық негіздемесін әзірлеу үшін қоршаған ортаға жобаның тигізетін әсерін бағалау.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N п/п | Бағ-дар-лама коды | Кіші бағ-дар-лама коды | Кіші бағдарла-малардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындау-шылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 012 | | Сырдария өзенінің арнасын реттеу және Арал теңізінің солтүстік бөлігін сақтау (2-кезең) | | | |
| 2 | | 006 | Жобаны республи-калық бюджеттен грантты бірлесіп қаржылан-дыру есебінен іске асыру | "Сырдария өзенінің арнасын реттеу және Арал теңізінің солтүстік бөлігін сақтау-2" жобасының 2-фазасының техникалық-экономикалық негіздемесін әзірлеу келісім шарттары құнының бөлігін төлеу. Жобаға әлеуметтік бағалау жүргізу. Жобаның қоршаған ортаға әсерін бағалау. 2 кеңесші үшін сатып алынатын ұйымдастыру техникалар құнының бөлігін төлеу. Кеңестік қызметтер және ұйымдастыру техниканы сатып алғанда салық пен баж салығын төлеу операциялық шығындармен қоса, жобаны басқарушы жергілікті 2 адамнан тұратын кеңесшілердің қызметін төлеу. | наурыз-желтоқ-сан | Қазақстан Республи-касы Ауыл шаруашы-лығының министр-лігінің Су ресур-стары жөніндегі комитеті |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 3 | | 018 | Жобаны грант есебінен іске асыру | "Сырдария өзенінің арнасын реттеу және Арал теңізінің солтүстік бөлігін сақтау - 2" жобасының 2-фазасының техника-лық-экономикалық негіздемесін әзірлеуге кеңестік қызметтерді төлеу. Жобаға әлеуметтік бағалау жүргізу. Жобаның қоршаған ортаға әсерін бағалау. 2 кеңесші үшін ұйымдастыру техникала- рын сатып алу. | шілде-желтоқсан | Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығының министрлігінің Су ресурстары жөніндегі комитеті |

*Ескерту. 6-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.07.31.* N 470б *қаулысымен.*

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** : Тікелей нәтиже: бір ТЭН әзірлеу ұйымдастыру техникаларын сатып алу.
Түпкілікті нәтиже: "Сырдария өзенінің арнасын реттеу және Арал теңізінің солтүстік бөлігін сақтау 2-фаза" жобасының толық ауқымдағы техникалық-экономикалық негіздемесін алу.
Қаржы-экономикалық нәтижесі: Арал теңізі маңындағы 600 мың тұрғындардың хал жағдайы жақсару үшін 1 ТЭН алу.
Уақтылығы: жұмыс 25% орындалады.
Сапасы: ТЭН дұрыс қорытынды алу.

*Ескерту. 7-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.07.31.* N 470б *қаулысымен.*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2005 жылғы 12 желтоқсандағы
N 1235 қаулысына
96-ҚОСЫМША

**212 - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі**

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2006 жылға арналған
"Ауыл шаруашылығы дақылдарының сорттарын сынақтан өткізу" деген 013 республикалық бюджеттік бағдарламаның
**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 109788 мың теңге (бір жүз тоғыз миллион жеті жүз сексен сегіз мың теңге ) .

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : 13 шілде 1999 жылғы "

Селекциялық жетістіктерді қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 3-бабы ; 8 ақпан 2003 жылғы "Тұқым шаруашылығы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабы ; "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің "Селекциялық жетістіктерді сынау және қорғау" Республикалық мемлекеттік кәсіпорынды қайта ұйымдастыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 11 ақпандағы N 204 қаулысы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты .

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : отандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің егу үшін Қазақстан республикасында пайдалануға рұқсат етілген Селекциялық жетістіктердің мемлекеттік тізіліміне енгізілген ауыл шаруашылығы дақылдары сорттарының тұқымын пайдалануы.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : сапасы жағынан өнімді және құнды сорттарды айқындау, селекциялық жетістіктердің патенттік қабілеттілігі мен шаруашылыққа пайдалығы шарттарына сәйкестігі туралы қорытынды беру.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N п/п | Бағдар-лама коды | Кіші бағ-дар-лама коды | Кіші бағдарла-малардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындау-шылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 013 | | Ауыл шаруа-шылығы дақыл-дарының сорттарын сынақтан өткізу | Мемлекеттік мекемені штат саны 36 адамнан тұратын "Ауыл шаруашылығы дақылдарын сорттық сынақтан өткізу жөніндегі мемлекеттік комиссия", штат саны 212 адамнан тұратын ауыл шаруашылығы дақылдарын сорттық сынақтан өткізу жөнінде 12 облыстық және 3 аймақтық инспекту-раларын Қазақстан Республикасында пайдалануға рұқсат етілген селекциялы жетістіктердің мемлекеттік тізбесіне енгізілген сапасы жағынан анағұрлым өнімді айқындалған сорттарды енгізу | қаңтар-желтоқ-сан | Қазақстан Республи-касының Ауыл шаруашы-лық |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | мақсатымен 6550 дейін сорттық тәжірибе жүргізе отырып 115 ауыл шаруашылығы дақылдары бойынша сапалы және өнімді сорттарды айқындауға, 16000 гектар алаңда агротехникалық іс-шаралар кешенін орындау арқылы ауыл шаруашылығы дақылдары-ның патенттік қабілеттілігі мен шаруашылыққа пайдалы-ғына мемлекеттік сорттық сынақты жүргізуін қамтамасыз ету. Барлық агротех - никалық жұмыстардың көлемін толық орындау үшін автомашина, астық жинайтын комбайн, шынжырлы және дөңгелекті тракторлар, тіркеме жабдықтар алу. | | министр-лігі |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** : Тікелей нәтижелері: Қазақстан Республикасында пайдалануға рұқсат етілген Селекциялық жетістіктердің мемлекеттік тізіліміне сапасы жағынан анағұрлым өнімді сорттарды енгізу мақсатымен 115 ауыл шаруашылығы дақылдары бойынша барлығы 890 сорттар сынақтан өтеді. Ауыл шаруашылығы дақылдарын сорттық сынақтан өткізу жөніндегі Мемлекеттік комиссияны, өңірлік және облыстық инспектураларды ауыл шаруашылығы техникасымен жарақтандыру: автомашина - 2 бірлік, астық жинаушы комбайн - 1 бірлік, шынжырлы трактор - 2 бірлік, дөңгелекті трактор - 2 бірлік, тіркеме жабдықтар - 6 бірлік.

Түпкілікті нәтижелері:
ауыл шаруашылығы дақылдарын сорттық сынақтан өткізу нәтижелері бойынша 45-50 сорт өндіріске жіберілетін болады және республика облыстарында аудандастырылады.

Қаржы-экономикалық нәтижесі: ауыл шаруашылығы дақылдарының 1 сорттық тәжірибесіне жұмсалатын жалпы шығындар 13555 теңгені құрайды.
Уақтылығы: осы бағдарламада көзделген іс-шараларды белгіленген мерзімде орындау.
Сапасы: Қазақстан Республикасында пайдалануға рұқсат етілген Селекциялық жетістіктердің мемлекеттік тізіліміне енгізілген ауыл шаруашылығы дақылдарының сорттарын пайдаланудың үлес салмағы кемінде 85% құрайды.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2005 жылғы 12 желтоқсандағы

N 1235 қаулысына
97-ҚОСЫМША
**212 - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі**
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі
2006 жылға арналған
"Ирригациялық және дренаждық жүйелерді жетілдіру"
деген 014 республикалық бюджеттік бағдарламаның
**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 77099 мың теңге (жетпіс жеті миллион тоқсан тоғыз мың теңге).

*Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2006.07.31.* N 470б *қаулысымен .*

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : "Ирригациялық және дренаждық жүйелерді жетілдіру" жобасының 2 фазасын әзірлеуге грант бөлу туралы Қазақстан Республикасы мен Халықаралық Қайта жаңарту және Даму Банкі арасындағы Келісім-Хатқа қол қою туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 2 тамыздағы N 804 қаулысы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : ауыл шаруашылығы тауар өндірушілері қызметтерінің экономикалық және қаржы тұрақтылығын ұлғайту.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : "Ирригациялық және дренаждық жүйелерді жетілдіру" жобасының екінші фазасының техникалық-экономикалық негіздемесін (ТЭН) әзірлеуді аяқтау.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N п/п | Бағ-дар-лама коды | Кіші бағ-дар-лама коды | Кіші бағдарла-малардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындау-шылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 014 | | Ирригациялық және дренаждық жүйелерді жетілдіру | | | |
| 2 | | 006 | Жобаны республикалық бюджеттен грантты бірлесіп қаржы- | Қосымша құнға салық төлеу. "Операциялық шығындар" және "тауар" категориясы бойынша грантты үлестік қатыста | қантар-желтоқ-сан | Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министр-лігінің |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | ландыру есебінен іске асыру | бірлесіп қаржыландыруды қамтамасыз ету. | | Су ресурстары жөніндегі комитеті |
| 3 | | 018 | Жобаны грант есебінен іске асыру | Кеңес беруші ұйымдардың қызметін техникалық-экономикалық негіздемесін әзірлеу үшін сатып алу. Жеке кеңесшілердің қызметін сатып алу. Кеңесшілердің операциялық шығындары. | үшінші тоқсан | Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Су ресурстары жөніндегі комитеті |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** : Тікелей нәтиже: "Ирригациялық және дренаждық жүйелерді жетілдіру" жобасының екінші фазасының техникалық-экономикалық негіздемесін алу.
Түпкілікті нәтиже: ауыл шаруашылығы тауар өндірушілері қызметтерінің экономикалық және қаржы тұрақтылығын ұлғайту.
Қаржы-экономикалық нәтижесі: жұмыстың үлестік құны (1 гектарға шаққанда) 300-400 теңге/гектар.
Уақытылығы: жоспарланған жұмыстардың 100% орындалуы.
Сапасы: "Ирригациялық және дренаждық жүйелерді жетілдіру" жобасының 2-фазасының техникалық-экономикалық негіздемесіне дұрыс қорытынды алу.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2005 жылғы 12 желтоқсандағы
N 1235 қаулысына
98-ҚОСЫМША

**212 - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі**
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2006 жылға арналған
"Ауыл шаруашылығын жекешелендіруден кейінгі қолдау"
деген 016 республикалық бюджеттік бағдарламаның
**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 230483 мың теңге (екі жүз отыз миллион төрт жүз сексен үш мың теңге).

*Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2006.07.31.* N 470б *қаулысымен .*

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : "Қазақстан Республикасы мен Халықаралық Қайта Құру және Даму банкі арасында Қарыз туралы келісім (Ауыл шаруашылығын екінші жекешелендіруден кейінгі қолдау жобасы) жасау туралы" Қазақстан Республикасының Үкіметінің 2005 жылғы 19 наурыздағы N 255

қаулысы ; Қазақстан Республикасы мен Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкі арасындағы Қарыз туралы келісімді (Ауыл шаруашылығын қолдаудың жекешелендіруден кейінгі екінші жобасы) ратификациялау туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 14 желтоқсандағы Заңы .

*Ескерту. 2-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.07.31.* N 706 *қаулысымен.*

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : фермерлердің, ауылдық шағын және орта кәсіпорындардың, ауылдық жердегі бизнес өкілдерінің қаржылық қызметке қол жеткізуін қамтамасыз ету.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : ауылдық қаржылық консультациялық қызметке қол жеткізетін ауылдық аудандар тұрғындарының пайызын барынша ұлғайту ; ауылдық қаржылық консультациялық қызмет жүйесін дамыту; ауыл шаруашылығын кредиттеу тәуекелін барынша азайту; ұзақ мерзімді ауыл шаруашылық инвестицияларды бағалау бойынша коммерциялық банктер мен лизингтік компаниялардың функционалдық мүмкіндіктерін бекіту; микроқаржылық ұйымдарды институционалды дамыту.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N п/п | Бағ-дар-лама коды | Кіші бағ-дар-лама коды | Кіші бағдарла-малардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындау-шылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 016 | | Ауыл шаруа-шылығын жекеше-ленді-руден кейінгі қолдау | | | |
| 2 | | 016 | Жобаны респуб-ликалық бюджеттен сыртқы қарыз-дарды бірлесіп қаржы-ландыру есебінен іске асыру | Ауылдық қаржылық консультациялық қызмет жүйесін құру компоненті бойынша техникалық көмек беру және облыстық және аудандық деңгейдегі консультанттарды оқыту үшін жергілікті консалтингтік компанияның, 3 шетелдік және 3 | 2006 жылғы қаңтар-желтоқ-сан | Қазақстан Республи-касының Ауыл шаруашы-лығы министр-лігі |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | жергілікті жеке консультанттардың консультациялық қызмет көрсетуін сатып алу. Ауылшаруашылық және бағалық тәуекелді басқару жөніндегі техникалық көмек беру үшін 2 халықаралық компанияның консультациялық қызмет көрсетуін сатып алу. Ауылдық инвестициялық жобаларды кредиттеу мәселелері бойынша жобаның кредиттік жолын іске асыруға қатысатын 2-ші деңгейдегі банктердің облыстық және аудандық бөлімшелерінің кредиттік офицерлерін және лизингтік компанияларды оқыту және техникалық көмек беру үшін жергілікті консалтингтік компанияның, 2 шетелдік жеке консультанттардың консультациялық қызмет көрсетуін сатып алу. Микроқаржыландыру компоненті шеңберінде іріктеп алынатын микроқаржылық ұйымдардың әлеуетін дамыту бойынша техникалық көмек беру үшін 4 шетелдік жеке консультанттардың және Микроқаржылық ұйымдардың қауымдастығының консультациялық қызмет көрсету сатып алу. Жобаны іске асыру үшін 4 адамнан тұратын жергілікті консуль-танттардың қызмет көрсетуін, операция-лық қызмет көрсетуді төлеуді қоса алғанда төлеу. Тауарлар, жұмыстар және қызмет | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | көрсетуді сатып алу бойынша конкурстар өткізу туралы хабарландыру-ларды төлеу. Қарыз бергені үшін Дүниежүзілік Банкке бір жолғы комиссиялық алым төлеу. | | |

*Ескерту. 6-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.07.31.* N 706 *қаулысымен.*

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** : Тікелей нәтиже: өз кезегінде аудандық деңгейдегі 200 консультантты оқытатын консалтингтік компания оқытқан 5 облыстан 30 оқытушы-жаттықтырушы; өсімдік шаруашылығында сақтандыру мен тауар биржалары жөніндегі нормативтік құқықтық базаны талдау жүргізілді; жергілікті консалтингтік компания мен шетелдік жеке консультанттар оқытқан қатысушы банктер мен лизингтік компаниялардың кредит беру бөлімдерінің 80 қызметкері; ауылда жұмыс істейтін микроқаржылық ұйымдардың әлеуеттік мүмкіндіктері зерттеледі және талдау негізінде кейінгі жылдары жобаны іске асыру кезінде микроқаржыландыру үшін қаржы ресурстарын беру және олардың персоналын оқыту үшін микроқаржылық ұйымдардың бірқатары іріктеп алынады.
Түпкілікті нәтиже: ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің, ауылдық жердегі бизнес өкілдерінің бизнес-жоспар жасау, кредиттік құжаттарды рәсімдеу бойынша мүмкіндіктері артады; банктердің аграрлық секторға сенімі артады және ауылдық бизнеске кредит ресурстарының ағымы ұлғаяды.
Қаржы-экономикалық нәтижесі: консультанттар тобын ұстау, халықаралық және жергілікті консультанттарды тарту бойынша шығындар инвестициялық жобалар бойынша бекітілген лимиттерден аспайды. Қысқа мерзімді жергілікті консультанттың 1 адам - ай қызмет көрсетуі 127 мың теңгеден аспайды, халықаралық консультанттың - 2 286 мың теңге.
Ауылдық қаржылық консультациялық қызмет жүйесін құру шеңберінде 1 консультантты оқытуға шығындар 30,5 мың теңгеден аспайды.
Уақтылығы: бағдарлама бойынша іс-шаралар осы бағдарлама паспортымен көзделген мерзімдерде жасалады.
Сапасы: ауылдық қаржылық консультациялық қызметпен қанағаттанған фермерлердің 40%-ы.

*Ескерту. 7-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.07.31.* N 706 *қаулысымен.*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2005 жылғы 12 желтоқсандағы
N 1235 қаулысына
99-ҚОСЫМША

**212 - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі**

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2006 жылға арналған "Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне сумен жабдықтау жүйелерін дамытуға берілетін нысаналы даму трансферттері" деген 017 республикалық бюджеттік бағдарламаның **ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 7308497 мың теңге (жеті миллиард үш жүз сегіз миллион төрт жүз тоқсан жеті мың теңге).

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : "Қазақстан Республикасының 2004-2010 жылдарға арналған ауылдық аумақтарды дамытудың мемлекеттік бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 10 шілдедегі Жарлығы ; "2002-2010 жылдарға арналған "Ауыз су" салалық бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 23 қаңтардағы N 93 қаулысы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : ауылдық елді мекендер, қалалар және кіші қалаларды қажетті көлемде және кепілді ауыз сумен тұрақты қамтамасыз ету.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : ауылдық елді мекендер, қалалар және кіші қалаларды қажетті көлемде және кепілді ауыз сумен қамтамасыз ету.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N п/п | Бағдар-лама коды | Кіші бағ-дар-лама коды | Кіші бағдарла-малардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындау-шылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 017 | | Облыстық бюджет-терге, Астана және Алматы қалала-рының бюджет-теріне сумен жабдықтау жүйелерін дамытуға берілетін нысаналы даму | "2006 жылғы республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасы Заңын жүзеге туралы" 2005 жылғы 9 желтоқсандағы N 1228 Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысының 2 қосымшасына сәйкес, сонымен қатар 2002-2010 жылдарға "Ауыз су" бағдарламасы шеңберінде - 2120722 мың теңге, 2004-2010 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының | 2006 жылғы қаңтар-желтоқ-сан | Қазақстан Республи-касы Ауыл шаруашы-лығы министр-лігінің Су ресур-стары |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | транс- ферттері | ауылдық аумақтарын дамыту мемлекеттік бағдарламасының дамыту шеңберінде - 5187775 мың теңге Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің бұйрығына сай бекітіп, мемлекеттік сарапта- мадан өтіп, бекітілген жобалау-құжаттарына сәйкес, сумен жабдықтау жүйелерін дамытуға арналған іс-шаралар тізбесі бойынша және белгіленген сомалар шегінде ауыз сумен қамтамасыз ету нысаналарын қайта жаңарту және салуға, инвестициялық жобаларды іске асыруға бағытталған облыс бюджеттерін, Астана мен Алматы қалаларының бюджеттерін дамытуға арналған мақсатты трансферттерді жүзеге асыру. | | жөніндегі комитеті |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** : Тікелей нәтиже: ауыз сумен жабдықтау объектілерін қайта жаңарту және салу бойынша жұмыс көлемінің орындалуы.

Түпкілікті нәтиже: Қазақстан халқын сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету үшін ауыз сумен жабдықтау объекттерін пайдалануға енгізілуі.

Уақтылығы: жасалынған келісім-шартқа, жұмыс жоспары-тізбесіне сәйкес.

Сапасы: құрылыс нормалары мен ережелеріне сәйкес.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2005 жылғы 12 желтоқсандағы
N 1235 қаулысына
100-ҚОСЫМША

**212 - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі**

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2006 жылға арналған

"Жұқпалы аурулардан сақтануды қамтамасыз ету"

деген 018 республикалық бюджеттік бағдарламаның
**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 6203618 мың теңге (алты миллиард екі жүз үш миллион алты жүз он сегіз мың теңге).

*Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2006.07.31.* N 470б *қаулысымен.*

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : "Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңының 8, 10, 11, 12, 20, 24, 26, 27, 28, 29, 30, 31, 32, 35-баптары ; "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігіне ведомстволық бағыныстағы жекелеген ұйымдардың мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 29 желтоқсандағы N 1431 қаулысы ; " Ветеринария саласындағы нормативтік құқықтық актілерді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 28 сәуірдегі N 407 қаулысы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты:** Қазақстан азаматтарын және жануарлар әлемін адамдар, жануарлар және құстар үшін ортақ аурулардан диагностикалық, алдын алу және жою іс-шараларын жүргізу арқылы қорғау.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : зертхана жабдықтарын халықаралық нормалар мен стандарттарға сәйкес келтіру; ветеринарлық зертханалардың мамандарына зерттеудің қазіргі заманғы әдістерін оқыту; республикада жануарлар мен құстардың жұқпалы ауруларының таралуына жол бермеу; ауыл шаруашылығы жануарларының бруцеллезі және/немесе туберкулезі бойынша қолайсыз пункттерді сауықтыру; жануарлар мен құстардың тез таралатын жұқпалы ауруларының ошақтарын оқшаулау және жою; шекаралас мемлекеттерден Қазақстан Республикасының аумағына жануарлар мен құстардың тез таралатын жұқпалы аурулары енуіне тосқауыл қою; уақтылы диагноз қою.

*Ескерту. 5-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.07.31.* N 470б *қаулысымен.*

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N п/п | Бағ-дар-лама коды | Кіші бағ-дар-лама коды | Кіші бағдарла-малардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындау-шылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 018 | | Жұқпалы аурулар-дан | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | сақтануды қамтамасыз ету | | | |
| 2 | | 100 | Ветеринариядағы мониторинг, референция, зертханалық диагностика және әдіснама ұлттық орталығы | Мына жұмыстарды орындау мақсатында штат саны 84 адамдық мемлекеттік мекеме ұстау:<br>- жануарлардың ауруларына диагноз қоюды әдістемелік қамтамасыз ету;<br>- жабайы фаунаның эпизоотиялық мониторингін жүргізу;<br>- жануарлардың ауруларына диагноз қою кезіндегі референттік функция (даулы жағдайларда немесе басқа зертханаларда диагноз қою қиын болған кезде түпкілікті диагноз қою);<br>- Ветеринарияда пайдаланылатын микроорганизмдердің депондалған штаммдарының ұлттық коллекциясын жүргізу;<br>- малдардың организміндегі, малдан өндірілетін өнімдер мен шикізаттардағы өте улы немесе радиоактивті заттарды анықтау;<br>- малдан өндірілетін өнімдер мен шикізаттарды, жемдердің, жем қоспаларының, ветеринариялық препараттардың импорты, экспорты және транзит кезінде олардың ветеринариялық-санитариялық сараптамасының даулы жағдайларындағы зертханалық зерттеулер;<br>- жұмысшыларының біліктілігін көтеру және 10 маманды оқыту жөніндегі алыс және жақын шетелдердің және халықаралық | Жыл бойында | Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | референттік орталық-тардың ғылыми зерттеу мекемелері көрсететін қызметтерді сатып алу;<br>Мыналарды сатып алу:<br>- жоғары мүмкіндік-тегі газды хромато-графиялық компьютер-ленген микроорганизмді идентификациялау жүйесі;<br>- микропроцессормен басқарылатын және $CO_2$ ұстайтын инфрақызыл детекторы бар $CO_2$-инкубатор;<br>- салқындату жүйесі бар, бір ротор ұясының сыйымдылығы 100 милилитрге дейін жететін центрифуга;<br>- ауруларға диагноз қоюға арналған препараттар (диагностикумдар), химреактивтер және құралдар, зертханалық<br><br>жануарларға арналған азықтар;<br>- іс қағаздарын жүргізу үшін компьютер принтерімен;<br>- мүйізді ірі қара;<br>- жылқы (жабағы);<br>- зертханалық жиһазды - 1 жиынтық;<br>стандарттар, реагенттер мен шығыс материалдары жиынтығымен бірге микроорганизмдердің нуклеин қышқылдары құрамын анықтауға арналған аппарат - 1 бірлік;<br>стандарттар, реагенттер мен шығыс материалдары жиынтығымен бірге олигонуклеотидтерді (нуклеин қышқылдары) уландыруды синтездеуге арналған аппарат - 1 бірлік;<br>стандарттар, реагенттер мен шығыс материалдары жиынтығымен бірге бағдарламалық қамтамасыз ететін микробиологиялық талдауыш 1 бірлік;<br>бағдарламалық қамтамасыз етумен, стандарттар, реагенттер мен шығыс материалдары жиынтығымен бірге шикізат пен өнімдердегі улы және химиялық заттарды анықтауға арналған аппарат - 1 бірлік;<br>люминесцентті микроскоп - 2 бірлік; | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | картриджер жиынтығымен бірге суды жоғары тазалау жүйесі аппараты - 1 бірлік;<br>персонал мен өнімдерді қорғаудың микробиологиялық боксы (3 сыныпты) - 3 бірлік;<br>персонал мен өнімдерді қорғаудың микробиологиялық боксы (2 сыныпты) - 2 бірлік;<br>ампулаларды вакуум арқылы дәнекерлеуге арналған аксессуарлары бар биологиялық заттарды лиофильді кептіруге арналған аппарат - 1 бірлік;<br>бағдарламалық қамтамасыз етілген сандық бейнекамерасы бар микроскоп - 2 бірлік;<br>төмен температуралы мұздатқыш (86-93С) - 2 бірлік;<br>көлемі кемінде 200 л термостат (+20-60С) - 3 бірлік;<br>стерилизациялауға және кәдеге жаратуға арналған автоклав - 3 бірлік;<br>жұмыртқаларды инкубациялауға арналған аппарат (+20-60С) - 3 бірлік;<br>СО2 - көлемі кемінде 100 л инкубаторлар, инфрақызыл датчиктер және ылғалдылықты бақылау - 2 бірлік;<br>210 г-ға дейінгі электронды (талдамалы) таразылар, д-0,001 - 3 бірлік;<br>инвертирленген микроскоп, бинокуляр, жарық алаң, фазалық айқындылық - 3 бірлік;<br>салқындатқышы бар мультифункциональды (жоғары жылдамдықты) центрифуга - 3 бірлік;<br>қоректі орта дайындауға арналған аппарат - 3 бірлік;<br>Дьюар ыдысы СДС - 4 жиынтық. | | |
| 3 | | 101 | Жануарлар аурулары-ның диагностикасы | Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен тізбеге сәйкес жануарлар мен құстардың аурулары бойынша серологиялық, бактериологиялық, вирусологиялық, паразитологиялық 18,0-23,0 млн. диагностикалық зерттеу жүргізу жөніндегі іс-шараларды орындау бойынша көрсетілген қызметтерге ақы төлеу. Жақын және алыс шетелдердің ғылыми-зерттеу мекемелері мен халықаралық референтті орталықтарда 39 маманды оқыту. Саны 2062 бірлік арнайы жабдық пен құралдар сатып алу. | Жыл бойында | Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі |
| | | | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 4 | | 102 | Эпизоотияға қарсы шаралар | Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен тізбеге сәйкес жануарлар мен құстардың ауруларына қарсы эпизоотияға қарсы мынадай іс-шаралар жүргізуді қамтамасыз ету: жануарлар мен құстардың аса қауіпті ауруларының алдын алуға арналған ветеринариялық препараттардың 170,0-220,0 млн. дозасын және ветеринариялық препараттардың республикалық қорын толықтыру үшін 10000-15000 литр дезинфекциялық заттар сатып алу; ветеринариялық препараттарды соның ішінде ветеринариялық препараттардың республикалық қорын белгіленген орнына тасымалдау қолданылғанға дейін ветеринариялық препараттардың сақталуы; ветеринариялық препараттардың республикалық қорының сақталуы; ветеринариялық препараттарды жергілікті жерлерде қолдану, оған қоса: 1) серологиялық зерттеулер үшін қанның сынамаларын алу және жеткізу - 18,0-23,0 млн. сынама; 2) 120,0-150,0 млн. ветеринариялық препарат дозасын жануарларға егу. Ауыл шаруашылығы жануарларының бруцеллезі және/немесе туберкулезі бойынша қолайсыз 55-65 пунктті белгіленген тәртіпке сәйкес сауықтыру, оған қоса мыналарды өткізу: кері нәтиже алғанға дейін жануарларды зерттеу; ауру жануар- | Жыл бойында | Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | ларды өткізу; жануарларды егу; ауру жануарлар ұсталған жайларды дезинфекция-лау. | | министр-лігі |
| 5 | | 103 | Жануарлар мен құс-тардың қауіпті жұқпалы аурула-рының ошақтарын жою | Қазақстан Республика-сының Үкіметі анық-таған тізбе бойынша жануарлар мен құстар-дың ауруы шығады деп күтілген ошақтарды 100% оқшаулау және жою жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыру арқылы мыналарды қамту: ветеринариялық препараттар мен дезинфекциялау құралдарын жеткізу; өлген малдар мен құстардың өлекселерін өртеп жіберу арқылы жою; алынып жойылған малдың, азықтың, азық қоспаларының және ветеринариялық препараттардың құнын өтеу; эпизоотологиялық ошақта және қатерлі аймақта малдар мен құстарды мәжбүрлеп ету; малдар мен құстар ұсталған жайларды дезинфекциялау; зертханалық зерттеу үшін қан сынамалары мен патологиялық материал алу және жеткізіп беру; созылмалы ауруларға арналған бақылау зерттеулерін жүргізу; карантин кезінде карантиндік бекеттер, дезинфекциялық кедергілер орнату және оларда тәулік бойы кезекшілік ұйымдастыру. Шекаралас мемлекет-терде жануарлар мен құстардың аса қауіпті инфекциялық аурулары шыққан кезде республикаға инфекция | Жыл бойында | Қазақстан Республи-касының Ауыл шаруашы-лығы |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | әкелінуіне жол бермеу жөнінде шекаралық карантиндік уақытша бекеттер ұйымдастыру жүзеге асырылады, онда мыналар қамтылады: дезинфекциялық заттарды республикалық қордан осы бекеттерге дейін жеткізу; шекаралас мемлекет-терде эпизоотиялық жағдай тұрақтанғанша көлік құралдарын дезинфекциялау үшін дезинфекциялық уақытша кедергілер орнату немесе бар дезинфек-циялық кедергілерді жөндеу және оларда тәулік бойы кезекшілік ұйымдастыру. | | министр-лігі |

*Ескерту. 6-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.07.31.* N 470б *қаулысымен.*

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** : Тікелей нәтижесі: жануарлар мен құстардың ауруларына диагноз қоюдың қолданыстағы әдістерін жетілдіру, қажетті зертханалық құрал-жабдықтар 7 бірлік, ұйымдастыру техникасы 4 бірлік және 20 бас жануармен қамтамасыз ету, саны 2107 бірлік зертхана жабдығын сатып алу жолымен зертханалық диагностиканың мемлекеттік жүйесін халықаралық стандарттарға сәйкес келтіру және мал шаруашылығы өнімдерінің қауіпсіздігін айқындау жөнінде зертханалық зерттеулер жүргізу үшін 49 маманды сынаудың қазіргі заманғы әдістеріне оқыту; нәтижесінде мемлекеттік мекеменің қызметін жақсарту; жануарлар мен құс ауруларына диагноз қою бойынша 18-23 миллион зерттеу жүргізу, 170-220 миллион бас жануар мен құсты иммунизациялау, ауыл шаруашылығы жануарлары мен құс туберкулезі және/немесе бруцеллезі бойынша 55-65 қолайсыз мекендерді сауықтыру; жануарлар мен құс ауруларының ошақтарын 100% жою; Қазақстан Республикасы аумағына жануарлар мен құс ауруларының шекаралас мемлекеттерден әкелінуіне жол бермеу.

Түпкілікті нәтижесі: Қазақстан Республикасының барлық азаматтары, жануарлар әлемі және құстар үшін эпизоотиялық қолайлықты қамтамасыз ету.

Қаржы-экономикалық нәтижесі: орташа шығын 1 диагностикалық зерттеуге - 75,86 теңге, алдын алу жөніндегі бір іс-шараға - 15,6 теңге, бір туберкулез және бруцеллездің ошағын сауықтыруға 4109,4 мың теңге және Қазақстан Республикасы аумағында жануарлар мен құс ауруларының ошағын жоюға және жануарлар және құстың жіті инфекциялық аурулары таралуының алдын алуға - 172 500,0 мың теңге.

Уақтылығы: осы бағдарламада көзделген іс-шаралар жоспарын көрсетілген мерзімде орындау.

Сапасы: Қазақстан Республикасында 100% эпизоотиялық қолайлыққа қол жеткізу.

*Ескерту. 7-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.07.31.* N 470б *қаулысымен.*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2005 жылғы 12 желтоқсандағы
N 1235 қаулысына
101-ҚОСЫМША

**212 - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі**
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2006 жылға арналған
"Ауылдық аумақтарды сумен жабдықтауды және кәріздендіруді дамытудың салалық жобасы (2-кезең)"
деген 019 республикалық бюджеттік бағдарламаның
**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 43815 мың теңге (қырық үш миллион сегіз жүз он бес мың теңге).

*Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2006.07.31.* N 470б *қаулысымен.*

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : "2002-2010 жылдарға арналған "Ауыз су" салалық бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 23 қаңтардағы N 93 қаулысы ; "Қазақстан Республикасы экономикасының су секторын дамытудың және су шаруашылығы саясатының 2010 жылға дейінгі тұжырымдамасын мақұлдау" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 21 қаңтардағы N 71 қаулысы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты .

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : "Ауылдық аумақтарды сумен жабдықтау және кәріз салалық жобасы (2-фаза)" жобасын дамыту үшін "Кіші бағдарламалардың техникалық-экономикалық негіздемесін әзірлеу" жобасының 2-фазасының техникалық-экономикалық негіздемесі дайындалады.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : жобаға әлеуметтік бағалау жүргізу, техникалық-экономикалық негіздемесін әзірлеу үшін қоршаған ортаға жобаның тигізетін әсеріне бағалау жүргізу, орталық және жергілікті атқарушы органдарға семинарлар мен конференциялар өткізу арқылы көмек көрсету.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N п/п | Бағ-дар-лама коды | Кіші бағ-дар-лама коды | Кіші бағдарла-малардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындау-шылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | | 7 |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | 6 | |
| 1 | 019 | | Ауылдық аумақ-тарды сумен жабдық-тауды және кәріз-дендіруді дамытудың салалық жобасы (2-кезең) | | | |
| 2 | | 006 | Жобаны республи-калық бюджеттен грантты бірлесіп қаржылан-дыру есебінен іске асыру | Жобаның техникалық-экономикалық негіздемесін әзірлеу. Баж және салықтарды төлеу. | Жыл бойында | Қазақстан Республи-касы Ауыл шаруашы-лығы министр-лігінің Су ресур-стары жөніндегі комитеті |
| 3 | | 018 | Жобаны грант есебінен іске асыру | Ауылдық аумақтарды сумен жабдықтау және кәріздеу екінші жобасы үшін техникалық-экономикалық негіздемені әзірлеуге техникалық көмек. Халықаралық және жергілікті кеңесші-лердің қызметін төлеу, операциялық шығындарды қоса алғанда. Жабдықтар алу. Оқулар, семинарлар мен конференциялар. Келісім-шарт туралы келіссөздерге қатысу. Жоспарланбаған шығындар. | Жыл бойында | Қазақстан Республи-касы Ауыл шаруашы-лығы министр-лігінің Су ресур-стары жөніндегі комитеті |

*Ескерту. 6-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.07.31.* N 470б *қаулысымен.*

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** : Тікелей нәтиже: Бір ТЭН әзірлеу, ұйымдастыру техникаларын сатып алу. Түпкілікті нәтиже: "Ауылдық аумақтарды сумен жабдықтау және кәріз салалық жобасы (2-фаза)" жобасының толық масштабтағы техникалық-экономикалық негіздемесі дайындалуы. Қаржылық-экономикалық нәтиже: Қазақстан Республикасы ауыл

тұрғындарын сумен жабдықтауды жақсарту үшін 1 ТЭН дайындалуы. Уақтылығы: жұмыстың бекітілген мерзімде 30% орындалуы. Сапасы: ТЭН-ге дұрыс қорытынды алу.

*Ескерту. 7-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.07.31.* N 470б *қаулысымен.*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2005 жылғы 12 желтоқсандағы
N 1235 қаулысына
102-ҚОСЫМША

**212 - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі**
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2006 жылға арналған
"Азық-түлік қауіпсіздігін және жұмылдыру
қажеттіліктерін қамтамасыз ету"
деген 020 республикалық бюджеттік бағдарламаның
**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 7062362 мың теңге (жеті миллиард алпыс екі миллион үш жүз алпыс екі мың теңге).

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : "Астық туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 3, 4, 6, 10, 11, 12-баптары ; "Агроөнеркәсіп кешені және ауылдық аймақтардың дамуын мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 3, 5, 9, 12-баптары ; Қазақстан Республикасы Үкіметінің " Мемлекеттік астық ресурстарын қалыптастыру, сақтау және пайдалану ережесін бекіту туралы" 2001 жылғы 28 наурыздағы N 394 қаулысы ; Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы" акционерлік қоғамының 2005-2007 жылдарға арналған даму жоспарын бекіту туралы" 2004 жылғы 24 желтоқсандағы N 1372 қаулысы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : Қазақстан Республикасының азық-түліктік қауіпсіздігін және мобилизациялық қажеттігін қамтамасыз ету, ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді мемлекеттік қолдау.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : мемлекеттік азық-түліктік астық резервін дер уақытында жаңарту және отандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді қолдау үшін астық сатып алу, мемлекеттік азық-түліктік астық резервін сақтау және орнын ауыстыру.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N п/п | Бағ-дар- | Кіші бағ- | Кіші бағдарла- | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|

| | лама коды | дар-лама коды | малардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындау-шылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 020 | | Азық-түлік қауіпсіз-дігін және жұмылдыру қажетті-ліктерін қамтама-сыз ету | | | |
| 2 | | 100 | Мемле-кеттік ресурс-тарға астықты сатып алу | Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешіміне сәйкес мемлекеттік азық-түліктік астық резервін жаңарту үшін отандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерден 558,3 мың тоннаға дейінгі көлемде астық сатып алу. | 2006 жылғы қаңтар-жел-тоқсан | Қазақстан Республи-касының Ауыл шаруашы-лығы министр-лігі |
| 3 | | 101 | Азық-түлік астығы мемле-кеттік резер-вінің астығын сақтау және ауыстыру | 500,0 мың тонна көлеміндегі мемлекеттік азық-түліктік астық резервін лицензия-ланған астық қабылдау кәсіпорындарында сақтау, сол сияқты 18,0 мың тонна көлеміндегі мемлекет-тік азық-түлік резерві астығының орнын ауыстыру. | 2006 жылғы қаңтар-жел-тоқсан | Қазақстан Республи-касының Ауыл шаруашы-лығы министр-лігі |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** : Тікелей нәтижелері:
- 558,3 мың тоннаға дейін көлемдегі астықты мемлекеттік астық ресурстарына сатып алу;
- есеп беру кезеңінің соңына 250,0 мың тоннаға дейін көлемдегі ағымдағы жылғы егіннің астығын мемлекеттік азық-түліктік астық резервіне орналастыру;
- 500,0 мың тонна көлемдегі мемлекеттік азық-түліктік астық резервін республиканың астық қабылдау кәсіпорындарында сақтау;
- 18,0 мың тоннаға дейін көлемдегі мемлекеттік азық-түліктік астық резервін жеке меншік астық қабылдау кәсіпорындарынан мемлекеттік астық базаларына орнын ауыстыру.

Соңғы нәтижелері:
- есеп беру кезеңінің соңына 45% шамасындағы ағымдағы жылғы егіннің астығын мемлекеттік азық-түліктік астық резервіне орналастыру (ғылыми негізделген нормалар бойынша 30% кем емес);
- республика тұрғындарының астықпен азық-түліктік қамтамасыз ету үлесі - 16,6%;
- астықты мемлекеттік сатып алуға қатысушы ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің саны - 1900 кем емес.
Қаржы-экономикалық нәтижелері:
- мемлекеттік ресурстарға сатып алынатын 3 сыныпты жұмсақ бидайдың 1 тоннасының орташа бағасы - 11,0-12,0 мың теңге;
- мемлекеттік ресурстарға сатып алынатын 1 тонна астықтың сақтау құны - 138,83 теңге;
- мемлекеттік астық ресурстарының 1 тоннасының орнын ауыстыру бағасы - 1190,0 теңгеге дейін.
Уақтылығы: мемлекеттік астық ресурстарын сатып алу, сақтау және орнын ауыстыру белгіленген мерзімде жүзеге асырылады.
Сапасы: жоғарғы сапалы 100% астық сатып алу, астықтың 100% сандық-сапалық сақталуы, мемлекеттік ресурстарға сатып алынған астықтың 3,6% дейінгі көлемінің орнын ауыстыру.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2005 жылғы 12 желтоқсандағы
N 1235 қаулысына
103-ҚОСЫМША

**212 - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі**

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2006 жылға арналған
"Ауыл шаруашылығы өндірісін агрохимиялық және агроклиматтық қамтамасыз ету"
деген 021 республикалық бюджеттік бағдарламаның

**ПАСПОРТЫ**

1. **Құны** : 330905 мың теңге (үш жүз отыз миллион тоғыз жүз бес мың теңге).

2. **Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 162-бабы ; "Астық туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабы ; "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аймақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы ; "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің "Агрохимия қызметі республикалық ғылыми-әдістемелік орталығы" мемлекеттік мекемені құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 23 қаңтардағы N 83 қаулысы .

3. **Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің

қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : дала жұмыстарын бастауды, тұқым себудің мерзімі мен көлемін, ауыл шаруашылығы дақылдарын жинауды жоспарлау үшін Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіп кешенін сапалы агрометеорологиялық ақпаратпен қамтамасыз ету; өсімдік шаруашылығы ауыл шаруашылығы өнімінің түсімділігін, жалпы өнімділігі мен сапасын арттыру.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : топырақ ылғалдылығының жай-күйіне, дала жұмыстарының басталуы алдында топырақ ылғалдылығы қорларын, тұқым себу мерзімдерін, дәнді дақылдарды жинаудың агрометеожағдайларын бағалау және болжау, агрометеорологиялық көрсеткіштерді былтырғы жылғымен салыстырғанда, танаптарда қардың қалың жиналу жағдайын және басқаларды талдау метеопараметрлеріне 100% бақылау жүргізу; жаздық дәнді дақылдар егістігінің жағдайына ғарыштық мониторинг жүргізу және ауыл шаруашылығы өндірісінің өнімділігін бағалау, топырақтың құнарлылығын сақтау және көтеру.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N п/п | Бағ-дар-лама коды | Кіші бағ-дар-лама коды | Кіші бағдарла-малардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындау-шылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 021 | | Ауыл шаруа-шылығы өндірі-сін агрохи-миялық және агрокли-маттық қамта-масыз ету | | | |
| 2 | | 100 | Топы-рақтың химиялық құрамын агроме-теороло-гиялық қамта-масыз ету және айқындау | 1. Ауыл шаруашылығы өндірісін мынадай ақпаратпен қамтамасыз ету үшін агрометео-рологиялық мониторинг жүргізу: онкүндік агрометео-рологиялық бюллетені; онкүндік ішіндегі топырақтағы пайдалы ылғалдық қорларының қосылып отыру қорытындысы; жаздық дәнді дақылдар-дың онкүндік ішіндегі жай-күйі (даму | 2006 жылғы қаңтар-жел-тоқсан | Қазақстан Республи-касының Ауыл шаруашы-лығы министр-лігі |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | кезеңі басталған күн, биіктігі, қалыңдығы, жай-күйін бағалау) және ауыл шаруашылығы дақылдарының өнімділігі мен дамуына агрометеорологиялық жағдайлардың әсер етуі; дәнді және дәнді-бұршақты дақылдардың облыстағы орташа өнімділігі мен жалпы өнімін болжау; көктемгі-егіс жұмыстары басталуы алдына топырақтағы ылғалдық қорларын болжау; тұқым себудің оңтайлы мерзімдерін болжау; күздік дақылдардың қыстап шығуын болжау; бидайдың пісу мерзімдерін болжау; қар жиналу жағдайы туралы кеңес беру; дәнді дақылдарды жинаудың агрометеорологиялық жағдайларын болжау; күздік дәнді дақылдардың қыс келер алдындағы жағдайын талдау; күздік дәнді дақылдардың өсу жаңаруы кезеңіндегі жағдайын талдау; топырақтың күзде қатып қалуы алдындағы және көктемгі егіс жұмыстары алдындағы пайдалы ылғалдың нақты қорларын талдау; дәнді дақылдарды жинау жағдайларын талдау; агрометеорологиялық көрсеткіштерді орташа көпжылдық көрсеткіштермен, өткен жылғы көрсеткіштермен салыстырмалы сипаттама; еліміздің аумағы бойынша ауа райы жағдайына байланысты аурулар мен ауыл шаруашылығы зиянкестерінің дамуы жағдайын талдау; станциялар бойынша метеорологиялық кесте; көктемгі егісті | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | өткізудің мерзімі мен шарттары туралы консультация;<br>қар ерігеннен кейін күздік дәнді дақыл-дардың жай-күйін талдау (бағыттық зерттеулер қорытындысы бойынша).<br>2. Мына бағыттар бойынша ғарыштық мониторингінің мәліметтерін алу:<br>жаздық дәнді дақылдар-дың егістік алқаптары-ның көлемдерін бағалау;<br>дәнді дақылдар егістіктерінің жағдайын айқындау;<br>жаздық дәнді дақылдар егістіктерінің арамшөптермен жайлануын бағалау;<br>таза сүрі жерлердің алқаптарын анықтау;<br>жаздық дәнді дақыл-дардың өнімділігін және жалпы өнімін болжау;<br>биылғы жылы өңделген егістіктерді анықтау және күріш егістігі алқаптарының көлемдерін бағалау;<br>күріш өнімділігін және жалпы өнімін болжау.<br>3. 2973,3 мың гектар суармалы емес жерлерде және 240,0 мың гектар-ға дейін суармалы жерлерде топырақтың агрохимиялық құрамын анықтау. | | |
| 3 | | 101 | Респуб-ликалық ғылыми-әдіс-темелік агрохи-миялық қызмет орталығы | Мемлекеттік мекемені ұстау: топырақ-агрохимиялық зертханалары жүзеге асыратын агрохимиялық зерттеуді жүргізуге ғылыми-әдістемелік басшылықты, агрохимия-лық зерттеулердің сапасын бақылауды (зерттелетін егістік жердің 2 пайыздай көлеміне дейін), жыл сайынғы агрохимиялық зерттеулердің нәтиже-лерін қорытындылауды және талдауды, агрохимиялық зерттеу-лер нәтижелері бойынша шаруашылықтың,<br>ауданның, облыстың, | 2006 жылғы қаңтар-желтоқсан | Қазақстан Республи-касының Ауыл шаруашы-лығы |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | республиканың топырақтың қоректік заттарының жылжымалы нысандарымен қамтамасыз ету картограммаларын жасауды, агроландшафттық жағдайын ескере отырып жер пайдалану аумағында минералдық тыңайтқыштарды қолданудың ғылыми-әдістемелік негіздемесін әзірлеу үшін химияландыру құралдарын тиімді пайдалану ғылыми-өндірістік тәжірибелерін жүргізу, топырақ құнарлылығының жағдайы мен өзгеруін бақылауды, республиканың айдалатын жерінің агрохимиялық деректер банкін құрастыруды және толықтыруды, топырақтың агрохимиялық зерттеулерінің және химиялық талдауды жүргізудің әдістемелік нұсқауларын және әдістемелерін жетілдіруді, агрохимиялық зерттеулер мен ғылыми-өндірістік тәжірибелердің деректері негізінде химияландыру құралдарын тиімді пайдалану жөнінде ұсынымдар әзірлеуді жүзеге асыратын штат саны 150 адамдық "Республикалық агрохимия қызметінің ғылыми-әдістемелік орталығын". Автомашиналар, зертханалық жабдықтар, зертханалық жиһаз, компьютерлік техника, басқа жабдық сатып алу. | | министрлігі |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** : Тікелей нәтижелері: 3213,3 мың гектарда топырақтың агрохимиялық құрамын анықтау, агрохимиялық зерттеулер жүргізу жөніндегі 10 топырақ-агрохимиялық зертханаға ғылыми-әдістемелік басшылық етуді қамтамасыз ету, ауыл шаруашылығы өндірісін қамтамасыз ету үшін. 191 дана агрометеорологиялық мониторинг жөніндегі және 15 дана - ауыл шаруашылығы алқаптарының және өсімдік шаруашылығы өнімдерінің

ғарыштық мониторингі жөніндегі ақпарат алу, топырақтың қарашірікпен және коректік заттардың жылжымалы нысандарымен қамтамасыз етілуі агрохимиялық картограммалары санын 4050 данаға дейін жеткізу, Республикалық агрохимия қызметі ғылыми-әдістемелік орталығы" мемлекеттік кәсіпорнын 2 бірлік "жылжымалы химиялық зертхана" автомашиналарымен, 4 бірлік зертханалық жабдықпен, 1 бірлік зертханалық жиһазбен, 5 бірлік компьютерлік техникамен, 1 бірлік басқа да жабдықпен жабдықтау.

Түпкілікті нәтижелері: 1500-ден кем емес ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер топырақтың құнарлығын сақтау мен қалпына келтіру және минералды тыңайтқыштарды тиімді пайдалану жөніндегі ұсыныстар алады, жыл сайынғы агрохимиялық зерттеулер нәтижелерін жинақтау және талдау жүргізіледі, ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің 90%-дан кем емесі агрометеорологиялық мониторинг жөніндегі ақпаратпен қамтамасыз етіледі, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің барлық мүдделі құрылымдық бөлімшелері ауыл шаруашылығы алқаптарының және өсімдік шаруашылығы өнімдерінің ғарыштық мониторингі жөніндегі ақпаратпен қамтамасыз етіледі.

Қаржы-экономикалық нәтижесі: суарылмайтын алқаптың топырағына агрохимиялық зерттеу жүргізудің орташа бағасы бір бірлігіне 60 теңгені суармалы алқапта - 90 теңгені құрайды, "Республикалық агрохимия қызметі ғылыми-әдістемелік орталығы" мемлекеттік кәсіпорнын ұстау 97294,0 мың теңгені құрайды, агрометеорологиялық мониторинг жөніндегі қызметтің жалпы құны 21174,0 мың теңгені, ғарыштық мониторинг бойынша - 12437,0 мың теңгені құрайды.

Уақтылығы: агрометеорологиялық, ғарыштық мониторингті, агрохимиялық зерттеулер нәтижелері мен ғылыми-өндірістік тәжірибелердің мәліметтері негізінде химияландыру құралдарын тиімді пайдалану жөніндегі ұсыныстарды белгіленген мерзімде әзірлеу және беру.

Сапасы: егістіктің тыңайтылған алқабының 600,0 мың га дейін көбеюі, агрометеокөрсеткіштер болжамдарының 85% шынайылығы мен дәлдігін қамтамасыз ету.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2005 жылғы 12 желтоқсандағы
N 1235 қаулысына
104-ҚОСЫМША

**212 - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі**

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2006 жылға арналған
"Су ресурстарын қорғау және ұтымды пайдалану"
деген 023 республикалық бюджеттік бағдарламаның
**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 323963 мың теңге (үш жүз жиырма үш миллион тоғыз жүз алпыс үш мың теңге).

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : 2003 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасы Су кодексінің 46, 57, 59 және 84-баптары ; "2002-2010 жылдарға арналған "Ауыз су" салалық бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 23 қаңтардағы N 93 қаулысы ; "Су ресурстарын кешенді пайдалану мен қорғаудың басты және бассейндік схемаларын және су шаруашылығы теңгерімдерін әзірлеу әрі бекіту ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 10 ақпандағы N 159 қаулысы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : республикадағы су ресурстарын тұрақты және теңгерімді пайдалануды қамтамасыз ету.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : экономика саласы және тұрғындардың суға деген қажеттілігін қанағаттандыру үшін негізгі бағыттар мен шараларды айқындау ; экономика салаларын су ресурстары мен олардың пайдаланылуы туралы қажетті мәліметтермен қамтамасыз ету; Шідерті өзенінің сағасында табиғи көктемгі гидрологиялық режимді қалпына келтіру.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N п/п | Бағ-дар-лама коды | Кіші бағ-дар-лама коды | Кіші бағдарла-малардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындау-шылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 023 | | Су ре-сурстарын қорғау және ұтымды пайдалану | | | |
| 2 | | 100 | Су ре-сурстарын қорғау және пайдалану сала-сындағы схема-ларды, су шару-ашылығы баланс-тарын және | Есіл, Тобыл, Ырғыз бен Торғай өзендері су ресурстарын қорғау және кешенді пайдалану сұлбаларын әзірлеуді аяқтау. Су ресурстарын пайдалануды реттеу және сумен қамтамасыз ету, су көздерін қорғау және суға келетін кері әсерлердің алдын-алу бойынша перспективалық және кезек күттірмей- | Қаңтар-жел-тоқсан | Қазақстан Республи-касы Ауыл шаруашы-лығы министр-лігінің Су ресурс-тары жөніндегі комитеті |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | норма-тивтерін әзірлеу | тін іс-шаралар кешенін әзірлеу. Орал өзені саласы алабы су ресурстарын қорғау және пайдалану кешенінің сұлбаларын әзірлеуді бастау: экономика салалары мен меншік түрлері бойынша суды тұтынушылар мен суды пайдаланушылар құрылымын, су ресурстарының көлемін және олардың сапасын нақтылау; су ресурстарын пайдаланудың қазіргі заманғы деңгейін бағалау және су тұтыну мен су пайдалану кесенінде алыс болашақтағы және жақын арадағы болашақтағы өзгеруін болжау; суды тұтынушылар мен суды пайдаланушылардың талаптары бойынша судың сапасын бағалау және оның өзгеруіне болжау жасау; Нұра өзені саласы, Сарысу өзені саласы алаптарындағы, Аса өзені су ресурстарын қорғау және пайдалану кешені сұлбасын әзірлеу: меншік түрі мен экономика салалары бойынша суды тұтынушылармен пайдаланушылардың құрылымын, мөлшерлен-ген су ресурстарының көлемі мен сапасын нақтылау; су ресурстарын пайдаланудың қазіргі заманғы деңгейін бағалау, су тұтыну мен су пайдалану айрығында алыс болашақтағы және жақын арадағы болашақтағы өзгеруін болжау; суды тұтынушылар мен суды пайдаланушылардың | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | талабы бойынша судың сапасын бағалау және оның өзгеруіне болжау жасау. | | |
| 3 | | 101 | Мемле-кеттік су кадастрын жасау | Мемлекеттік су кадастрының суды пайдалану бөлімін жаңарту, Мемлекеттік су кадастрын құрастыру бойынша әдістемелік нұсқау: Қазақстан Республикасы мен облыстарында, экономика салаларында, су шаруашылық учаскелерінде, теңіз және өзен кесінді-леріндегі белгіленген су жинау лимиттері, нақты судың жиналуы, суды қайталап, өтеусіз пайдалану, жер үсті, жер асты, коллектор-лық-дренаждық және теңіз суларын тастау бойынша ақпараттар базасына енгізу және жинау, өңдеу, жаңарту, сондай-ақ су пайдалану құрылымы мен көлемі бойынша материалдар әзірлеу; қорытындыланған су кадастрын құру әдістемесін әзірлеу. | Қаңтар-жел-тоқсан | Қазақстан Республи-касы Ауыл шаруашы-лығы министр-лігінің Су ресурс-тары жөніндегі комитеті |
| 4 | | 102 | Табиғат қорғау су жіберу | Шідерті өзенінің жайылмасына табиғат қорғау мақсатында судың жіберілуін қамтамасыз ету: "Қаныш Сәтпаев" атындағы каналдан Шідерті өзенінің жайылмасына табиғат қорғау мақсатында судың жіберілуін қамтамасыз ету; табиғат қорғау мақсатында жіберілетін судың нәтижелерін тексеру үшін Шідерті өзенінің жайылмасын зерттеу. | Қаңтар-жел-тоқсан | Қазақстан Республи-касы Ауыл шаруашы-лығы министр-лігінің Су ресурс-тары жөніндегі комитеті |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** : Тікелей нәтиже: Есіл, Тобыл, Ырғыз бен Торғай, Нұра өзендерінің салалары, Сарысу өзенінің салалары, Аса өзені су ресурстарын қорғау және кешенді пайдаланудың алты сұлбасын әзірлеуді аяқтау; Орал өзені саласы су ресурстарын қорғау және пайдалану кешенінің негізгі

сұлбаларын әзірлеуді бастау; Мемлекеттік су кадастрының суды пайдалану бөлімін жаңарту; Шідерті өзенінің жайылмасына табиғат қорғау мақсатында 50 млн. текше метр су жіберу.
Түпкілікті нәтиже: әзірленген су ресурстарын қорғау және кешенді пайдалану сұлбаларымен Қазақстан Республикасы аумағының 55 пайызын қамту; экономика саласының тұрақты дамуы үшін, тұрғындардың қажеттілігін кешенді есепке алу үшін су ресурстарының пайдалануын мемлекеттік есепке алу; табиғат қорғау мақсатында Шідерті өзенінің жайылмасына су жіберу.
Қаржы-экономикалық нәтиже: 2006 жылға су ресурстарын қорғау және кешенді пайдалану сұлбаларының құны Есіл өзені бассейнінде - 22019 мың теңге, Тобыл өзенінде - 5923 мың теңге, Торғай мен Ырғыз өзендерінде - 28360 мың теңге, Орал өзені арнасында - 25135 мың теңге, Нұра өзені арнасында - 24046 мың теңге, Сарысу өзені арнасында - 27050 мың теңге, Аса өзенінде - 7038 мың теңгені құрайды; Мемлекеттік су кадастрын құрастырудың бір айлық құны 991 мың теңгені құрайды; Шідерті өзенінің жайылмасындағы "Қаныш Сәтпаев атындағы каналдан" берілетін судың бір текше метрі ҚҚС қоса алғанда 3,45 теңгені құрайды.
Уақытылығы: су ресурстарын қорғау және кешенді пайдалану сұлбаларын қызмет көрсету жоспарларына сәйкес құру; мемлекеттік су кадастрын құруды 2006 жылғы 31 желтоқсанға аяқтау; Шідерті өзені жайылмасына су жіберу 2006 жылғы сәуір-мамыр айларына арналған жоспарға сәйкес жүргізіледі.
Сапасы: су ресурстарын қорғау және кешенді пайдалану сұлбаларын су шаруашылығы баланстары мен су ресурстарын қорғау және кешенді пайдаланудың бас және бассейндік пайдалану сұлбаларын бекіту және әзірлеу Ережесіне сәйкес құру; су объектілеріне мемлекеттік мониторинг жүргізу, суды және оны пайдалануды мемлекеттік есепке алу Ережелеріне сәйкес су кадастрын құру; табиғатты қорғау мақсатында су жіберу негіздемесіне сәйкес Шідерті өзені жайылмасының табиғи жағдайын қалпына келтіру.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2005 жылғы 12 желтоқсандағы
N 1235 қаулысына
105-ҚОСЫМША

**212 - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі**

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2006 жылға арналған
"Су ресурстарын басқаруды жетілдіру және жерлерді қалпына келтіру" деген 025 республикалық бюджеттік бағдарламаның
**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 79250 мың теңге (жетпіс тоғыз миллион екі жүз елу мың теңге).
*Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2006.07.31.* N 470б *қаулысымен*

.

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : "Қазақстан Республикасы мен Азия Даму Банкі арасындағы 1998 жылғы 25 наурыздағы N 1592/1593 (SF) KAZ заемдары туралы келісімдерді ("Су ресурстарын басқаруды жетілдіру және жерді қалпына келтіру" жобасы) ратификациялау туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 2 шілдедегі Заңы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : Қазақстан Республикасында тұрақты суармалы егіншілікті дамыту.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : экологиялық нормалар мен талаптарды енгізуді, қайта жаңғыртылған суландыру және кәріздік жүйелерді су пайдаланушылар бірлестіктеріне беру, пайдалану және техникалық қызмет көрсету, агротехника мен суару тәсілдерін уйретуді ескере отырып суландыру және кәріздік жүйелерді қайта жаңғырту және жақсарту арқылы Оңтүстік Қазақстан облысы Мақтаарал ауданында 39,2 мың гектар алқапта суармалы егіншілікті қалпына келтіру.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N п/п | Бағ-дар-лама коды | Кіші бағ-дар-лама коды | Кіші бағдарла-малардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындау-шылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 025 | | Су ресур-старын басқаруды жетілдіру және жерлерді қалпына келтіру | | | |
| 2 | | 004 | Сыртқы қарыздар есебінен жобаны іске асыру | Мотт Мак Дональд фирмасының сарапшылық қызметіне сыртқы займ есебінен ақы төлеу (құрылысты қадағалау, құрылыстан кейінгі кезеңде объектінің күйін бақылау, инспекторлардың, клерктердің қызметтеріне ақы төлеу, қолдау тобының жұмысы, оқыту) . | Қаңтар-жел-тоқсан | Қазақстан Республи-касы Ауыл шаруашы-лығы министр-лігі |
| 3 | | 016 | Жобаны респуб-ликалық бюджеттен сыртқы | "Тодини" компаниясының келісім-шарттық құнының 5 %-дық сақтандыру жиналымының және "Эсер" компаниясының келісім-шарттық құнының 5 %-дық сақтандыру жиналымының жартысын | Қаңтар-жел-тоқсан | Қазақстан Республи-касы Ауыл шаруашы-лығы |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | қарыз-дарды бірлесіп қаржылан-дыру есебінен іске асыру | сыртқы қарызды республикалық бюджеттен қоса қаржыландыру қаражат есебінен төлеу. Мотт Мак Дональд фирмасына қосымша құн салығына байланысты төлемді республика бюджеті есебінен төлеу. Құрамы 9 маманнан тұратын жергілікті сарапшылардың қызметіне, олардың байланыс және транспорт, ғимаратты күтіп-баптау жөнінде орталық сарапшылар тобының, ғимаратты жалға алу жөнінде аймақтық сарапшылар тобының, оргтехниканы жөндеу және күтіп-баптау, канцелярлық тауарларды сатып алу, іс-сапар шығындарын, әлеуметтік салықтар мен 2 деңгейдегі банктердің комиссиясына байланысты төлемдерді төлеу, жобаның қорытындысы бойынша есептік семинарды өткізу. Мотт Мак Дональд фирмасының сарапшылық қызметіне сыртқы займды республика бюджетінен қоса қаржыландыру есебінен ақы төлеу (құрылыстан кейінгі кезеңде объектінің күйін қадағалау, құрылысты қадағалау, инспекторлардың, клерктердің қызметтеріне ақы төлеу, қолдау тобының жұмысы, оқыту). Оңтүстік Қазақстан облысының Мақтаарал ауданында 15391 гектар алаңда жобаның екінші фазасы бойынша құрылыс-монтаж жұмыстарын аяқтау. | | министр-лігі, "Тодини" компа-ниясы 1Ф, "Эсер" компа-ниясы 2Ф |

*Ескерту. 6-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.07.31.* N 470б *қаулысымен.*

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** : Тікелей нәтиже: суару және дренаж жүйелерін қайта құру, бұл жұмыстар 39,2 мың гектар суармалы жерде 100 пайыз орындалды.
Түпкі нәтиже: өнімділіктің жоғарлауы, жоба бойынша есептік таза пайданың өсуі 28%, халықты жұмыспен қамтудың 21 пайызға артуы, капиталдық салымдардың тиімділігі жоба бойынша 26% құрайды, дақылдардың әр гектардан болатын түсімділігінің ( центнер) артуы: мақта - 15,5-тен 25-ке, күздік бидай - 25-тен 36-ға, дәндік жүгері - 17-

ден 54-ке, жоңышқа - 34,3-тен 89,0-ға, су ресурстарын үнемдеу 16,9 млн. текше метрден 23,1 текше метрге дейін жоғарылауы. Қаржы-экономикалық нәтижесі: су ресурстарын басқару және жерді қалпына келтіру жобасы бойынша күрделі қаржы 1 гектарға 153,3 мың теңге, жүйенің ПӘК-ті - 0,60-тан 0,80-ге дейін жоғарылайды. Уақтылығы: 2006 жылы жобаның екінші фазасы бойынша құрылыс жұмыстарын, сондай-ақ мердігерлермен жасалған келісім-шарттарға сәйкес пайдалануға берілген жер суландыру дренаждық жүйелері бойынша кепілдік мерзімін аяқтау жоспарлануда. Сапасы: 100 пайыз фермер шаруашылықтары атқарылған жұмыс нәтижелерімен қанағаттанады.

*Ескерту. 7-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.07.31.* N 470б *қаулысымен.*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2005 жылғы 12 желтоқсандағы
N 1235 қаулысына
106-ҚОСЫМША

**212 - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі**

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2006 жылға арналған
"Су ресурстарын басқару және жерді қалпына келтіруді жетілдіру жобасына кредит беру" деген 026 республикалық бюджеттік бағдарламаның
**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 260697 мың теңге (екі жүз алпыс миллион алты жүз тоқсан жеті мың теңге).

*Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2006.07.31.* N 470б *қаулысымен.*

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : "Қазақстан Республикасы мен Азия Даму Банкі арасындағы 1998 жылғы 25 наурыздағы N 1592/1593 (SF) KAZ Заем туралы келісімдерді ("Су қорларына иелік жасау және жерді қалпына келтіруді басқару" жобасы) бекіту туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 2 шілдедегі Заңы.

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : Қазақстан Республикасында тұрақты суармалы егіншілікті дамыту.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : экологиялық нормалар мен талаптарды ескере отырып суландыру және дренаж жүйелерін қайта жаңғырту және жақсарту арқылы Оңтүстік Қазақстан облысы Мақтаарал ауданында 39,2 мың гектар алқапта суармалы егіншілікті қалпына келтіру, қайта жаңғыртылған суландыру және дренаж

жүйелерін су пайдаланушылар бірлестіктеріне беру, пайдалану және техникалық қызмет көрсету, агротехника мен суару тәсілдерін үйрету.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N п/п | Бағ-дар-лама коды | Кіші бағ-дар-лама коды | Кіші бағдарла-малардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындау-шылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 026 | | Су ресур-старын басқару және жерді қалпына келтіруді жетілдіру жобасына кредит беру | | | |
| 2 | | 004 | Сыртқы қарыздар есебінен жобаны іске асыру | "Тодини" компаниясының келісім-шарттық құнының 5 %-дық сақтандыру жиналымының және "Эсер " компаниясының келісім-шарттық құнының 5 %-дық сақтандыру шегерімінің жартысын сыртқы қарыздар есебінен төлеу. Оңтүстік Қазақстан облысының Мақтаарал ауданында 15391 гектар аланда жобаның екінші фазасы бойынша құрылыс-монтаж жұмыстарын аяқтау | Қаңтар-желтоқсан | Қазақстан Республи-касы Ауыл шаруашы-лығы министр-лігі, "Тодини" компа-ниясы 1Ф, "Эсер" компа-ниясы 2Ф |
| 3 | | 016 | Жобаны респуб-ликалық бюджеттен сыртқы қарыз-дарды бірлесіп қаржы-ландыру есебінен іске асыру | Келісім-шарт құнынан 5 пайыздық сақтандыру шегерімнің жартысын төлеу. Оңтүстік Қазақстан облысының Мақтаарал ауданында 15391 гектар аланда жобаның екінші фазасы бойынша құрылыс-монтаж жұмыстарын аяқтау. | Қаңтар-желтоқ-сан | Қазақстан Республи-касы Ауыл шаруашы-лығы министр-лігі, "Тодини" компа-ниясы 1Ф, "Эсер" компа-ниясы 2Ф |

*Ескерту. 6-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.07.31.* N 470б *қаулысымен.*

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** : Тікелей нәтиже: суару және дренаж жүйелерін қайта құру, бұл жұмыстар 39,2 мың гектар суармалы жерде 100 пайыз орындалды.
Соңғы нәтиже: өнімділікті арттыру, жобалық көрсеткіш бойынша таза пайданың өсуі 28%, халықты жұмыспен қамтудың 21 пайызға артуы, капиталдық салымдардың тиімділігі жоба бойынша 26% құрайды, дақылдардың әр гектардан болатын түсімділігінің (центнер) артуы: мақта - 15,5-тен 25-ке, күздік бидай - 25-тен 36-ға, дәндік жүгері - 17-ден 54-ке, жоңышқа 34,3-тен 89,0-ға, су ресурстарын үнемдеу 16,9 млн. текше метрден 23,1 текше метрге дейін жоғарылауы.
Қаржы-экономикалық нәтижесі: су ресурстарын басқару және жерді қалпына келтіру жобасы бойынша күрделі қаржы 1 гектарға 153,3 мың теңге, жүйенің ПӘК-ті - 0,60-тан 0,80-ге дейін жоғарылайды.
Уақтылығы: Жобаның екінші фазасы бойынша құрылыс жұмыстарының аяқталуы, сондай-ақ мердігерлермен бекітілген келісім-шартқа сәйкес 2005 жылы іске қосылған жер суландыру және дренаждық жүйелер бойынша кепілдік мерзімінің аяқталуы 2006 жылы жоспарлануда.
Сапасы: 100 пайыз фермер шаруашылықтары атқарылған жұмыс нәтижелерімен қанағаттанады.

*Ескерту. 7-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.07.31.* N 470б *қаулысымен.*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2005 жылғы 12 желтоқсандағы
N 1235 қаулысына
107-ҚОСЫМША

**212 - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі**
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2006 жылға арналған
"Сырдария өзенінің арнасын реттеу және Арал теңізінің солтүстік бөлігін сақтау"
деген 027 республикалық бюджеттік бағдарламаның
**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 1246164 мың теңге (бір миллиард екі жүз қырық алты миллион бір жүз алпыс төрт мың теңге).

*Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2006.07.31.* N 470б *қаулысымен.*

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : Қазақстан Республикасы мен Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкі арасындағы қарыз туралы Келісімді бекіту туралы Қазақстан Республикасының 2002 жылдың 20 наурызындағы Заңы ("Арал теңізінің солтүстік бөлігін және Сырдария өзенінің

арнасын реттеу (1 фаза) жобасы"); Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 қазандағы "Арал теңізінің солтүстік бөлігін және Сырдария өзенінің арнасын реттеу (1 фаза) жобасын қаржыландыруға Халықаралық Жаңарту және Даму Банкін тарту" туралы N 1342 қаулысы ; "Арал теңізінің мәселелерін кешенді шешу жөніндегі 2004-2006 жылдарға арналған Бағдарламаны бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 7 мамырдағы N 520 қаулысы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : Арал теңізінің солтүстік бөлігін сақтап қалуды қамтамасыз ету, Сырдария өзені атырауының су ресурстарын қалпына келтіру, ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруді арттыру және балық шаруашылығын дамыту.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : Арал теңізінің солтүстік бөлігіндегі су деңгейін тұрақтандыру және Сырдария өзені арнасынан су өтімін реттеу үшін гидротехникалық ғимараттарды салу арқылы Арал маңындағы елді мекендерді су басу қаупін төмендету.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N п/п | Бағ-дар-лама коды | Кіші бағ-дар-лама коды | Кіші бағдарла-малардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындау-шылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 027 | | Сырдария өзенінің арнасын реттеу және Арал теңізінің солтүстік бөлігін сақтау | | | |
| 2 | | 004 | Сыртқы қарыздар есебінен жобаны іске асыру | Солтүстік Арал теңізі бөгетінің және Ақлақ кешеннің құрылысын салу: бөгет; су қашыртқысы; Ақлақ су торабы; реттеуіш шлюздер; жолдар мен көпірлер. Айтек кешенінің құрылысын салу: Сырдария өзенінде су торабын салу; Айтек каналының су алу ғимаратын қайта жаңарту; | Жыл бойы | Қазақстан Республи-касы Ауыл шаруашы-лығы министр-лігінің Су ресур-стары жөніндегі комитеті |

Қараөзек тармағында ғимараттарды жөндеу,
оның ішінде:
тармақтың басындағы өзі жайылып кететін бөгетше салу;
бас ғимаратты қайта жаңарту;
реттеуіш шлюздерді қайта жаңарту;
пішіндіктердің су қашыртқысын қайта жаңарту;
тармаққа көпір мен кіріс жолдар салу.
Шардара бөгетін қалпына келтіру:
Қызылқұм суландыру каналын қалпына келтіру;
геотехникалық зерттеу-лер бағдарламасы;
бөгетті жабдықтау;
жоғарғы беткейдің тұрақтылығын қалпына келтіру;
бөгет астына жаңа кәріз салу;
Арнасай бөгетінің төменгі беткейін бекіту.
Тасқынға қарсы бөгеттер құрылысын салу:
қорғаныс бөгетшілерді қайта қалпына келтіру;
жаңа қорғаныс бөгетшелерін салу;
өзен арнасын түзету.
Су көтеру бөгеттерін қайта қалпына келтіру:
Қызылорда су торабын жөндеу (жапқыштарды, шандорларды және резина тығыздағыштарды ауыстыру, көтергіш құрылғылардың электр құрал жабдықтарын және болат арқандарын ауыстыру, реттеуші шлюздің соңғы екі бөліктерін қалпына келтіру);
Қазалы су торабын жөндеу (жапқыштарды, және көтергіштерді жөндеу, тазарту және коррозияға төзімді қорғаныс жасау, электр қозғалтқыштарды ауыстыру, реттегіштер-дегі барлық электр аспаптармен электр кабельдерін ауыстыру, суырма құдықтарын

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | жөндеу, жоғарғы бьефтегі ағынды бағыттаушы сол жақ бөгетшені ұзындығы 300 м бөлігін қорғау). Қызылорда қаласының қорғаныс бөгетшелерін күшейту: қорғаныс бөгетшелерінің беткейлерін күшейту; қазіргі бар бөгетшелерді қайта жаңарту. Қызылқұм каналында бұрма реттегіш салу: су қашырткысы ғимаратын салу. Қамыстыбас көлдер жүйесін сумен қамтамасыз ету және балық шаруашылығын дамыту үшін гидротехникалық құрылыстар мен қорғаныс бөгеттерін салу. Банкілік операциялар жүргізгені үшін екінші деңгейдегі банктерге комиссиялық алым төлеу. | | |
| 3 | | 016 | Жобаны респуб-ликалық бюджеттен сыртқы қарыз-дарды бірлесіп қаржы-ландыру есебінен іске асыру | Құрылыс жұмыстарының келісім шарттары бойынша қосымша бағаның салығын төлеу. Құрылыс жұмыстары келісім шарттарының бөлігін төлеу. Жер бөліп алуға рұқсат алу үшін және оның өтем ақысын төлеу бойынша қызметті төлеу. Операциялық шығындармен қоса. жергілікті 8 адамнан тұратын кеңесшілердің қызметін төлеу. Нақтыланған жобалауға және құрылысқа қадағалау жасайтын кеңесшілердің қызмет ақысын төлеу. Жобаға мониторинг және бағалау жасайтын кеңесшілердің қызмет ақысын төлеу. Кеңесшілік қызметтердің келісім-шарттары бойынша салықтарды төлеу. Жобаның мемлекеттік құрылыс және экология-лық сараптамаларына төлеу. Валюталық операциялар жүргізу үшін лицензиялық алымды төлеу. Екінші деңгейдегі банктерге комиссиялық алым төлеу. | Жыл бойы | Қазақстан Республи-касы Ауыл шаруашы-лығы министр-лігінің Су ресур-стары |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | Қамыстыбас көлі жүйесінде нақтыланған жобалауға және құрылысқа қадағалау жасайтын кеңесшілер-дің қызмет ақысын төлеу. | | жөніндегі комитеті |

*Ескерту. 6-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.07.31.* N 470б *қаулысымен.*

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** : Тікелей нәтиже: Сырдария өзені мен Арал теңізінің солтүстік бөлігінде бөгет, 1 су ғимаратын салу. Түпкілікті нәтиже: Сырдария өзенінің өтімділік қабілетін жоғарылату. Арал теңізін 42 метр абсолюттік балтық жүйесіне дейін толтыру (жыл сайын, жоба аяқталғаннан кейін) .

Қаржылық-экономикалық нәтиже: жүргізілген шығындардың құны 1000 адамға шаққанда - 2462 мың теңге.

Уақтылығы: жұмыстар тізбе бойынша белгіленген мерзімде орындалуы.

Сапасы: жоба шеңберінде жүргізілген іс-шаралардың сапасына тұрғындардың 75% қанағаттандырылады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2005 жылғы 12 желтоқсандағы
N 1235 қаулысына
108-ҚОСЫМША

**212 - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі**

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2006 жылға арналған
"Арал теңізі өңірінің елді мекендерін сумен жабдықтау және санитариясы"
деген 028 республикалық бюджеттік бағдарламаның
**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 434499 мың теңге (төрт жүз отыз төрт миллион төрт жүз тоқсан тоғыз мың теңге).

*Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2006.07.31.* N 470б *қаулысымен.*

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : "Қазақстан Республикасы мен Араб Экономикалық Даму Кувейт қоры арасындағы Арал қаласын ( Арал теңізі аймағы) сумен жабдықтау жобасы бойынша қарыз туралы келісімді бекіту туралы" 2001 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : Қызылорда облысы Арал ауданы тұрғындарын сапасы кепілді және қажетті көлемдегі ауыз сумен тұрақты қамтамасыз ету және сумен жабдықтау қызметтерін жақсарту арқылы Арал ауданы тұрғындарының

денсаулығын жақсарту.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : Арал ауданы тұрғындарын сапалы ауыз сумен жабдықтау көлемін неғұрлым ұлғайту.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N п/п | Бағ- дар- лама коды | Кіші бағ- дар- лама коды | Кіші бағдарла- малардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындау- шылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 028 | | Арал теңізі өңірінің елді мекен- дерін сумен жабдықтау және санита- риясы | | | |
| 2 | | 004 | Сыртқы қарыздар есебінен жобаны іске асыру | Келісім шарт бойынша жоба шеңберінде құрылыс жұмыстарын төлеу Арал қаласының сумен жабдықтау жүйелерін жетілдіруге: а) Қосаман су көзі мен Арал қаласы арасында су беру үшін қолданыстағы бас су құбырын қайта жаңарту; б) Арал қаласындағы қазіргі үлестірімді су құбырлары жүйесін жаңарту; в) ауылдық елді мекендерде шахталы құдықтар салу, Арал қаласының маңындағы екі елді мекендерде су жинағыштар салу және құдықтарды қалпына келтіру. Консультациялық техникалы қызметтер: кеңесшілердің консультантшы компаниямен келісім-шарты бойынша нақтыланған жобалауға және құрылысқа | Сәуір- қараша | Қазақстан Республи- касы Ауыл шаруашы- лығы министр- лігінің Су ресур- стары |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | қадағалау жасайтын консультанттардың қызмет ақысын төлеу. Институционалдық қолдау: бақылау-өлшеу, сынау мен бақылау жабдықтарын, арнайы техника мен ұйымдас- тыру техникаларын сатып алу. | | жөніндегі комитеті |
| 3 | | 016 | Жобаны респуб- ликалық бюджеттен сыртқы қарыз- дарды бірлесіп қаржы- ландыру есебінен іске асыру | Құрылыс жұмыстарының келісім-шарты бойынша салығын төлеу. Құрылыс жұмыстары құнының жартысын төлеу. Сатып алынатын бақылау-өлшеу, сынау, бақылау жабдықтарына, арнайы техника мен ұйымдастыру техникасы- на салық және баж салығын төлеу. Операциялық шығындар- мен қоса, жобаны басқару жөніндегі жергілікті 2 адамнан тұратын консультант - тардың қызметін төлеу. | Ақпан- қыр- күйек | Қазақстан Республи- касы Ауыл шаруашы- лығы министр- лігінің Су ресур- стары жөніндегі комитеті |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** : Тікелей нәтиже: Арал қаласы үлестірімді желілерінің 169 шақырымы жаңаруы; бақылау-өлшеу және арнайы техника жабдықтарын сатып алу.

Түпкілікті нәтиже: Арал қаласы тұрғындарын сапалы ауыз сумен 100% қамтамасыз ету; пайдалану іс-шараларын 8 арнайы техника мен және 21 сорғылармен жарақтандыру.

Қаржы-экономикалық нәтиже: 1000 адамға шаққанда бір ауыз сумен жабдықтау объектісін салу - 8930 мың теңге тұрады.

Уақтылығы: жұмыстар тізбе бойынша белгіленген мерзімде орындалады.

Сапасы: берілетін және тұтынатын судың көлемі 5 есе ұлғаяды.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2005 жылғы 12 желтоқсандағы
N 1235 қаулысына
109-ҚОСЫМША

**212 - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі**

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2006 жылға арналған
"Сумен жабдықтау жүйесін салу және қайта жаңарту"
деген 029 республикалық бюджеттік бағдарламаның
**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 4144247 мың теңге (төрт миллиард бір жүз қырық төрт миллион екі жүз қырық жеті мың теңге).

*Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2006.07.31.* N 470б *қаулысымен* .

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : "Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Германия Федеративтік Республикасы Үкіметі арасындағы қаржы ынтымақтастығы жөніндегі келісімді бекіту туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 22 желтоқсандағы Заңы ; "Қазақстан Республикасы мен Азия Даму Банкісі арасындағы қарыз жөніндегі келісімді бекіту туралы (Ауылдық жерлерді сумен жабдықтау және канализация салалық жобасы) Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 6 желтоқсандағы Заңы ; "Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Жапония Үкіметі арасындағы "Қазақстан Республикасында ауылдық елді мекендерді сумен жабдықтау" жобасын жүзеге асыру үшін Жапония Үкіметінің грантын тарту туралы ноталар алмасу нысанындағы келісімді бекіту туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 қаңтардағы Заңы ; 2004 жылғы 26 мамырдағы " Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ислам Даму Банкі арасындағы Қазақстанда Қарағанды облысының ауылды сумен жабдықтау жобасы үшін қарыз туралы келісімді бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Заңы ; "2002-2010 жылдарға арналған " Ауыз су" салалық бағдарламасы туралы" 2002 жылғы 23 қаңтардағы N 93 қаулысы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты .

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : сумен жабдықтау және канализация қызметтерінің негізгі түрлерімен қамтамасыз ету арқылы таңдап алынған ауылдық елді мекендегі тұрғындардың денсаулығы мен тұрмысын жақсарту.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : қажетті көлемде және кепілдігі бар ауыз сумен тұрғындарды қамтамасыз ету, ауылдық елді мекендер құрылымын жақсарту, жобалау, қалпына келтіру, жаңарту, сумен жабдықтау жүйелерін салу.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N п/п | Бағ-дар-лама коды | Кіші бағ-дар-лама коды | Кіші бағдарла-малардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындау-шылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 029 | | Сумен жабдықтау жүйесін салу және қайта жаңарту | | | |
| 2 | | 004 | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | Сыртқы қарыздар есебінен жобаны іске асыру | "Ауылдық аумақтарды сумен жабдықтау және канализацияны дамыту" жобасы бойынша: физикалық құрылым - құрылыс жұмыстарын жүргізу.<br>"Қарағанды облысын ауылды сумен жабдықтау" жобасы бойынша: нақты жобалау және құрылысты қадағалау ; құрылыс-монтаж жұмыстарын іске асыру үшін консультанттардың қызметтерін төлеу. | Қаңтар-желтоқ-сан | Қазақстан Республи-касы Ауыл шаруашы-лығы министр-лігінің Су ресур-стары жөніндегі комитеті |
| 3 | | 005 | Ішкі көздер есебінен жобаны іске асыру | "2006 жылғы республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасы Заңын жүзеге асыру туралы" 9 желтоқсандағы 2005 жылғы N 1228 Қазақстан Республикасы Үкіметі-нің қаулысының 2 қосымшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің бұйрығына сай бекітіліп, мемлекеттік сараптамадан өтіп, бекітілген жобалау-құжаттарына сәйкес, сумен жабдықтау жүйелерін дамытуға арналған іс-шаралар тізбесі бойынша және белгіленген сомалар шегінде ауыз сумен қамтамасыз ету нысаналарын қайта жаңарту және салуға, инвестициялық жобалар-ды іске асыруға бағытталған инвести-циялық жобаларды іске асыру. | Қаңтар-желтоқ-сан | Қазақстан Республи-касы Ауыл шаруашы-лығы министр-лігінің Су ресур-стары жөніндегі комитеті |
| 4 | | 006 | Жобаны респуб-ликалық бюджеттен грантты бірлесіп қаржы-ландыру есебінен іске асыру | "Қазалы (Жаңақазалы) сумен жабдықтау" жобасы бойынша: құрылыс жұмыстары мен пайдалану қолдауға баж және салықты төлеуге;<br>құрылыс жұмыстары мен пайдалануды қолдауға құнының жартысын төлеу;<br>жер бөліп беруге рұқсат алу бойынша қызметке ақы төлеу; | Қаңтар-желтоқ-сан | Қазақстан Республи-касы Ауыл шаруашы-лығы министр-лігінің Су ресур-стары |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | жылжымайтын мүлік құқығына мемлекеттік тіркеу туралы куәлік алуға және шарт жасауға қызмет ақыларын төлеу. "Қазақстан Республикасындағы ауылдық елді мекендер-ді сумен жабдықтау" жобасы бойынша: Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстары-ның ауылдық елді мекендерінде су жинау құрылыстарын салу бойынша жобаны жүзеге асыру. | | жөніндегі комитеті |
| 5 | | 016 | Жобаны респуб-ликалық бюджеттен сыртқы қарыз-дарды бірлесіп қаржы-ландыру есебінен іске асыру | "Ауылдық елді мекендерді сумен жабдықтау және канализацияны дамыту" жобасы бойынша: физикалық құрылымы - құрылыс жұмыстары; шетелдік консалтингтік компаниялар қызметін төлеу; операциялық шығындарын қоса алғанда жобаны басқарушы жергілікті консультанттар қызметін төлеу; жобаны басқарушы облыстық үш топтың жергілікті консультанттар қызмет ақысын төлеу; операциялық шығындарын қоса алғанда; институционалдық бағдарламасын дамыту; санитарлық-гигиеналық ағарту бағдарламасы; баж және салық төлеу. "Қарағанды облысының ауылдық жерлерін сумен жабдықтау" жобасы бойынша: жобаны жүзеге асыру үшін 5 адамнан тұратын жергілікті консуль-танттар қызмет ақысын төлеу; операциялық шығындарын қоса есептегенде; құрылысты нақты жобалауды және қадағалауды жүзеге асыру үшін консультанттардың қызметіне ақы төлеу; салықтар мен баждар төлеу; жоба бойынша құрылыс-монтаж жұмыстары. | Қаңтар-желтоқ-сан | Қазақстан Республи-касы Ауыл шаруашы-лығы министр-лігінің Су ресур-стары |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | жөніндегі комитеті |
| 6 | | 018 | Жобаны грант есебінен іске асыру | "Қазалы (Жаңақазалы) сумен жабдықтау" жобасы бойынша:<br>1. Қазалы қаласында (Жаңақазалы) сумен жабдықтау жүйелерін қайта жаңартуды жүргізу:<br>құрылыс алаңын жаңарту және жалпы шығындар;<br>тазарту станциясы;<br>ОС-НС-7-Жаңақазалыға жеткізіп беруші құбыр желісі;<br>сорғы станциясы;<br>Жаңақазалының тарату желілері;<br>Қазалының тарату желілері;<br>материалдарды жеткізу.<br>2. Эксплуатациялық қолдау көрсету қызметін төлеу. | Қаңтар-желтоқ-сан | Қазақстан Республи-касы Ауыл шаруашы-лығы министр-лігінің Су ресур-стары жөніндегі комитеті |

*Ескерту. 6-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.07.31.* N 470б *қаулысымен.*

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** : Тікелей нәтиже: ауыз сумен жабдықтау объектілерін қайта жаңарту және салу. Түпкілікті нәтиже: Қазақстан халқын сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету үшін ауыз сумен жабдықтау объектілерін пайдалануға енгізу. Уақтылығы: жасалынған келісім шарттағы жұмыс жоспары-тізбесіне сәйкес. Сапасы: құрылыс нормалары мен ережелеріне сәйкес.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2005 жылғы 12 желтоқсандағы
N 1235 қаулысына
110-ҚОСЫМША

**212 - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі**

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2006 жылға арналған
"Гидротехникалық құрылысты қайта жаңарту"
деген 031 республикалық бюджеттік бағдарламаның
**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 1234661 мың теңге (бір миллиард екі жүз отыз төрт миллион алты жүз алпыс бір мың теңге).

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : "Ерекше стратегиялық

маңызы бар су шаруашылығы құрылыстарының төбесі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 1 қарашадағы N 1466 Жарлығы ; "Республика аумағында төтенше жағдайлардың алдын-алу бойынша шаралар қабылдау туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 19 наурыздағы N 4513 өкімі .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты .

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : гидротехникалық ғимараттарда техногендік сипаттағы төтенше жағдай туындау қаупінің алдын алу, ауыл шаруашылығы су пайдалану жүйелерінің тиімділігін және экономиканың басқада салаларын сумен жабдықтауды дамыту (энергетика, өнеркәсіп, көлік, балық шаруашылығы, экологиялық өтінімдер) .

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : гидротехникалық ғимараттарды қайта жаңарту, ерекше апатты гидромелиоративтік жүйелерді қалпына келтіру жөніндегі кешенді іс-шараларды орындау.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N п/п | Бағдар-лама коды | Кіші бағ-дар-лама коды | Кіші бағдарла-малардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындау-шылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 031 | | Гидротех-никалық құрылысты қайта жаңарту | Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің бұйрығымен бекітілген жобалау-сметалық құжаттарына сәйкес іс-шараларға және Қазақстан Республикасы Үкіметінің "2006 жылға республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасы Заңын іске асыру туралы" 2005 жылғы 9 желтоқ-сандағы N 1228 қаулысының 2 қосымша-сына сәйкес тізбе бойынша және сомалар шегінде гидротехника-лық ғимараттарды қайта жаңартуға бағытталған бюджеттік инвестиция-лық жобаларды жүзеге асыру. | Қаңтар-желтоқ-сан | Қазақстан Республи-касы Ауыл шаруашы-лығы министр-лігінің Су ресур-стары жөніндегі комитеті |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** Тікелей нәтиже: 12 объектіні аяқтау және 2 жоба бойынша құрылыс жұмыстарының көлемін орындау.

Түпкілікті нәтиже: гидротехникалық ғимараттардың дұрыс қызмет көрсетуін қамтамасыз ету және төтенше жағдайдың туындау қаупін төмендету. Уақытылығы: бекітілген жұмыс жоспарына және жасалынған келісім шарттарға сәйкес.

Сапасы: Қазақстан Республикасының қолданыстағы құрылыс ережелері мен нормаларына сәйкес.

*Ескерту. 7-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.07.31.* N 470б *қаулысымен.*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2005 жылғы 12 желтоқсандағы
N 1235 қаулысына
111-ҚОСЫМША

**212 - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі**
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2006 жылға арналған
"Су берумен байланысы жоқ республикалық су шаруашылығы объектілерін пайдалану"
деген 034 республикалық бюджеттік бағдарламаның
**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 1030549 мың теңге (бір миллиард отыз миллион бес жүз қырық тоғыз мың теңге).

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 9 шілдедегі Су кодексінің 135-бабы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : шекаралас мемлекеттермен бірлесіп пайдаланатын объектілерін қоса алғанда су берумен байланысты емес су шаруашылығы объектілерінің толассыз жұмыс істеуін қамтамасыз ету.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : су берумен байланысты емес, республикалық меншіктегі су қоймалары мен басқа да гидротехникалық құрылыстардың функцияларын қамтамасыз ету; трансшекаралық өзендерде орналасқан су шаруашылығы объектілерін бірлесіп пайдалану.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N п/п | Бағ-дар-лама коды | Кіші бағ-дар-лама коды | Кіші бағдарла-малардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындау-шылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 034 | | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | Су берумен байланысы жоқ республикалық су шаруашылығы объектілерін пайдалану | Республикалық су шаруашылығы объектілері мен құрылыстарында пайдалану іс-шараларын жүргізу: су астын зерттеу, ақауларды анықтай отырып, техникалық жағдайын анықтау; линия жұмысшыларын ұстау; электрокүш, механикалық, құрылыстың көтерме-көлік жабдықтарын, су торабының металл жапқыштарына, электролиниялар мен байланыс жүйелеріне, сондай-ақ өндіріс орындары мен су шаруашылығы объектілерінің техникаларына жөндеу жүргізу және пайдалану; гидротехникалық құрылыстардың жоғарғы және төменгі бьефтерін бекіту; су шаруашылығы объектілерінде каналдар мен су қоймалардың бөгетшелерін, беткейлерді бекіту және басқа да жөндеу жұмыстарын жүргізу, каналдарды тазарту; реттеу, тасқынға қарсы жұмыстарды жүргізу; су қоймаларының параметрлерін нақтылау бойынша жұмыстар жүргізу; гидротехникалық ғимараттарды күзету. Өзбекстан Республикасы, Қырғыз Республикасымен трансшекаралық өзендерде орналасқан су шаруашылық объектілерін ұстауға үлестік қатысу. Зах-Келес Су шаруашылық жүйелері басқармасын ұстау. Ресей Федерациясынан | Жыл бойы | Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Су ресурстары жөніндегі комитеті |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | берілетін сумен байланысты шығындардың орнын толтыру. | | |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** : Тікелей нәтиже: республикалық меншіктегі 118 су шаруашылығы объектілері мен 10 мемлекетаралық объектілерге пайдалану іс шаралары жүргізілуі.
Түпкілікті нәтиже: 118 республикалық және 10 мемлекетаралық объектілердің техникалық жағдайы жақсарады және ауылдық тауар өндірушілерге суармалы су қажетті көлемде уақытылы берілуі.
Қаржылық-экономикалық нәтиже: бір республикалық су шаруашылығы объектісіне пайдалану іс шараларын жүргізуге орта есеппен 5500 мың теңге және 10 мемлекетаралық объектіге орта есеппен 39200 мың теңге жұмсалады.
Уақытылы жүргізілуі: республикалық меншіктегі су шаруашылығы объектілеріне және мемлекетаралық объектілерге пайдалану іс шаралары бекітілген жұмыс пен қызмет көрсету жоспарына сәйкес іске асырылуы.
Сапасы: құрылыс нормалары мен ережелерінің талаптарына және су шаруашылығы объектілерін пайдалану Ережелеріне сәйкес.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2005 жылғы 12 желтоқсандағы
N 1235 қаулысына
112-ҚОСЫМША

**212 - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі**
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2006 жылға арналған
"Ормандардың сақталуын және тұрақты дамуын қамтамасыз ету" деген 036 республикалық бюджеттік бағдарламаның
**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 2286221 мың теңге (екі миллиард екі жүз сексен алты миллион екі жүз жиырма бір мың теңге).

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : Қазақстан Республикасының Орман кодексінің 110-бабы ; 1997 жылғы 15 шілдедегі "Қоршаған ортаны қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабы ; 1997 жылғы 15 шілдедегі "Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 29-бабы ; 2004 жылғы 9 шілдедегі "Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 43-бабы ; " Ормандарда өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 тамыздағы N 1271 қаулысы ; "Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде ормандарды күзету, қорғау, молайту әрі орман өсіру жөніндегі нормалар мен нормативтерді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 19

қаңтардағы N 53 қаулысы ; "2005-2007 жылдарға арналған "Жасыл ел" Бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 25 маусымдағы N 632 қаулысы.

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : ормандардың экологиялық және ресурстық әлеуетін арттыру, орман ресурстарын ұтымды және сарқып тауыспай пайдалану, оларды күзету, қорғау және молықтыру үшін жағдайларды қамтамасыз ету.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : орман дақылдары тұқымдарының егістік сапасын, олардың энтомологиялық және фитопатологиялық залалдану деңгейін айқындау; орман шаруашылығы саласындағы студенттер үшін оқу практикаларын өткізу; орман дақылдары тұқымының тұрақты базасын қалыптастыру және мұрагерлік қасиеттері жақсартылған отырғызу материалын алу; орман орналастыру, аңшылық ісін ұйымдастыру жұмыстарын және орман шаруашылығын жобалауды өткізу; ормандардың мемлекеттік есебі мен кадастрын жүргізу; орман және аңшылық шаруашылықтары мен ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды ғылыми-әдістемелік талдамалармен қамтамасыз ету; Астана қаласының санитарлық-қорғаныштық жасыл аймағын құру; ормандарды авиациямен күзетуді қамтамасыз ету.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асы жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N п/п | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Кіші бағдарламалардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 036 | | Ормандардың сақталуын және тұрақты дамуын қамтамасыз ету | | | |
| 2 | | 100 | Қазақ мемлекеттік республикалық орман дақылдарының тұқымын дайындайтын мекеме | Тұқымды егістік қасиеттеріне, энтомологиялық және фитопатологиялық залалдануына сараптамадан өткізуді қамтамасыз ету, орман зиянкестері мен ауруларының ошақтарын болжау бойынша мәліметтер жинау және ақпарат әзірлеу үшін штат саны 28 | Қаңтар-желтоқсан | Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Орман және аңшылық |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | адамнан тұратын мекеме ұстау. Кеңсе жиһазын сатып алу. | | шаруа-шылығы комитеті |
| 3 | | 101 | Сандықтау оқу-өн-дірістік орман шаруа-шылығы | Орман өрттерінің алдын алу, оларды байқау және жою, ормандарды орман зиянкестері мен ауруларынан қорғау жөніндегі іс-шараларды жүргізу; ормандарды заңсыз кесуден қорғау; табиғат пайдаланушылардың орман пайдалану тәртібі мен аң аулау ережелерін сақтауын қамтамасыз ету; оқу практикаларын ұйымдастыру және өткізу; жабдықтар мен басқа да негізгі құралдардың ағымдық жөндеуі үшін штат саны 39 адамнан тұратын мекемені ұстау. Тракторлар сатып алу. | Қаңтар-жел-тоқсан | Қазақстан Республи-касы Ауыл шаруашы-лығы министр-лігінің Орман және аңшылық шаруа-шылығы комитеті |
| 4 | | 102 | Тұрақты орман дақыл-дарының тұқымын дайын-дайтын базасын қалып-тастыру | Тұрақты орман дақылдары тұқымының базасын, соның ішінде тұрақты және уақытша орман дақылдарының тұқымы учаскелерін, генетикалық резерваттар, артықшылығы бар ағаштар мен екпелер қалыптастыру, тұрақты орман дақылдарының тұқымы учаскелерін құру жөнінде ұсыныстар әзірлеу, аналық орман дақылдары тұқымы плантацияларын құру және перспективалы нысандардағы отырғызу материалын өсіру. Мемлекеттік тапсырыс шеңберінде "Алматы орман селекциялық орталығы" РМҚК-ы мен "Көкшетау орман селекциялық орталығы" РМҚК-н трактор, автомобиль, компьютер техникасымен, терең | Қаңтар-жел-тоқсан | Қазақстан Республи-касы Ауыл шаруашы-лығы министр-лігінің Орман және аңшылық шаруа- |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | скважинаны қоса алғанда суару жүйесімен, көмекші техникамен материалдық-техникалық жарақтандыру. | | шылығы комитеті |
| 5 | | 103 | Орман-аң аулауды орна-ластыру және орман шаруа-шылығын жобалау, орман және жануарлар дүниесі сала-сындағы есепке алу және биоло-гиялық негіздеме | Алматы және Маңғыстау облыстарының 2007 жылдың орман орналастыру шараларын дайындық жұмыстары, Ақтөбе облысының нысаналары бойынша негізгі ережелерді әзірлеу. Павлодар, Ақмола және Шығыс Қазақстан облыстарында далалық орман-аңшылық орналастыру жұмыстарын жүргізу, тапсырыс берушінің тапсырмасы бойынша орман орналастыру жобаларын өндіріске енгізуге авторлық қадағалаулар мен тексерулер жасау. Ақмола, Шығыс Қазақстан және Солтүстік Қазақстан облыстарының орман мекемелерінде камералдық орман орналастыру жұмыстарын жүргізу; камералдық орман орналастыру жұмыстарын жүргізу кезінде ГИС технологияларын қолдану және бағдарла-малық қамтамасыз етуді жетілдіру; материал-дарды электрондық әдіспен өңдеп, статистикалық есептілікті қабылдау және жинақтау. Жобалау-іздестіру жұмыстарын жүргізу: 2005 жылғы іздестіру бойынша камеральдық жұмыстар, соның ішінде: "Семей орманы" мемлекеттік табиғи орман резерваты мен "Көкшетау" мемлекеттік ұлттық табиғи паркі ормандарының өртке қарсы құрылғысының жұмыс жобасы; Батыс Алтай және Наурызым мемлекеттік табиғи қорықтары; "Семей орманы" мемлекеттік табиғи орман резерваты мен | Қаңтар-желтоқсан | Қазақстан Республи-касы Ауыл шаруашы-лығы министр-лігінің Орман және аңшылық шаруа-шылығы комитеті |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | "Көкшетау" мемлекеттік ұлттық табиғи паркі ормандарының өртке қарсы құрылғысы жұмыс жобасының мемлекеттік экологиялық сараптамасын қамтамасыз ету; Алматы орман селекциялық орталығы суармалы аймақтық орман селекциялық-тұқым шаруашылығы кешеннің жобалау-сметалық құжаттамасын әзірлеу, келісу және оның сараптамасы; Алматы орман селекциялық орталығы аймақтық орман селекциялық-тұқым шаруашылығы кешенінің жобалау-сметалық құжаттамасының сәулет-құрылыс сараптамасын өткізу және мемлекеттік экологиялық сараптамаларын қамтамасыз ету. Жаңа далалық іздестіру жұмыстарын жүргізу: Қарқаралы мемлекеттік ұлттық табиғи паркі, Баянауыл мемлекеттік ұлттық табиғи паркі ормандарының өртке қарсы құрылғысының жұмыс жобасы; Іле Алатауы мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің орман көмкермеген жерлердің ормандануының жұмыс жобасы және жабайы жемісті екпелерін қалпына келтіру; Солтүстік Қазақстан облысының Соколов орман питомнигінің, суармалы питомнигі мен плантациялары бар Көкшетау орман селекциялық орталығының, Алматы облысы Қаскелең орман питомнигінің ұйымдастыру-шаруашылық жоспары мен суландырудың жұмыс жобасы; | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | орман және жануарлар дүниесі саласында есепке алу мен биологиялық негіздеме-лер жүргізу; мемлекеттік тапсырыс шеңберінде "Қазақ орман орналастыру кәсіпорыны" РМҚК-ні бастапқы орман бағалау ақпараттарын өңдеуге арналған бағдарламалық қамтамасыз етумен, ұйымдастыру техникасы-мен материалдық-техни-калық жарақтандыру. | | |
| 6 | | 104 | Астана қаласының жасыл желекті санитар-лық-қорғау аймағы | Астана қаласының санитарлық-қорғаныштық жасыл аймағын құру, соның ішінде: жер пайдаланушыларға шығындарды өтеу; 2005 жылдың ізденістері бойынша камералдық жобалау жұмыстарын жүргізу ; 2005 жылдың жұмыс жобаларының сәулет-құрылыс және мемлекеттік экология-лық сараптамасы; Астана қаласының жасыл аймағын құрудың жұмыс жобасын авторлық қадағалау. Жаңа далалық іздестіру жұмыстарын жүргізу. Астана қаласының қала шетіндегі аймағы шегінде қорғаныштық екпелер құрудың, Шортанды орман питомнигінің ұйымдастыру-шаруашылық жоспары мен оны суландырудың, "Жасыл Аймақ" РМК орман дақылдары тұқымының плантациясын суландырудың жұмыс жобасы; мемлекеттік тапсырыс шеңберінде "Жасыл аймақ" РМК-ні автотрактор техникасы-мен, тұрғын вагонмен, тіркемемен, арнайы тягачпен материалдық-техникалық жарақтандыру. | Қаңтар-жел-тоқсан | Қазақстан Республи-касы Ауыл шаруашы-лығы министр-лігінің Орман және аңшылық шаруа-шылығы комитеті |
| 7 | | 105 | | 5639 мың гектар алқапта бүлінген | | Қазақстан Республи- |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | Орманды әуеден қорғау | екпелерді байқау, осы екпелерді есепке алу және олардың жай-күйін қадағалау бойынша оның авиациямен қарауылдау және аэрокөрілімдік орман-патологиялық бақылау; бақылаушы-ұшқыштар оқыту және мемлекеттік тапсырыс шеңберінде "Қазақ ормандарды авиациялық қорғау және орман шаруашылығына қызмет көрсету базасы" РМҚК өрт сөндіру, жеке қорғаныс, байланыс құралдарымен және автокөлікпен материалдық-техникалық жарақтандыру. | Қаңтар-жел-тоқсан | касы Ауыл шаруашы-лығы министр-лігінің Орман және аңшылық шаруа-шылығы комитеті |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** : Тікелей нәтиже: тұқымның егістік қасиеттеріне сертификаттар, себуге әзірленген тұқымды өңдеу жөнінде ұсыныстар алынды, Қазақ мемлекеттік республикалық орман дақылдарының тұқымы мекемесі үшін кеңсе жиһазының 10 жинағы сатып алынды; Сандықтау оқу-өндірістік орман шаруашылығы орман қоры орман өрттерінен және заңсыз ағаш кесуден сақтап қалынды, Қазақ мемлекеттік агротехникалық университетінің саны 25-ке дейінгі студенттердің орман шаруашылығын жүргізу жөнінде өндірістік практикадан өтуі жүзеге асырылды, Сандықтау оқу-өндірістік орман шаруашылығы материалдық-техникалық базасы 2 бірлік тракторлармен жарақтандырылды, 3172 гектар уақытша орман тұқымы учаскелері таңдап алынды; 664 гектар тұрақты орман тұқымы учаскелерін құру жөнінде алқаптар таңдап алынды және ұсыныстар әзірленді; 32 гектар орман тұқымы плантациялары отырғызылды; 324 гектар артықшылығы бар екпелер іріктеп алынды; 175 дана артықшылығы бар ағаштар іріктеп алынды; 13452 гектар алқапта генетикалық резерваттар бөлінді; 3 гектар жергілікті және жерсіндірілген тұқымдар будандарының перспективалы нысандарынан аналық және орман тұқымы плантациялары құрылды; 100000 дана жергілікті және жерсіндірілген тұқымдар будандарының перспективалы нысандарының отырғызу материалы өсірілді; 3 гектар питомниктер ұйымдастырылды; Алматы және Көкшетау орман селекциялық орталықтары үшін сатып алынды: автомобиль - 2 бірлік, трактор - 1 бірлік, компьютер - 3 бірлік, тереңдік скважинасы бар суару жүйесі - 1 жинақ, спутникті телефон - 2 бірлік, соқа-мала - 2 бірлік, мотоблоктың культиваторы - 2 бірлік, аспалы құралы бар минитрактор - 2 бірлік, кеңсе жиһазы.

2007 жылдың орман орналастыру шараларына дайындық жұмыстары жүргізілді: Алматы облысында - 706,8 мың гектар; Маңғыстау облысында - 242,4 мың гектар;

орман орналастыру нысаналары аэрофототүсірмелерімен, ғарыштүсірмелерімен қамтамасыз етілді; топокарталар, шаруашылықаралық жерге орналастыру жоспарлары, аудандық және облыстық карталар сатып алынды; Ақтөбе облысының нысаналары бойынша негізгі ережелер әзірленді.

Далалық орман орналастыру жұмыстары жүргізілді: Павлодар облысында - 178,2 мың гектар; Ақмола облысында - 248,3 мың гектар; Шығыс Қазақстан облысында - 8,3 мың гектар; тапсырыс берушінің тапсырмасы бойынша орман орналастыру жобаларының өндіріске енгізілуіне авторлық қадағалаулар мен тексерулер жүргізілді.

Орман мекемелерінде камеральдық орман орналастыру жұмыстары атқарылды: Ақмола облысында - 86,7 мың гектар; Шығыс Қазақстан облысында - 121,1 мың гектар; Солтүстік Қазақстан облысында - 131,0 мың гектар, камеральдық орман орналастыру жұмыстарын жүргізу кезінде ГИС технологиялары қолданылды және бағдарламалық қамтамасыз ету жетілдірілді, материалдарды электрондық өңдеумен статистикалық есептілікті қабылдау және жинақтау жүзеге асырылды.

Жобалау-іздестіру жұмыстары жүргізілді: 2005 жылғы іздестіру бойынша камеральдық жұмыстар: "Семей орманы" мемлекеттік табиғи орман резерваты ормандарының өртке қарсы құрылғысының жұмыс жобасы - 658,8 мың гектар; "Көкшетау" мемлекеттік ұлттық табиғи паркі ормандарының өртке қарсы құрылғысының жұмыс жобасы - 182,1 мың гектар; Батыс Алтай және Наурызым мемлекеттік табиғи қорығы ормандарының өртке қарсы құрылғысының мемлекеттік экологиялық сараптамаларының қорытындысы - 247,5 мың гектар; "Семей орманы" мемлекеттік табиғи орман резерваты мен "Көкшетау" мемлекеттік ұлттық табиғи паркі ормандарының өртке қарсы құрылғысының мемлекеттік экологиялық сараптамалары - 840,9 мың гектар; Алматы орман селекциядық орталығы суармалы аймақтық орман селекциялық-тұқым шаруашылығы кешенінің жобалау-сметалық құжаттамасы әзірленді, келісілді және оған сараптама жасалды - 149 гектар; Алматы орман селекциялық орталығының суармалы аймақтық орман селекциялық-тұқым шаруашылығы кешенінің жобалау-сметалық құжаттамасы әзірленді, келісілді және оған сараптама жасалды - 149 гектар; Алматы орман селекциялық орталығының аймақтық орман селекциялық-тұқым шаруашылығы кешенінің жобалау-сметалық құжаттамасының сәулет-құрылыс және мемлекеттік экологиялық сараптамасы өткізілді - 149 гектар;

Жаңа далалық іздестіру жұмыстары: Қарқаралы мемлекеттік ұлттық табиғи паркі ормандарының өртке қарсы құрылғысының жұмыс жобасы - 90,3 гектар; Баянауыл мемлекеттік ұлттық табиғи паркі ормандарының өртке қарсы құрылғысының жұмыс жобасы - 50,7 гектар; Іле Алатауы мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің жабайы жемісті екпелерін қалпына келтіру және орман баспаған жерлердің ормандануының жұмыс жобасы - 2700 гектар; Солтүстік Қазақстан облысының Соколов орман питомнигының ұйымдастыру-шаруашылық жоспары мен суландырудың жұмыс жобасы - 50 гектар; Көкшетау орман селекциялық орталығы суарылатын питомнигы мен плантациясы бар

аумағының ұйымдастыру-шаруашылық жоспарының жұмыс жобасы - 192 гектар; Алматы облысының Қаскелең орман питомнигының ұйымдастыру-шаруашылық жоспары мен суландырудың жұмыс жобасы - 45 гектар;
Астана қаласы мен оның қала шетіндегі аймағы жағдайында қаланы көгалдандыру мен сортаң және батпақты жерлерінде ағаш екпелерін құрудың тәсілдері мен технологияларын айқындау жөнінде ұсыныстар әзірленді; Батыс Алтай мемлекеттік табиғи қорығы мен Шарын мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің аумағын кеңейту жөнінде табиғи-ғылыми және техникалық-экономикалық негіздемелер әзірленді; ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды басқару жоспарын әзірлеу әдістемесі; орман қорының жай-күйі туралы есеп; Қатон-Қарағай мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің түзетілген техника-экономикалық негіздемесі жасалды; ормандарды экономикалық тұрғыдан бағалаудың әдістемесі әзірленді, түбірімен босатылатын сүрек дайындау ақысының базалық ставкалары нақтыланды; мемлекеттік орман қорын санаттарға жатқызу жөнінде ұсыныстар әзірленді; Жоңғар Алатауындағы алма күйесі мен басқа да жапырақ кеміруші зиянкестердің биоэкологиясы зерттелді және ғылыми негізделген ұсыныстар жасалды; Ертіс бойының қарағайлы ормандарында қылқан жапырақты ағаштарды кеміруші зиянкестермен күрес шаралары әзірленді; қайың ағаштарының кеуіп қалу эхтиологиясы анықталды және аурудан қорғау шаралары әзірленді; ағаш және бұта тұқымдарын микроклон арқылы көбейтудің биотехнологиялық әдістері жасалып, орман шаруашылығы тәжірибесіне енгізілді; шынжыр табанды орман өртін сөндіру машинасының жобалау-сметалық құжаттамасы әзірленді және оның тәжірибелік үлгісі жасалды; киіктер санының жай-күйі туралы есеп; аңшылық минимумы бойынша тестілеудің электронды жүйесі мен аңшыларды есепке алудың электронды жүйесі ұйымдастырылды; аң аулау объектісі болып табылатын жануарлар түрлерінің жай-күйіне баға берілді.
"Қазақ орман орналастыру кәсіпорыны" РМҚК 12 жұмыс орындық бастапқы орман бағалау ақпараттарын өңдеуге арналған бағдарламалық қамтамасыз етумен, 10 бірлік компьютермен, 1 бірлік түрлі-түсті ағынды принтермен жарақтандырылды.
Жер бөлу, жобаны табиғи жағдайға алып шығу - 8000 гектар; 10,5 млн.дана отырғызу материалы өсірілді; 155 гектар орман тұқымы плантациялары құрылды; 9 тұқым ағаш тұқымдарын аудандастырудың бірінші кезеңі өткізілді; 5000 гектар отырғызар алдында топырақ өңдеп отырғызылды; 5100 гектар бұрнағы жылдары отырғызылған орман дақылдарымен толықтырылды, 4,2 млн. дана отырғызу материалы сатып алынды; 1999-2006 жылдарғы 19602,8 гектар екпелерге күтім жасалды; 33043 гектар орман екпелері қорғалды; 2007-2008 жылдары отырғызу үшін 1000 гектар жер дайындалды; 7700 гектар орман екпелеріне күтім жасалды; жер пайдаланушылардың шығындары өтелді; техника жөнделді.
2005 жылғы іздестіру бойынша камеральдық жобалау жұмыстары: Астана қаласының қала шетіндегі аймағының шегінде (батыс бағыты) қорғаныштық екпелер құрудың

жұмыс жобасы - 10000 гектар; Астана-Луговое бағытындағы магистраль бойынша ландштафтық-рекреациялық екпелер құрудың жұмыс жобасы - 3000 гектар; Астана-Малиновка бағытындағы магистраль бойынша ландштафтық-рекреациялық екпелер құрудың жұмыс жобасы - 2000 гектар. 2005 жылдың жобасын табиғи жағдайға алып шығу - 15000 гектар; 2005 жылғы жұмыс жобаларының сәулет-құрылыс және мемлекеттік экологиялық сараптамасы - 3 дана; Астана қаласының санитарлық-қорғаныштық жасыл аймағын екпелерін құрудың жұмыс жобасын авторлық қадағалау - 7 жоба.

Жаңа далалық іздестіру жұмыстары: Астана қаласының қала шетіндегі аймағының шегінде (оңтүстік бағыты 1 кезек) қорғаныштық екпелерді құрудың жұмыс жобасы - 7000 гектар;

Астана қаласының қала шетіндегі аймағының шегінде (оңтүстік бағыты II кезек) қорғаныштық екпелер құрудың жұмыс жобасы - 8000 гектар; Шортанды орман питомнигының ұйымдастыру-шаруашылық жоспары мен суландырудың жұмыс жобасы - 69 гектар; "Жасыл Аймақ" республикалық мемлекеттік кәсіпорнының орман дақылдары плантациясын суландырудың жұмыс жобасы - 155 гектар; "Жасыл Аймақ" республикалық мемлекеттік кәсіпорны 9 бірлік автомашиналармен, 4 бірлік тұрғын вагондармен, 1 бірлік тіркемемен, 1 бірлік арнайы тягачпен; 21 бірлік тракторлармен жарақтандырылды.

Ұшу сағаты жүргізілді, 3 байқаушы-ұшқыш оқытылды, "Қазақ ормандарды авиациялық қорғау және орман шаруашылығына қызмет көрсету базасы" РМҚК 1 бірлік микроавтобуспен, 2 бірлік автомашинамен, 29 бірлік байланыс құралдарымен, өрт сөндіру және жеке қорғау құралдарымен жарақтандырылды.

Түпкі нәтиже: орман питомнигінде стандартты отырғызу материалы алынды, орман қорының сақталуы қамтамасыз етілді, ормандарды молықтыру және орман өсіру алқаптары кеңейтілді, орман орналастыру жобалары, жобалық іздестірулер мен техника-экономикалық негіздемелер алынды, орман өрттері қамтыған алқаптар азайды, орман қорының бір жану алқабы 1 гектарға дейін қысқарды.

Қаржы-экономикалық нәтиже: 1 гектар уақытша орман тұқымдары учаскелерін құру 1252 теңгені құрайды, 1 артықшылығы бар ағаш іріктеу - 5277 теңге тұрады, 1 га орман орналастыру жұмыстары 71,21 теңге, 1 га жобалық-іздестіру 6446 теңге, 1 га жасыл аймақ құру бойынша жобалық-іздестіру 1380 теңге, 1 га орман отырғызу 14725,8 теңге, 1 га орманды авиациямен күзету және аэрокөрілімдік орман-патологиялық бақылау 129,5 теңге тұрады.

Уақтылығы: өртке қарсы және ормандарды қалпына келтіру іс-шараларын, жөндеу-қалпына келтіру жұмыстарын жүргізу, материалдық-техникалық жарақтандыру , орман тұқымы плантацияларында ағаш отырғызу және перспективалы нысандағы отырғызу материалын өсіру, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар ормандарын өртке қарсы жабдықтау жобаларын және республиканың орман күзеті мекемелерінде

ұйымдастыру-шаруашылық жоспарының жобаларын әзірлеу, жобаларға сәйкес ағаш отырғызу жұмыстарын жүргізу, ормандарды авиациямен күзету туралы ережеге сәйкес және жұмыстар атқару, қызметтер көрсету және тауарлар сатып алу кестесіне сәйкес авиациямен орман күзету жұмыстарын орындау.
Сапасы: келіп түскен бүкіл тұқым қорының тұқымын анализбен жүз пайыз қамту және оны сертификаттау, питомниктер мен орман дақылдарында отырғызу материалының шығымы нормативтеріне сәйкес тұқымның өсіп-өну пайызы, мұрагерлік сапасы жақсартылған отырғызу материалын алу, ГИС технологияны қолданып орман орналастыру жұмыстарының құнын кеміту және бағдарламамен қамтамасыз етуді жетілдіру, орман орналастыру жұмыстарының кезеңділігін нормативті мөлшерге дейін жеткізу, ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың өртке қарсы құрылғысы үшін іздестіру жүргізу, көп жылғы деректермен салыстырғанда бір өрттің орташа алқабының артып кетуіне жол бермеу.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2005 жылғы 12 желтоқсандағы
N 1235 қаулысына
113-ҚОСЫМША

**212 - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі**

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2006 жылға арналған
"Балық ресурстарын мемлекеттік есепке алу және оның кадастры" деген 037 республикалық бюджеттік бағдарламаның
**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 131620 мың теңге (бір жүз отыз бір миллион алты жүз жиырма мың теңге) .

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : 1997 жылғы 15 шілдедегі "Қоршаған ортаны қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 17-бабы ; 2004 жылғы 9 шілдедегі "Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 22, 47-баптары ; 2003 жылғы 29 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының балық шаруашылығын дамытудың 2004-2006 жылдарға арналған бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің N 1344 қаулысы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : балық қорларын ұтымды пайдалану, балықтың құнды түрлерінің гендік қорын сақтау.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : санының өсуіне мониторинг жүргізу, балықтың жай-күйін және кәсіпшілік балық табындары қорын бағалау; оларды тұрақты пайдалану жөнінде ұсыныстар әзірлеу; Балықты жіберу мен жерсіндіру схемасын

әзірлеу.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N п/п | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Кіші бағдарламалардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 037 | | Балық ресурстарын мемлекеттік есепке алу және оның кадастры | Кәсіпшілік аудандардың балық өнімділігі мен халықаралық және республикалық маңызды ірі балық шаруашылығы су қоймаларынан жалпы аулау рұқсаттамасын анықтау. Кәсіптік балық табындары қорының жай-күйін бағалау негізінде облыстық маңыздағы (Ақмола, Ақтөбе, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Оңтүстік Қазақстан және Алматы облыстары) су қоймаларынан жалпы аулау рұқсаттамасын анықтау. Шекаралас ағын сулардың режимін гидрологиялық талдау және олардың биоресурстарды қалыптастыруға әсерін анықтау. Су қоймаларына балықты жіберу мен жерсіндірудің республикалық схемасын әзірлеу. Каспий теңізіндегі балық қорын мемлекетаралық зерттеу. | Қаңтар-желтоқсан | Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Балық шаруашылығы комитеті |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** : Тура нәтиже: шекаралас және ішкі су қоймаларынан аулаудың тиімді рұқсаттамасын анықтау жөніндегі есебі; Қазақстан Республикасы балық кәсіпшілігінің барлық су қоймаларына 100%-дық жерсіндіру схемасы, Каспий теңізінің балық қорын зерттеу жөніндегі халықаралық экспедицияның есебі.

Соңғы нәтиже: балық ресурстарын сақтау мақсатында ішкі су қоймалары мен Каспий теңізінің оңтайлы қолдану және кәсіптік балық қорын сақтау жөніндегі ұсыныстар әзірленген.

Қаржы-экономикалық нәтиже: шекаралас және ішкі су қоймаларынан аулаудың тиімді рұқсаттамасын анықтау жөніндегі есебінің құны 104886 мың теңге, Қазақстан Республикасы балық кәсіпшілігінің су қоймаларын жерсіндіру схемасының құны 6724 мың теңге, Каспий теңізінің балық қорын зерттеу жөніндегі мемлекетаралық зерттеу жөніндегі есебінің құны 20000 мың теңге.
Уақтылығы: Каспий теңізінің су биоресурстары жөніндегі халықаралық Комиссиясының жыл сайынғы отырысына каспий жанындағы мемлекеттердің балық ресурстарын пайдаланудың оңтайлы негіздемесін және жануарлар дүниесін пайдаланушылар арасындағы балық аулаудың жыл сайынғы лимиттер мен квоталарын бөлу үшін, жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы заңнамасы нормаларының талаптарына сәйкес жануарлар дүниесінің жай-күйін жыл сайын бағалау.
Сапасы: ғылыми кеңестің дұрыс қорытындысының бар болуы.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2005 жылғы 12 желтоқсандағы
N 1235 қаулысына
114-ҚОСЫМША

**212 - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі**

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2006 жылға арналған
"Балық ресурстарын молайту"
деген 038 республикалық бюджеттік бағдарламаның

**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 623187 мың теңге (алты жүз жиырма үш миллион бір жүз сексен жеті мың теңге).

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : 2004 жылғы 9 шілдедегі "Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 47-бабы ; 2003 жылғы 29 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының балық шаруашылығын дамытудың 2004-2006 жылдарға арналған бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің N 1344 қаулысы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : Қазақстан Республикасы су тоғандарында кәсіпшілік балық қорларын толықтыру.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : жас балықтарды жасанды жолмен өндіру; балықтардың тиімді мекендеуіне және табиғи өсіп өнуіне жағдай жасау.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N п/п | Бағ- дар- | Кіші бағ- | Кіші бағдарла- | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|

| | лама коды | дар-лама коды | малардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындау-шылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 038 | | Балық ресурс-тарын молайту | Құнды жас балық түрлерін өсіру (бекіре, тұқы, ақсаха және өсімдікқоректі). Атырау облысының Орал және Қиғаш өзендері сағаларында түп тереңдету жұмыстарын жүргізу. Балық өндірісімен айналысатын кәсіпорындардың материальдық-техникалық базасын дамыту. | Ақпан-қараша | Қазақстан Республи-касы Ауыл шаруашы-лығы министр-лігінің Балық шаруа-шылығы комитеті |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** : Тура нәтиже: Қазақстан Республикасының 35 су қоймаларына балық жіберілген; Орал және Қиғаш өзендерінің балық жолы каналдарына балық өсіру-мелиорациялық жұмыстары 10,9 шақырымға жүргізілген; Құнды жас балық түрлерін су қоймаларына жіберуді ұлғайту: бекірені - 4,5%-ға (7000 мың дана көлемінде), тұқы, ақсаққа және өсімдікқоректі - 36,6% -ға (187020 мың дана көлемінде); Атырау облысының Орал және Қиғаш өзендерін 535,3 мың текше метр тұнба шығару жолымен балық жолы каналдары түбін тереңдету нәтижесінде балықтардың уылдырық шашу мен жайып семірту жерлеріне көшіп-қонуын қамтамасыз ету. Балық шаруашылығы кәсіпорындары жұмысының тиімділігін арттыру үшін 5 бірлік арнайы автокөлік, 4 бірлік арнайы техника сатып алынған.

Соңғы нәтиже: Қазақстан Республикасының балық ресурстарын қалпына келтіру мен тұрақты пайдалану.

Қаржы-экономикалық нәтиже: 1 дана жас бекірені өсірудің құны - 13,43 теңге, жылға дейінгі тұқы және өсімдікқоректі - 5,95 теңге, жылдық тұқы және өсімдікқоректі - 19,64 теңге, екі жылдық тұқы және өсімдікқоректі- 13,60 теңге, ақсаха құрты - 0,15 теңге, тұқы құрты - 0,05 теңге, Атырау облысының Орал және Қиғаш өзендерін 1 текше метр тұнба шығару құны - 410,98 теңге.

Уақтылығы: өсіру биотехникасының талаптарына сәйкес су қоймаларына құнды жас балық түрлерін жіберу; уылдырық шашу мен қайту уақыты есебін қоса, жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы заңнамасы нормаларының талаптарына сәйкес балық өсіру-мелиорациялық жұмыстарын жүргізу.

Сапасы: 1 дана жас бекіренің салмағы - 3 г., жылға дейінгі ақсаха және өсімдікқоректі - 25 г., жылдық ақсаха және өсімдікқоректі - 30 г., екі жылдық ақсаха - 150 г., Атырау облысының Орал және Қиғаш өзендерінің балық жолы каналдары параметрлерінің

техникалық жобамен сәйкестігі; сатып алынатын техниканың сапа сертификатының талаптарына сәйкестігі.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2005 жылғы 12 желтоқсандағы
N 1235 қаулысына
115-ҚОСЫМША

**212 - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі**

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2006 жылға арналған "Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды және жануарлар дүниесін сақтау мен дамытуды қамтамасыз ету" деген 040 республикалық бюджеттік бағдарламаның

**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 2272814 мың теңге (екі миллиард екі жүз жетпіс екі миллион сегіз жүз он төрт мың теңге).

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : 1997 жылғы 15 шілдедегі "Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 73-бабы ; 2004 жылғы 9 шілдедегі "Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 12-15-баптары ; " Республикадағы жыртқыштардың жекелеген түрлерінің санын реттеу жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 5 қыркүйектегі N 1230 қаулысы ; "Қазақстан Республикасының ерекше қорғалатын табиғи аумақтарын 2030 жылға дейін дамытудың және орналастырудың тұжырымдамасы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 10 қарашадағы N 1692 қаулысы ; "Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде ормандарды күзету, қорғау, молайту әрі орман өсіру жөніндегі нормалар мен нормативтерді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 19 қаңтардағы N 53 қаулысы ; "Тұяқты жабайы жануарлардың сирек кездесетін және жойылып бара жатқан түрлері мен киіктерді сақтаудың және қалпына келтірудің 2005-2007 жылдарға арналған бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 25 наурыздағы N 267 қаулысы ; "2005-2007 жылдарға "Жасыл ел" Бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 25 маусымдағы N 632 қаулысы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : мемлекеттік табиғи-қорық қоры мен орман қорының объектілерін, биологиялық саналуандықты сақтау, қалпына келтіру және кеңейту, Қазақстанның сирек кездесетін және жойылып бара жатқан жабайы тұяқты жануарларының түрлері мен киіктерінің санын сақтау және қалпына келтіру.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : мемлекеттік табиғи-қорық қоры мен орман қорының объектілерін қорғау, жұмыс істеуін қамтамасыз ету және дамыту, табиғи кешендерді сақтаудың ғылыми әдістерін әзірлеу және енгізу, жануарлардың сирек кездесетін және жойылып бара жатқан түрлері мен киіктердің кәсіпшілік санына қол жеткізу мақсатында олардың табиғи еркіндік жағдайында таралымдарын сақтау және биологиялық жағынан негіздей отырып жыл сайынғы өсімін ұлғайту.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N п/п | Бағ-дар-лама коды | Кіші бағ-дар-лама коды | Кіші бағдарла-малардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындау-шылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 040 | | Ерекше қорға-латын табиғи аумақ-тарды және жануарлардүниесін сақтау мен дамытуды қамта-масыз ету | | | |
| 2 | | 100 | Ерекше қорға-латын табиғи аумақтар | Жалпы штат саны 2737 бірлік болатын "Ертіс орманы" және "Семей орманы" - 2 мемлекеттік табиғи орман резерватын; Ақсу-Жабағылы, Алакөл, Алматы, Барсакелмес, Батыс Алтай, Қаратау, Қорғалжын, Марқакөл, Наурызым, Үстірт - 10 мемлекеттік табиғи қорығын; "Алтын Емел", Баянауыл, Іле Алатауы, Қарқаралы, Қатон-Қарағай, "Көкшетау", Сайрам-Өгем және "Шарын" 8 мемлекеттік ұлттық табиғи паркін ұстау. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар мемлекеттік мекемелері кадрларының біліктілігін арттыру. Өртке қарсы іс-шаралар жүргізу және ормандарды молықтыру. | Қаңтар-жел-тоқсан | Қазақстан Республи-касы Ауыл шаруашы-лығы министр-лігінің Орман және аңшылық шаруа- |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | "Семей орманы" мемлекеттік табиғи орман резерваты үшін үй-жайлар мен құрылыстар: Морозов филиалы үшін жанар-жағармай материалдарын сақтайтын қойма, Соснов орманшылығы үшін кеңсе үйін, Семей филиалы үшін жөндеу шеберханасын, Семей филиалы үшін өндірістік шеберхана сатып алу. Қорғалжын мемлекеттік табиғи қорығының туристік базасын күрделі жөндеу (15.03.2005 жылғы N 004/05 МС) ; Шарын мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің әкімшілік ғимараты мен қонақ үйін (17.03.2005 жылғы N 7-135/05 МС), кордондарын (25.03.2005 жылғы N 7-144/05 МС) күрделі жөндеу; Үстірт мемлекеттік табиғи қорығының кордондарын күрделі жөндеу (13.10.2004 жылғы N 15-288/04 МС); Алакөл мемлекеттік табиғи қорығының әкімшілік ғимаратын күрделі жөндеу (11.03.2005 жылғы N 7-108/05 МС). 20 ерекше қорғалатын табиғи аумақтар үшін негізгі құралдар, құрал-саймандар, қару, киім, байланыс құралдарын, ұйымтехникасын, автокөлік, арнайы техника және тракторлар сатып алу. | | шылығы комитеті |
| 3 | | 101 | Киіктер-ді, тұяқты жабайы жануар-лардың құрып бара жатқан түрлерін сақтау және | Республика аумағында төлдеу және басқа да маусымдық топталу орындарында киіктерді қорғау. Киіктердің қоныс аудару жолдарында, төлдеу, қыстау және басқа да мекендеу орындарында қасқырлар ату. Жабайы тұяқты жануарлардың сирек кездесетін және жойылып бара жатқан түрлерін қорғауды | Қаңтар-жел-тоқсан | Қазақстан Республи-касы Ауыл шаруашы-лығы министр-лігінің Орман және аңшылық |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | олардың санын қалпына келтіру | жүзеге асыру. Сирек кездесетін және жойылып бара жатқан жабайы тұяқты жануарлардың есебін және бақылауын (мониторингін) ұйымдастыру және таралымдардың жай-күйіне үнемі жедел баға беріп отыру. Табиғи таралу аймақтары шегінде тоғай кермаралын, қарақұйрықты, арқар мен құланды жерсіндіру. Мемлекеттік тапсырыс шеңберінде "Охотзоопром" ӨБ" РМҚК-н: автокөлікпен, байланыс құралдарымен, түрлі-түсті сурет және видеоаппаратурамен материалдық-техникалық жарақтандыру. | | шаруашылығы комитеті |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** : Тікелей нәтиже: 3540477 гектар алқапта 20 ерекше қорғалатын табиғи аумақты қорғау және ұтымды пайдалану, жүргізілген орман дақылдарын отырғызу жұмыстарының алқабы - 3668 гектар; өртке қарсы іс-шаралар алқабы - 35340 км; ормандарды молықтыру алқабы - 4,06 мың гектар.

20 ерекше қорғалатын табиғи аумақ: 340 бірлік жазғы нысанды киіммен, 607 бірлік қысқы нысанды киіммен, 1 бірлік су таситын автомобильмен, 9 бірлік қорапты автомобильмен, 53 бірлік жинақталған компьютерлермен, 31 бірлік орман өртіне қарсы мотопомпалармен, 24 бірлік мотоциклдермен, 35 бірлік қарумен, 13 бірлік күзет машиналарымен, 3 бірлік өрт сөндіру машиналарымен, 1 бірлік принтермен, 31 бірлік радиостанциялармен, 14 бірлік тракторлармен жарақтандырылатын болады, ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың 47 маманы біліктілік деңгейін арттырады, питомниктердегі отырғызу материалы 29,5 млн. данаға көбейеді, 1500 бас қасқыр атып алынады, киіктердің және жабайы тұяқты жануарлардың сирек кездесетін және жойылып бара жатқан түрлері таралымдарының саны олардың табиғи өсімін молайту деңгейінде сақталады.

"Охотзоопром" ӨБ" РМҚК 2 бірлік күзет машиналарымен, 1 бірлік қорапты автомобильмен, 19 бірлік радиостанцияларымен, 20 бірлік қабылдағыштармен, 10 бірлік цифрлы фотоаппараттармен, 12 бірлік цифрлы бейнекамераларымен жарақтандырылатын болады.

Түпкі нәтиже: табиғи-қорық қоры объектілерінің сақталуы, ерекше қорғалатын табиғи

аумақтар алқабы 7,9% ұлғаяды, киіктердің және жабайы тұяқты жануарлардың сирек кездесетін және жойылып бара жатқан түрлерінің саны тұрақтанады, сондай-ақ олардың таралу аймақтары бойынша олардың таралымдарын сан өсімінің есептік деректерімен тіркелген орнықты даму деңгейіне дейін қалпына келтіру.
Уақтылығы: жұмыстар атқарудың, қызметтер көрсетудің және тауарлар сатып алудың бекітілген жоспарларына сәйкес өртке қарсы жұмыстар және ормандарды молықтыру жөнінде іс-шаралар жүргізу, жөндеу-қалпына келтіру жұмыстарын өткізу, материалдық-техникалық жарақтандыру және 20 ерекше қорғалатын табиғи аумақтың кадрларының біліктілігін арттыру, Бағдарламаны іске асыру жөніндегі Іс-шаралар жоспарына сәйкес киіктерді және жабайы тұяқты жануарлардың сирек кездесетін және жойылып бара жатқан түрлерін сақтау және өсімін молайту үшін нормативтік құқықтық және ұйымдық-шаруашылық шараларын жүргізу.
Қаржы-экономикалық нәтиже: ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың 1 гектарын қорғау, молықтыру және онда өртке қарсы іс-шаралар жүргізу 527,5 теңгені құрайды.
Сапасы: орман өрттері қамтыған алқаптардың қысқаруы, қазіргі ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың өздерінің табиғи жағдайында сақталуы, табиғи-ғылыми және техникалық-экономикалық негіздемелерге сәйкес жаңа ерекше қорғалатын табиғи аумақтар құру, жабайы тұяқты жануарлардың сирек кездесетін және жойылып бара жатқан түрлерінің санын қазіргі бар деңгейде сақтау, киіктер санын 10% көбейту.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2005 жылғы 12 желтоқсандағы
N 1235 қаулысына
116-ҚОСЫМША

**212 - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі**

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2006 жылға арналған
"Нұра-Есіл өзендері бассейнінің қоршаған ортасын оңалту және басқару"
деген 041 республикалық бюджеттік бағдарламаның

**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 167660 мың теңге (бір жүз алпыс жеті миллион алты жүз алпыс мың теңге) .

*Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2006.07.31.* N 470б *қаулысымен .*

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : Қазақстан Республикасы мен Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкі арасындағы қарыз (Нұра өзенін тазарту жобасы) туралы келісімді бекіту туралы Қазақстан Республикасының 2004 жылдың 26 мамырдағы Заңы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің

қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : өзен арнасы мен оған іргелес аудандарды сынаппен ластанудан тазарту арқылы Нұра өзені алабы аумағында тұратын халықтың әл-ауқатын жақсарту, бұл жергілікті су пайдаланушылардың қауіпсіз, тиімді, аз шығынды баламалы сумен қамтамасыз ету көзіне өспелі мұқтаждығын қанағаттандырады, сондай-ақ су тасқынын басқару үшін және экологиялық мақсатта судың шығынын бақылауды қайта жүргізуге мүмкіндік береді.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : жоба аумағында судағы сынаптың жоғары концентрациясын төмендету (3000 ПДК-дан ПДК-ға дейін); жоба көлемін реттеу мүмкіндігіне дейін (240 млн. $м^3$) Ынтымақ су қоймасын жаңғырту, қазіргі уақытта жылдық орта есеппен алғандағы реттелмеген көлемі - 40 млн. $м^3$ ; Нұра өзеніндегі 17 гидрологиялық бекеттерді және Қарағанды облысының 4 зертханасын техникалық жабдықтау.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асы жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N п/п | Бағ-дар-лама коды | Кіші бағ-дар-лама коды | Кіші бағдарла-малардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындау-шылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 041 | | Нұра-Есіл өзендері бассей-нінің қоршаған ортасын оңалту және басқару | | | |
| 2 | *(Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2006.07.31. N 470б қаулысымен)* | | | | | |
| 3 | | 016 | Жобаны респуб-ликалық бюджеттен сыртқы қарыз-дарды бірлесіп қаржы-ландыру есебінен іске асыру | Нақтыланған жобаны жасау бойынша консультанттардың қызметіне төлеу. Жоба шеңберінде құрылыс жұмыстары бойынша құрылыс және техникалық бақылауды іске асырушы консультанттардың қызметіне төлеу. Құрылысқа жер бөліп бергені үшін өтемақы төлеу. Операциялық шығындар- | Қаңтар-желтоқсан | Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Су ресурстары |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | мен қоса, жергілікті консультанттардың қызметіне төлеу. Жарнама-ақпараттық қызметтер үшін ақы төлеу. Валюталық операциялар жасағаны үшін лицензиялық алымды төлеу. Операциялар жүргізгені үшін екінші деңгейдегі банктің комиссиясын төлеу. | | жөніндегі комитеті |

*Ескерту. 6-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.07.31.* N 470б *қаулысымен.*

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** :
Тікелей нәтиже: нақты жобалауды әзірлеу жөніндегі есептер; құрылыс жұмыстарына жүргізілген бақылаудың есептері.
Түпкілікті нәтиже: оң сараптау қорытындылары бар егжей-тегжейлі жобалау нәтижелері.
Қаржы-экономикалық нәтиже: сынап қалдықтарының 1 текше метрін көму құны - 2500 теңге.
Уақтылығы: қызметтер мен жұмысты ұсыну бастапқы тізбеге сәйкес.
Сапасы: ПДК деңгейіне дейін ауадағы, судағы, топырақтағы сынап құрамын төмендетеді.

*Ескерту. 7-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.07.31.* N 470б *қаулысымен.*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2005 жылғы 12 желтоқсандағы
N 1235 қаулысына
117-ҚОСЫМША

**212 - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі**

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2006 жылға арналған
"Агроөнеркәсіп кешені саласындағы қолданбалы ғылыми зерттеулер" деген 042 республикалық бюджеттік бағдарламаның
**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 2123240 мың теңге (екі миллиард бір жүз жиырма үш миллион екі жүз қырық мың теңге).

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** :
Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 9 шілдедегі "Ғылым туралы" Заңының 26-бабы ; Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Заңының 11 және 17-баптары ; Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 17 мамырдағы N 1096 "

Қазақстан Республикасының Индустриялық-инновациялық дамуының 2003-2015 жылдарға арналған стратегиясы туралы" Жарлығы ; Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 23 ақпандағы N 145 "Республикалық бюджеттің қаражаты есебінен орындалатын қолданбалы ғылыми зерттеулер бағдарламаларын қалыптастыру мен іске асырудың кейбір мәселелері туралы" қаулысы ; Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 27 желтоқсандағы N 1385 "Мемлекеттік ғылыми- техникалық сараптаманы ұйымдастыру және жүргізу ережесін бекіту туралы" қаулысы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты .

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : агроөнеркәсіп кешені салаларының тұрақты дамуы; ауыл шаруашылық өндірісінің тиімділігін арттыру, халықаралық талаптарға сәйкес бәсекеге қабілетті ауыл шаруашылық өнімдерін өндіру; агроөнеркәсіп кешенінің қазіргі жағдайын талдау және дамуының перспективалық бағыттарын анықтау.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : өсімдіктердің, жануарлардың және микроағзалардың гендік ресурстарын қалыптастыру, зерттеу және сақтау; ауыл шаруашылық, жеміс-жидек, орманқұрастыратын және басқа дақылдардың сорттары мен гибридтерінің, жануарлардың, құстардың, аралардың, балықтардың тұқымдарының, түрлерінің, кросстарының қолда барларын жетілдіру және жаңа түрлерін шығару; ауыл шаруашылық дақылдардың сорттары мен гибридтерінің түпнұсқалық тұқым шаруашылығын ұйымдастыру; генетиканың, биотехнологияның қазіргі тәсілдерін жетілдіру және оларды селекциялық және биологиялық, химиялық және ветеринарлық препараттарды шығару кезінде пайдалану; ауыл шаруашылық және басқа дақылдарды өсірудің, орманқұру мен орманкөбейтудің технологияларын, су ресурстарын басқарудың тәсілдерінің экологиялық қауіпсіз және экономикалық орынды ресурстарды сақтаушы максималды бейімді әдістерін шығару және жетілдіру; мал шаруашылығы экологиялық таза өнімдері технологияларын жасау және енгіздіру; ауыл шаруашылық жануарлардың өнімді-асылтұқымды сапасын көтеру; жануарлардың ветеринарды жағдайын қамтамасыз ету; жануарлардың, құстардың және балықтардың жұқпалы және паразитті ауруларына қарсы препараттарды, жоғары иммуногендік вакциналарды жасау; экологиялық таза ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру, қайта өңдеу және сақтау үшін бәсекеге қабілетті технологияларды, техникаларды және машиналарды жасау; агроөнеркәсіптік кешенінің тиімді қызмет атқаруының және ауыл аумақтардың тиімді дамуының экономикалық механизмін жасау; Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің ғылыми зерттеу ұйымдарының және С.Сейфуллин атындағы қазақ мемлекеттік агротехникалық университетінің материалды-техникалық базасын модернизациялау.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N п/п | Бағ- дар- | Кіші бағ- | Кіші бағдарла- | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | лама коды | дар-лама коды | малардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындау-шылар |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 042 | | Агро-өнеркәсіп кешені саласын-дағы қолдан-балы ғылыми зерт-теулер | I. Егіншілік, өсімдік шаруашылығы, су және орман шаруашылықтары салаларында қолданба-лы ғылыми-зерттеу жұмыстарды келесі 11 негізгі бағыттарда жүргізу, оның ішінде: 5 жаңа бағытта:<br>1. Талшық және гендік инженерия, молекуляр-лық биология және тағы да басқа әдістер негізінде жаңа биотехнологияларды қолдана отырып әр түрлі дақылдардың жаңа жоғары өнімді сорттарын шығару және олардың тұқым шаруашылығын ұйымдастыру;<br>2. Осы заманғы ақпараттық технология-ларды қолдана отырып, дақылдарды егіп өсірудің жаңа экономикалық тиімді және экологиялық қауіпсізді ылғал-ресурстарды сақтаушы технологияларын жасау;<br>3. Биотехнологияның жаңа әдістері мен карантиндік түрлерін оқшаулау және жою бойынша шаралардың негізінде дақылдарды зиянкес ағзалардан қорғаудың биологиялық тәсілдерін жетілдіру;<br>4. Негізгі өзен бассейндерін және кіші өзендердің су ресурстарын кешенді пайдалану және қорғау кестесін, трансшекара-лық су ағынын оңтайлы басқарудың әдістемелік негіздерін жасау;<br>5. Республиканың орман экожүйелерінің қазіргі жағдайының орман шаруашылық - экологиялық бағалауын жүргізу; орман шаруашылығын жүргізу- | Қаңтар-жел-тоқсан | Қазақстан Республи-касы Ауыл шаруашы-лығы министр-лігі |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | дің экономикалық негіздерін жасау;<br>6 жалғасушы бағытта:<br>1. Ауыл шаруашылық және басқа дақылдардың генқорын сақтау, қалыптастыру, толықтыру, зерттеу, сақтауын ұйымдастыру және ақпараттық банкін құру;<br>2. Дәстүрлік селекция негізінде әр түрлі дақылдардың жаңа жоғары өнімділік сорттарын шығару және олардың тұқым шаруашылығын ұйымдастыру;<br>3. Өсімдік шаруашылы-ғын диверсификациялау-ды және жер құнарлылы-ғын қайта өндірудің теориялық негізін ескере отырып дақылдарды егіп өсірудің қолда бар технологияларын жетілдіру және жаңа экономикалық тиімді және, экологиялық қауіпсізді ылғал-ресурстарды сақтаушы технологияларын әзірлеу;<br>4. Республиканың әрбір агроэкологиялық аумағында кездесетін зиянды ағзалардың түр құрамын, экологиялық өзгешіліктерін зерделеу және олардың зияндылығын анықтау; шаруашылықты жүргізу-дің жаңа түрлеріне өтуді ескере отырып агроэкожүйелердің фитосанитарлық тұрақтылығы теориялық негіздерін жетілдіру;<br>5. Су шаруашылығын оңтайлы басқару үшін методологиялық негіздерін, суландыру жүйесінде су көтеру ,<br>су тарату және суаруды, механизация-лау және автоматтан- | | | |

дырудың технологиясын, техникалық құралдарын, машиналарын және құрылғыларын әзірлеу;
6. Ормандарды және қорғаныс орман өсіру, ормантану және орман шаруашылығы теориялық негіздерін жетілдіру, сондай-ақ оларды техникамен қамтамасыз ету.
II. Ауыл шаруашылық өнімдерін қайта өңдеу және сақтау салаларын-да қолданбалы ғылыми-зерттеу жұмыстарды келесі 6 негізгі бағыттарда жүргізу, оның ішінде:
2 жаңа бағытта:
1. Экологиялық қауіпсіз ресурсты сақтандыру биотехнологиясын және қоршаған ортаны сақтауға арналған микроағзалардың генқорын қалыптастыру және сақтау;
2. Пайдалануға дайын жоғары дәрежелі азық өнімін және азық қосымшаларын құру.
4 жалғасушы бағытта:
1. Қайта өңдеу және тамақ өнеркәсібі үшін микроағзалардың генқорын қалыптастыру және сақтау;
2. Өсімдік және малдан шыққан ауыл шаруашылық шикізатын қайта өңдеу және сақтау бойынша қолда бар технологиялар мен технологиялық жабдықтарды жетілдіру;
3. Әр түрлі ауылшаруашылық малдар, құстар және балықтар түрлеріне арналған құрама азық және азықты қосымшаларын өндіру үшін тиімді технологияларын әзірлеу;
4. Көпшіліктің пайдалануы және болашағы төмендеу халықтың тобы, оның ішінде балалар мен қолайсыз экологиялық аудандардың тұрғындары үшін құрамы

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | емдеу-сақтандыруға бағытталған ұлттық өнімдерді және жаңа ұрпақтың денсаулық азықтарын құру. III. Мал шаруашылығы және ветеринарлық медицина саласында қолданбалы ғылыми-зерттеу жұмыстарын келесі 7 негізгі бағыттары бойынша жүргізу, оның ішінде: 5 жаңа бағытта: 1. Иммуногенетикалық мониторингті пайдалану негізінде ауылшаруа- шылық малдарының популяциясының және тұқымдарының генетика- лық құрылымын иммуногенетикалық талдау тәсілдері арқылы зерттеу; 2. Ауылшаруашылық малдарының және құстардың аз және құрып бара жатқан түрлері, тұқымдарын, сүлелерін, желілерін және кросстарының биоматериалдарын (эмбриондар мен гаметалар) банктерін жасау және жоғары өнімді, аса құнды генотиптерін жедел- детіп шығарудың мал өсіру бағытындағы биотехнологиясын жетілдіру; 3. Иммунологиялық және эпизоотологиялық мониторинг әдістеме- лерін әзірлеу және емдеу-профилактикалық, диагностикалық вакциналарды жасау, ауылшаруашылық малдарының және құстардың инфекциялық ауруларының қоздырғыштарының генетикалық және иммунобиологиялық қасиеттерін зерттеу; 4. Тиімді терапевти- | | |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | калық, емдеу-профилактикалық және дезинвазия құралдарын жаңа дәрілердің формалары мен препараттарын жетілдіру арқылы, сонымен қатар жергілікті өсімдіктер мен минералдарды пайдалану негізінде әзірлеу; 5. Ауылшаруашылық малдарының және құстардың инфекциялық, жұқпалы және жұқпайтын ауруларының диагностикалық, профилактикалық және терапиялық биопрепараттарын алудың биотехнологиялық әдістемелерін әзірлеу. 2 жалғасушы бағытта: 1. Отандық және әлемдік гендік қорды пайдалану арқылы ауыл шаруашылық малдарының, құстардың және балықтардың жаңа тұқымдарын, сүлелерін, желілерін, кросстарын шығару және бар малдардың асыл тұқымдық және өнімділік қасиеттерін арттыруды жетілдіру; 2. Экологиялық таза сиыр, қой, жылқы және шошқа еттерін өндірудің прогрессивтік технологиясын әзірлеу негізінде жергілікті аймақтарға қолайлы күтіп баптау және азықтандыруды ескере отырып оңтайлы технологиясын шығару. IV. Ауыл шаруашылығын механизацияландыру саласында қолданбалы ғылыми және тәжірибе-конструкторлық зерттеулерді 3 негізгі бағыттары бойынша жүргізу, соның ішінде: 1 жаңа бағытта: 1. Ауыл шаруашылық техникаларын жөндеу, ескірген тетіктерін қалпына келтіру және технологиялық қызмет көрсету үшін наноматериалдар пайдалану арқылы жаңа ресурс үнемдеу технологиялар мен | | | |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | құралдарды әзірлеу. 2 жалғасушы бағытта: 1. Егіншілік және мал шаруашылық салаларында баптау және малды ұстау жүйесінің аймақтық жағдайына қарап ресурс үнемдеу және бәсекелестікке төтеп бере алатын технологиялар және машиналар жүйесін әзірлеу, соның ішінде қайта қалпына келетін энергия көздерін пайдалану, ауылшаруашылық өнімдерін өңдеу; шалғайдағы фермерлік шаруашылықтарды энергия және сумен жабдықтау, еңбек және материалдық шығындарды үнемдейтін құралдарын әзірлеу. 2. Республикалық әр-қилы жер-климаттық жағдайына қарай отандық және шетелдік ауылшаруашылық техникаларын мемлекеттік сынау, сертификациялау және ұсыныстар әзірлеу. V. Ауыл шаруашылық экономикасы саласында қолданбалы ғылыми-зерттеулерді 5 негізгі бағыттар бойынша жүргізу, соның ішінде: 2 жаңа бағытта: 1. Агроөнеркәсіп кешенінің 2015 жылға дейін дамуының болжауын әзірлеу; 2. Қазақстан агроөнеркәсіп кешенінде аумақтық-салалық кластерлерді ұйымдастыру- экономикалық негіздерін қалыптастыру. 3 жалғасушы бағытта: 1. Ауылшаруашылықтың дамуының стратегиялық бағыттарын, қайта өңдеу жүйесінің және оның салаларының материалдық-техникалық | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | жабдықтау мен қызмет көрсетудің ғылыми негіздерін әзірлеу. 2. Ауыл шаруашылығы және агроөнеркәсіптік кешен құрылымдарын тиімді кооперациялау мен ықпалдастырудың, ауыл шаруашылығы өндірісі субъектілері классификаторлары жүйесінің экономикалық тетіктерін әзірлеу. 3. Ауыл тұрғындарының өмір сапасының индикаторларын қалыптастыру, ауылдық аумақтарды дамыту, еңбек қатынастарын, ауыл халқын оңтайлы орналастыру және жұмыспен қамтудың ғылыми негіздерін әзірлеу. VI. Мемлекеттік ғылыми-зерттеу экспертизасын өткізу қызметін өтеу. VII. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылық министрінің бұйрығымен бекітілген қаржыландыру ретіне және тізімге сәйкес, ғылыми жабдықтарды сатып алу үшін ғылыми-зерттеу ұйымдар мен С.Сейфуллин атындағы мемлекеттік агротехникалық университетінде капиталдық трансферттерді аудару. | | |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** : тікелей нәтиже: өсімдіктер мен жануарлардың кеңейтілген, зерттелген және құжатталған гендік қоры; ауыл шаруашылықтық, жеміс-жидектік және басқа дақылдардың, жануарлар, құстар, аралардың және балықтардың түрлері, бағыттары мен типтерінің жоғарыөнімді сорттарын және гибридтерін құру;
ауыл шаруашылықтық және басқа дақылдардың егіп өсірудің, орманды жасанды қалпына келтірудің экологиялық қауіпсіз және экономикалық орынды ресурстарды сақтаушы максималды технологияларын жасау және жетілдіру;
қолданбалы ғылыми-зерттеу және тәжірибе-конструкторлық жұмыстарды

агроөнеркәсіп кешенінің 33 приоритеттік бағыттарында, соның ішінде: 15 жаңа және 18 жалғасушы бағыттарында жүргізу;
ғылыми-зерттеу ұйымдарының:
343-ке жуық ғылыми жабдықтарды, соның ішінде 33 жасуша және молекулалық деңгейде жүргізілетін зерттеулерге арналған жоғары дәлдік жабдықтар, 254 - лабораториялық жабдықтар, 17 - микроскоп, 39 - өлшеуіш жабдықтарды;
68-ге жуық оргтехника, соның ішінде 65 - компьютер, 3 - офистік жабдықтарды;
106-ға жуық ауыл шаруашылық техникаларды, соның ішінде 44 - жер өңдеу және егіс жұмыстарға, 4 - астық жинауға, 8 - ауыл шаруашылық көліктерді, 32 - технологиялық және станоктік жабдықтарды, 18 - су техникасын сатып алуы.
Соңғы нәтижесі:
1000 басқа жуық жануарлардың және 100 нұсқаға жуық өсімдіктердің гендік қоры кеңейтіледі, зерттеледі және құжатталады;
ауыл шаруашылық, жеміс-жидек және басқа дақылдарының жоғарыөнімдік жаңа 54-ке жуық сорттары мен гибридтері шығарылады және мемлекеттік сынаққа жіберіледі;
ауыл шаруашылық жануарлардың, құстардың, араның және балықтардың 2 типтері мен 3 аталы іздері шығарылады;
6 жуық ауыл шаруашылық және басқа дақылдарын өңдеу экологиялық қауіпсіз және экономикалық маңызды, ресурс сақтайтын, барынша бейімделген технологиялар әзірленеді және жетілдіріледі;
3 орман қалыптастыру және орман көбейтудің жасанды технологиялары және 2 су ресурстарын басқару әдістері әзірленеді және 3 жануарларды, құсты, араны және балықты ұстау технологиялары жетілдіріледі;
2 өсімдік шаруашылығы және 3 мал шаруашылығы салаларына арналған ресурс сақтайтын және бәсекеге қабілетті технологиялар және машиналар әзірленеді және жетілдіріледі;
6-дан кем емес тамақтың жаңа таза өнімдерін өндіру технологиясы, 5-тен кем емес ауыл шаруашылығы өнімдерін сақтаудың және қайта өңдеу технологиялары әзірленеді;

қоршаған ортаны қорғау және ресурссақтайтын экологиялық қауіпсіздік технологияларда қолдану үшін микроағзалардың гендік қоры қалыптастырылады және 10 жуық жобалармен толықтырылады;
агроөнеркәсіптік кешені салаларында динамикалық дамуын қамтамасыз ететін 4-тен кем емес ғылыми әдістемелер, экономикалық және ұйымдастыру шаралары әзірленеді.
Қаржы-экономикалық нәтижесі: бір бағытта жүргізілетін қолданбалы ғылыми-зерттеу және тәжірибе-конструкторлық жұмыстың орташа құны 45212 мың теңгені құрайды.
Уақтылығы: жыл ағымында жасалған шарттарға сәйкес.
Сапасы: аймақтың сәйкес табиғи-климаттық жағдайлары кезінде қолданбалы ғылыми зерттеулерді және ғылыми-конструкторлық жұмыстарды жүргізу:

ауыл шаруашылық жануарлардың, құстардың, балықтың және араның жоғары өнімді тұқымдары, типтері мен аталық іздерін шығару арқылы мал шаруашылық өнімінің көлемін орташа 5-7% дейін көтерілуіне;
ауыл шаруашылық, жеміс-жидек және басқа дақылдардың жоғары өнімді сорттары мен гибридтерін шығару арқылы өсімдік шаруашылығы өнімінің орташа 15-20% дейін көтерілуіне;
ауыл шаруашылық жануарларының, құстың, балықтың және араның ресурс және энергия сақтайтын баптау және көбейту технологияларын әзірлеу арқылы малшаруашылық өнімін өндіруінің тиімділігі 3-4% дейін көтерілуіне;
егін шығымдылығын өсуінің 5-10% дейін, еңбек шығынның 20% дейін, жағар-жанар май материалдарының шығынын 30% дейін төмендеуін қамтамасыз ететін ауыл шаруашылық және басқа дақылдардың экологиялық қауіпсіз және экономикалық жөнділік, ресурс сақтайтын, барынша бейімделген өсіру технологияларды әзірлеу арқылы егіншілік және өсімдік шаруашылығы саласының өнімінің өндірудің тиімділігінің көтерілуіне;
су ресурстарын басқаруының әдістерін әзірлеу арқылы су және жер ресурстарын қолдану тиімділігін 15-20% дейін көтерілуі қамтамасыз етуіне;
агроөнеркәсіп кешенінің салаларына арналған ресурс сақтайтын жүйелерін, технологияларын және машиналарын шығару арқылы ауыл шаруашылық өнімін өндіретін және қайта өңдейтін кәсіпорындарының өнімділігін қамтамасыз етуіне себепші болады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2005 жылғы 12 желтоқсандағы
N 1235 қаулысына
118-ҚОСЫМША

**212 - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі**

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2006 жылға арналған
"Ауыл шаруашылығын институционалдық дамыту"
деген 043 республикалық бюджеттік бағдарламаның
**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 25241571 мың теңге (жиырма бес миллиард екі жүз қырық бір миллион бес жүз жетпіс бір мың теңге).

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 19 қаңтардағы "Астық туралы" заңының 4, 6, 10-баптары ; Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі "Агроөнеркәсіп кешені және ауылдық аймақтардың дамуын мемлекеттік реттеу туралы" Заңының 9 және 10-баптары ; Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 10 шілдедегі N 1149 " 2004-2010 жылдарға арналған Ауылдық аймақтарды дамыту мемлекеттік бағдарламасы

туралы" Жарлығы ; Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 25 қаңтардағы N 237 "Аграрлық секторды кредиттеу туралы" қаулысы; Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылдың 27 сәуіріндегі N 470 "Астық қолхаттарының міндеттемелерін орындауда кепілдеме жүйесіне байланысты кейбір сұрақтар туралы" қаулысы ; Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 19 тамыздағы N 858 "Тоқыма өнеркәсібі" пилоттық кластерін дамытудың кейбір мәселелері туралы" қаулысы ; Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 30 маусымдағы N 654 "АКК-ның 2006 -2010 жылдарға тұрақты дамуының Концепциясын іске асырудың бекітілген жоспарлар шарасы туралы" қаулысы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : Аграрлық азық-түліктік секторының тиімді жүйесін қалыптастыру, рыноктік тетіктерін пайдалану негізінде, агроөнеркәсіп кешенінің бюджеттік қаражаттарын инвестициялау.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : ауылдық кредиттік серіктестіктер желісін дамыту;

агроөнеркәсіп кешенінің экспорт және импорт өндірісінің бәсекелестігін кредиттеу жүйесін дамыту жолымен дамыту;

агроөнеркәсіптік кешен субъектілерін лизинг негізінде қазіргі заманғы және жаңа ауыл шаруашылығы техникасымен, арнайы техникамен және технологиялық жабдықтармен қамтамасыз ету, сондай-ақ ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу бойынша жабдықтарды сатып алуды қаржыландыру;

Агротехникалық іс шараларды уақытында өткізу мақсатында көктемгі егіс және орақ жұмыстарын қаржыландыру;

Оңтүстік-Қазақстан облысында мақтаны қайта өңдейтін зауыт құру, Баку портында астық терминалын құру және жабдықтау;

Астық рыногын кеңейту;

Ақтау портында астық терминалын дамыту;

Мал шаруашылығы өнімін өндіру, қайта өңдеу, сатып алуды ұйымдастыру және оның қайта өңделген өнімін сату, олардың бәсекелестігін арттыру;

астық қолхаттары бойынша міндеттемелерді орындауға кепілдік берудің көлемін арттыру;

экономикалық белсенді ауыл халқына шағын кредиттің жүйесін ұйымдастыру.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N п/п | Бағ-дар-лама коды | Кіші бағ-дар-лама коды | Кіші бағдарла-малардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындау-шылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | | 7 |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | 6 | |
| 1 | 043 | | Ауылшаруашылығын институционалдық дамыту | | | |
| 2 | | 100 | Ауыл шаруашылығы өндірісінің кредит беру жүйесін ұйымдастыру | "Аграрлық несие корпорациясы" АҚ жарғылық капиталын заңмен белгіленген тәртіпте ұлғайту жөніндегі шаралар: облыстардан өтініштер келіп түсуіне қарай қосымша 10 ауылдық кредит серіктестігін (АКС) құруға қатысу. Құрылатын ауылдық кредит серіктестіктердің жарғылық капиталындағы "Аграрлық несие корпорациясы" АҚ қатысу үлесі бастапқы кезеңде жарғылық капиталдың жалпы көлемінен кемінде 35 пайызды құрауға тиіс; ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдейтін ауыл шаруашылығы өндірісі мен өнеркәсібіне ауылдық кредит серіктестіктер жүйесі арқылы кредит беру; ауыл шаруашылығы өнімдерін дайындау, қайта өңдеу, сақтау және өткізу бойынша инфрақұрылымға кредит беру. | Қаңтар-желтоқсан | Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі |
| 3 | | 101 | Ауыл шаруашылығы өндірісіне техникалық қызмет көрсету жөніндегі инфрақұ- | "ҚазАгроҚаржы" акционерлік қоғамның жарғылық капиталын, кейіннен лизингке беру үшін ауыл шаруашылығы техникасын, технологиялық жабдықтарды, арнайы техниканы, сондай-ақ АӨК субъектілеріне арналған ауыл | Қаңтар-желтоқсан | Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | рылымды ұйымдас-тыру | шаруашылығы өнімін қайта өңдейтін жабдықтарды сатып алуды қаржыландыру үшін ұлғайту. | | министр-лігі |
| 4 | | 102 | Өсімдік шаруа-шылығы өнімдері рыногының өндірісін және оны дамытуды қолдау | "Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы" АҚ жарғылық капиталын ұлғайту | Қаңтар-жел-тоқсан | Қазақстан Республи-касы Ауыл шаруашы-лығы министр-лігі |
| 5 | | 103 | Мал шаруа-шылығы өнімін өндіруді, өңдеуді және іске асыруды қолдау | "Мал өнімдері корпорациясы" жабық акционерлік қоғамының жарғылық капиталын заңнама белгіленген тәртіпте ұлғайту:<br>- мал өнімдерін сатып алуды ұйымдастыру өткізу және импортты алмастыратын мал өнімдерін өндіру, өңдеу, тасымалдау, сақтау және ішкі және сыртқы рыноктарда мал өнімдерін, оның өңделген өнімдерін сату, қалыптастыру. | Қаңтар-жел-тоқсан | Қазақстан Республи-касы Ауыл шаруашы-лығы министр-лігі |
| 6 | | 104 | Астық қолхат-тары бойынша міндетте-мелердің орын-далуын қамта-масыз ету | Астық қолхаттары бойынша міндеттеме-лерді орындауға кепілдік беру көлемін ұлғайту үшін "Астық қолхаттары бойынша міндеттемелерді орындауға кепілдік беру қоры" акционерлік қоғамының жарғылық капиталын көбейту. | Қаңтар-жел-тоқсан | Қазақстан Республи-касы Ауыл шаруашы-лығы министр-лігі |
| 7 | | 105 | Ауыл халқына шағын-кредит беру жүйесін ұйым-дастыру | "Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры" АҚ-ның (бұдан әрі - Қор) жарғылық капиталын:<br>ауыл халқына шағын кредит беру; ауыл халқына кәсіпкерлік негіздерін оқытуды ұйымдастыру және Қордың кадрларын даярлау және қайта даярлау;<br>қордың материалдық-техникалық базасын дамыту (кеңсе | Қаңтар-жел-тоқсан | Қазақстан Республи-касы Ауыл шаруашы-лығы |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | бөлмелерін, оргтехниканы, кеңсе жиһазын, автокөлікті сатып алу, бағдарламалық өнімді сатып алу және қондыру) үшін заңнамада белгіленген тәртіппен ұлғайту. | | министрлігі |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** : Ауыл шаруашылығы өндірісіне кредит беру жүйесін ұйымдастыру:
Тікелей нәтижелер:
- ауыл аудандарын мейлінше толық қамту үшін ауылдық кредит серіктестіктері желісін 10 бірлікке ұлғайту;
- жеңілдігі бар кредит ресурстарымен қамтамасыз етілген ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді және ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу бойынша кәсіпорындарды 15%-ға ұлғайту.
Соңғы нәтижелер:
- ауылдық кредит серіктестіктері жүйесін әрі қарай дамыту үшін жағдай жасау және жеңілдігі бар кредит ресурстарымен қамтамасыз ету;
- ауыл шаруашылығы өнімдерін дайындау, сақтау, қайта өңдеу және өткізу бойынша кооперативтерге жеңілдікпен кредит беру арқылы инфрақұрылымды көтермелеу;
- ауыл шаруашылығы өнімдерін сатып алу нарығында бәсекеге қабілетті орта құру және өндірілген ауыл шаруашылығы өнімдерін өткізуге кепілдік үшін жағдай жасау;
- ауыл шаруашылығы өнімдерін дайындау, қайта өңдеу, сақтау және өткізу бойынша инфрақұрылым субъектілеріне кредит беру арқылы экономиканың аграрлық секторына оңтайлы мемлекеттік қолдау көрсету.
Қаржы-экономикалық нәтижесі:
- ауылдық кредит серіктестіктеріне және ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер бірлестіктеріне берілетін кредит ресурстары бойынша сыйақы ставкасының пайызын азайту;
- келесі бағыттар бойынша бюджеттік қаражатты игеру жоспарын орындау:
- 10 ауылдық кредит серіктестіктерінің жарғылық капиталына қатысу - 52,5 млн. теңге;
- ауылдық кредит серіктестіктеріне кредит беру - 5347,5 млн. теңге;
- ауыл шаруашылығы өнімдерін дайындау, қайта өңдеу, сақтау және өткізу бойынша инфрақұрылымға кредит беру - 3541,571 млн. теңге.
Уақыттылығы:
- 2006 жылғы желтоқсанның соңына дейін қосымша 10 ауылдық кредит серіктестігін құру;
- 2006 жылғы қыркүйектің соңына дейін ауылдық кредит серіктестіктері жүйесі арқылы ауыл шаруашылығы өндірісіне және ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіретін өнеркәсіпке кредит беру;

- 2006 жылғы қарашаның соңына дейін ауыл шаруашылығы өнімдерін дайындау, сақтау, қайта өңдеу және өткізу бойынша инфрақұрылымға кредит беру.
Сапасы:
- тиімді ауылдық кредит серіктестіктері желісін құру;
- импорттық ауыл шаруашылығы өнімдері үлесін азайту және экспорт үлесін ұлғайту.
Ауыл шаруашылығы өндірісіне техникалық қызмет көрсету жөніндегі инфрақұрылымды ұйымдастыру:
Тікелей нәтижелер:
- машина-трактор паркін 4,9% жаңарту;
- ауыл шаруашылығы өнімін қайта өңдеу бойынша бәсекеге қабілетті өндірісті құру;
- қосымша жұмыс орындарын құру;
- нақты және моральдік тұрғыдан ескірген машина-трактор паркін 0,5% қысқарту.
Түпкілікті нәтижелер:
- қазақстандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер өнімінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру;
- егіншілік дақылдарын және өндірілетін өнім сапасын арттыру;
- отандық тауарлардың сапасын және бәсекеге қабілеттілігін жақсарту есебінен ауыл шаруашылығы қайта өңдеу өнімдерінің импорт алмастыру деңгейін арттыру.
Қаржы-экономикалық нәтижесі:
- өсірілетін ауыл шаруашылығы дақылдарын өндірудің және өнімділіктің көлемін арттыру;
- жоғары технологиялық техниканы қолдану есебінен өнімді жинау кезіндегі болатын шығындарды төмендету;
- ауыл шаруашылығы өнімін қайта өңдеу саласында жаңа технологияларды дамыту;
- жаңа жоғары өндіргіш ауыл шаруашылығы техникасын және жабдықтарды қолдану есебінен еңбек өнімділігін арттыру;
- аграрлық сектордың машина-трактор паркін ауқымды жаңарту және оған техникалық қызмет көрсету (кепілдік және кепілдіктен кейінгі) бойынша тұрақты қызмет ететін және тиімді инфрақұрылымды құру.
Уақыттылығы:
- ауыл шаруашылығы техникасы тиісті ауыл шаруашылық агротехнологиялық операцияларды іске асырудың басталуына жеткізіледі.
Сапасы:
- техниканы және жабдықтарды АӨК қаржылық тұрақты субъектілеріне ғана беру мүмкіндігінің болуы;
- техника және жабдықтар АӨК субъектілерінің қажеттіліктеріне сәйкес сұранымдар бойынша жеткізіледі;
- ауыл шаруашылығы техникасын және жабдықтарды сатып алу, негізінен, тікелей өндіруші зауыттарда нарықтық бағалардан төмен бағамен және кепілдік қызметпен

сатып алынады.
Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы АҚ жарғылық қорын ұлғайту:
Тікелей нәтижелер: көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізуді қамтамасыз ету, Баку портында қазіргі заманға сай астық қабылдау терминалын салу, " Ақ-Бидай-Терминал" АҚ мүліктік кешенін банк кепілдігінен сатып алуды жүзеге асыру , Оңтүстік Қазақстан облысындағы қазіргі заманға сай мақтаны қайта өңдеу зауытын салуды бітіру.
Соңғы нәтижелер: Ақтау, Баку порттарындағы астық терминалдарының болуы теңіз жолымен каспий жағасы өңіріндегі елдерге және олар арқылы Грузияға, Молдаваға және европа елдеріне астық жеткізу кезінде астықты үздіксіз арту мүмкіндігін қамтамасыз етеді, қазақстандық астық экспортерларының мүмкіндіктерін кеңейтеді, Қазақстан Республикасы экономикасындағы бүкіл астық секторының тұрақтануына және дамуына мүмкіндік туғызады. Мақта зауытының құрылысы тоқыма және тамақ өнеркәсібін жоғары сапалы мақта талшығымен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді, бұл әлемдік рынокта бәсекеге қабілетті жоғары қосылған құнды экспорттық өнімді сату көлемінің өсуіне мүмкіндік туғызады.
Қаржы-экономикалық нәтижесі:
1. Ауыл шаруашылығы дақылдарына көктемгі дала және егін жинау жұмыстарын жүргізуді 2,5 млрд. теңге көлемінде қаржыландыру ауыл шаруашылығы тауар өндірушілеріне 298,44 мың га жерге егін егуге және өнімділігі 10 ц/га болған жағдайда 298,44 мың тонна астық алуға мүмкіндік береді;
2005-2008 жылдар үшін ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінен алынған процент сомасын есепке ала отырып 2007, 2008 жылдар аралығында жыл сайын қаржыландыру сомасын 5000000 мың теңгеге өсіру, "Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы" АҚ ( бұдан әрі - Корпорация) көктемгі дала және егін жинау жұмыстарын қаржыландыруға бағытталатын ақша қаражаттары сомасын 12853063 мың теңгеге дейін, ал ауыл шаруашылығы тауар өндірушілеріне 2008 жылы 1534,3 мың тонна астық дақылдарын жинауға мүмкіндік береді.
2. Баку портындағы астық қабылдау терминалының құрылысы мен жабдықталуын 0,4 млрд. теңге сомасында қаржыландыру әзірбайжан жағымен бірлескен кәсіпорынға Корпорацияның 50%-қатысуын қаржыландыруға мүмкіндік береді. Баку портындағы терминалды салуға қатысу Ақтау және Баку порттарындағы астық терминалдарын бір көлік жүйесіне келтіруге мүмкіндік береді, бұл Әзірбайжан, Грузия және Түркия рыноктарында қазақстан астығының позициясын орнықтыру мен күшейту үшін жағдай туғызады.
3. "Ақ-Бидай-Терминал" АҚ мүліктік кешенін банк кепілдігінен 1,1 млрд. теңгеге сатып алу Ақтау портындағы астық терминалының жыл сайынғы астық арту көлемін 475 мың тоннаға дейін өсіруге, ал 10 жыл ішінде шамамен 3610 мың тонна астық артып, шамамен 1183890 мың теңге сомасына дейін аккумулятивтік таза пайда алуға

мүмкіндік береді.
4. Мақтаны қайта өңдеу зауытын құруға 1,0 млрд. теңгеге қаржыландыру. Осы жобаны іске асыру нәтижесінде жылдық қуаты 60 мың тонна шитті мақтаны қайта өңдейтін қазіргі заманғы мақта тазалау зауыты құрылады, ол болашағында мақтаны қайта өңдеу рыногының 13% алуы мүмкін.
Уақыттылығы:
1. Көктемгі дала және егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін отандық ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерін қаржыландыру.
Корпорацияның жарғысына республикалық бюджеттен түскен 2500000 мың теңге көлеміндегі ақша қаражаттары көктемгі дала және егін егу жұмыстарын жүргізу мақсатында ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерін қаржыландыру үшін мынадай кестеде пайдаланылады:
жыл сайын 1 мамырға дейін - ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінің тізімін жасау және облыстық әкімдіктердің жұмыс топтарымен келісу;
жыл сайын 1 шілдеге дейін - қаржыландыруға және ағымдағы жылдың қыркүйек-қараша айларында астық жеткізуге келісім-шартқа отыру;
жыл сайын 1 тамызға дейін - екінші деңгейлі банктердің және Корпорациямен анықталған ұйымның кепілдеме міндеттемелерінің кепілдігімен ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерін қаржыландыру.
Көктемгі дала жұмыстарына бөлінген бюджеттік қаражаттар игерілмеген жағдайда Корпорация қалған қаражаттарды 2006 жылдың егін жинау жұмыстарына кредит беруге бағыттайды.
2. Ақтау портындағы астық терминалының одан әрі дамуын қамтамасыз ету.
Корпорацияның жарғысына түскен 1100000 мың теңге мөлшеріндегі ақша қаражаттары , оны алынған күннен бастап бір тоқсан ішінде "Ақ-Бидай-Терминал" АҚ жарғылық капиталын көрсетілген сомаға ұлғайту жолымен Ақтау теңіз портындағы астық терминалының одан әрі дамуына, айналым құралдарын толықтыруға және жабдықтауға бағытталатын болады.
3. Баку портындағы терминал құрылысы.
Корпорацияның жарғысына түскен 400000 мың теңге мөлшеріндегі ақша қаражаттары теңіз портындағы астық қабылдау терминалының құрылысына және жабдықтауға құрылыс кестесіне сәйкес бағытталатын болады.
4. Мақтаны қайта өңдеу зауытын салуды қаржыландыру.
Ауыл шаруашылығы институтционалды дамуы:
Тікелей нәтижелер:
ауыл шаруашылық өндірушілеріне, ауыл тұрғындарына және өңдеу өнеркәсіптеріне, қызмет көрсетуді ұлғайту және жаппай өндіру кезеңінде мал өнімдерін дайындауды және өңдеуді төмен бағамен жүзеге асыру;
маусымаралық кезеңде терең өңделген өнімдерге нарық бағаларын тұрақтандыру және

жанама түрде реттеу, тұрғындардан сатып алуды максималды түрде ұйымдастыру және ішкі нарыққа және экспортқа мал өнімдерін сату көлемін ұлғайту.
Соңғы нәтижелер:
аграрлы өнеркәсіп кешені малшаруашылық секторының, бәсекеге қабілеттігін тиімділігін дамыту және арттыру.
Қаржы-экономикалық нәтижесі:
осы бағдарлама бойынша бюджеттік қаржының бөлінуі мал өнімдерін сатып алуды екі есеге ұлғайтады және мал өнімдерінің экспорттық потенциалын көтереді;
импортты алмастыратын өңделген мал өнімдерін өндіруді өсіру.
Уақыттылығы: мал өнімдерін сатып алуды және өндірістік өңдеуді 2006 жылдың желтоқсан айына дейін ұйымдастыру;
